

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№1 (158),
ҚАҢТАР
2018 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев –
т.ғ.д. акад.; Б.Аяған, Т.Омарбе-
ков, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбай,
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина –
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен – п.ғ.к.

С.Әбішқызы – тұңғыш
бас редактор. Б.Матекова –
ұстаз-әдіскер. Д.Игенбаева,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева
– озат ұстаздар.

Басуға 15.01.2018 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108^{1/16}.
Шартты б.т. – 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1590.
Индексі – 75748.
Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
ИП "Акимбаевта" басылды.

Ғылыми-теориялық
мақала авторлары, орысша,
ағылшынша түйін және магис-
транттар тарихшы доктор-
лардан жазбаша пікір ұсынуға
міндетті. Мақаланың ғылы-
ми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың бай-
лам-тұжырымдары редакция
көзқарасымен сәйкеспейі де
мүмкін. Көшіріп басылса не
пайдаланылса, сілтеме жаса-
луы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Икрам Жұбаниязов. Оғыз ру-тайпа қауымы.....	2
Нұрсан Әлімбай. Қазақ қоғамындағы паракорлық пен сыбайлас жемқорлықтың антропологиясы: генезисі, эволюциясы.....	5
Айгүл Әбділдабекова, Эльмира Телеуова. Орталық Азия көшпелілері.....	13
Бегайым Салықбаева, Әбділдабек Салықбай. "Қазақ тарихы" журналы және қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесі мәселесі.....	16
Зәмзәгүл Сабданбекова. Алаш арысы – Қабыш Бердалин.....	21
Анар Кәрімова. Қызыл қырғынның құрбаны (Зында Шорманов хақында).....	23
Айгүл Әбдешбек. Алаш зиялыларының озық ойлары.....	26
Бауыржан Еңсепов. Түркістан мұсылман халық университеті.....	27
Аққали Ахмет, Төре Паңгерей. Атырау облысының мәдени өмірі.....	29
Болат Сайлан. Еділ бойындағы ерлік.....	31
Талгатбек Аминов. Инвестиционная политика Казахстана.....	34
Майра Тойғанбекова, Рахила Наралиева. Мағзұм Тиесов – балалар жазушысы.....	37
Аякөз Ниязбек. XX ғасырдағы орыс революциялары.....	39

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Бақтыгүл Матекова. Кәсіби шебер ұстаз.....	41
Бибігүл Жұмағазы. XIV-XVI ғғ. Ноғай ордасы және Батыс Сібір.....	42
Мөлдір Жұмашева. Сақтар.....	43
Айымкүл Қасымбекова. XI-XV ғасырларда құрылған мемлекеттер.....	44
Ақылхан Хамитқожаева. 1986 жылғы желтоқсан оқиғалары.....	45
Гүлшара Серікбаева. Тәуелсіз Қазақстанның Ата Заңы.....	46
Зурахан Мылтышева. Қазақ философиясының қалыптасуы мен ерекшеліктері.....	47

ОҒЫЗ РУ-ТАЙПА ҚАУЫМЫ: ыдырау үдерісінің жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастарды қалыптастыруы

Икрам ЖҰБАНИЯЗОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Болашақ университетінің доценті

VII-IX ғасырларда оғыздарда ру-тайпалық қарым-қатынастар ыдырап, ерте феодалдық қоғам қалыптаса бастады. Мемлекеттілікке көшу қарсаңында оғыздар шаруашылығында ерте феодалдық қоғамның алғышарттары кешенді түрде қалыптасып, ол ру-тайпа қауымындағы қатынастарды ыдыратуда шешуші фактор болды. Шаруашылықтағы еңбек өнімділігінің өсуі, өндірістің дамуы артық өнімнің пайда болуына әсер етті. Бұл бір адамның өндірген артық өнімін екінші адамның иеленуіне мүмкіндік берді. Сонымен қатар, өсіп отырған өнім мен қоғамдық еңбек бөлінісі айырбас үшін арнаулы өнім – тауарды шығаруға мүмкіндік жасады. Егер рулық қауым кезінде бүкіл өнім ынтымақтаса отырып өндірілсе, енді жеке меншіктің пайда болуына байланысты ондай мүмкіндік болмады. Себебі «қауымға еңбек бөлінісі еніп, оның мүшелері әрқайсысы жеке, қандай да болсын бір өнімді өндіріп және оны рынокта сатумен шұғылданған кезде енді тауар өндірушілердің осы материалдық оқшаулануының нәтижесі «жеке меншік институтқа» ұласты» [1,170]. Ендігі жерде оғыз қоғамында «байлық тез көбейді, бірақ жеке адамдардың байлығы ретінде көбейді» [2,163].

Оғыздар шаруашылығының барлық саласында жеке меншіктің қалыптасуы рулық қауымдастықтағы ескі және жаңа қатынастар арасында өшпес қайшылықтар туғызды. Өмірге жаңа келе бастаған жеке меншік рулық қауымдастықтағы ұжымдық дәстүрге үлкен кедергілер әкелді. Жеке жанұяларда жиналған артық натуралдық түрдегі өнім немесе қорға айналдырған түрі алғашқы қауым дәстүрінің заңдылығына жиіркенішті болды. Сондықтан да дәулеттілерден өнімді қалай болғанда да мүлкісідермен бөлісу талап етілді. Байып кеткен немесе бау үстіндегі адам егер өзінің артықшылығынан айырылғысы келмесе, көл-көсір той жасаған, туыстарына, көрші және қонақтарына сый-сыяпат беруге, мұқтаж жандарға көмек көрсетуге тиісті болған. Себебі сараң бай рулық қауым мүшелерінің арасында тек беделінен ғана емес, сондай-ақ мүлкінен де айырылып қалатындай жағдайда болған [3]. Кейбір жағдайларда жиналған қор әскери басшыда да сақталған. Мысалы, оғыз батыры Қазанның өзінде сақталған ру-тайпа қауымының мол табысын ішкі және сыртқы оғыздар бөліскен немесе көсемнен ханға айналған Байындыр хан (Оғыз хан) сияқтылар жылына бір рет көл-көсір той жасаған. Мұндай психология, яғни жиналған байлықты жұрт алдында шашу таптар қалыптасу дәуірінде кең таралған әдет-ғұрып болған [3]. Сондай-ақ оғыз бегі Дерсе ханға әйелінің: «Ішкі оғыздарды, тысқы оғыздарды жи; аш көрсең тойдыр, жалаңаш көрсең

киіндір; борыштыны борышынан құтқар; төбедей қылып ет үй, көлдей қылып қымыз саудыр; ұлы той жаса» [4], – деген кеңесі рулық қауым ыдырап, топтық қоғамның қалыптасу барысындағы талаптарға сай екендігін аңғартады.

Ру-тайпа қауымындағы әр түрлі басшылар өз ұжымының байлық қорын иелену арқылы және бұл байлықты басқару арқылы қауым мүшелеріне өздерінің ықпалын арттыруға мүмкіндік алды. Сол сияқты қауым арасынан бөлініп шыққан үстем топтар қауым мүшелеріне өздерінің үстемдігін көрсете бастады. Мысалы, оғыз ру-тайпа қауымынан бөлініп шыққан «Дұқа-Қожа бұлақ суы үстінен көпір салып, оның үстінен өткендерден отыз үш манат алып отырған, көпірден өтпегендерді ұрып-соғып, қырық манаттан алған» [4]. Бұл шын мәнінде феодалға дейінгі немесе патриархалдық-феодалдық қатынастардың қалыптасуы еді. Себебі рулық қауым ықпалында жеке меншіктің күшті дамуы мен дәулеттілер тобының шығу үдерісі қарқынды болғандығын аңғартады.

Ру-тайпа қауымындағы жеке меншіктің пайда болуынан барған сайын қоғамның және мүлкінің дифференциялануы айқындалды. Жеке меншіктің және артық өнімнің пайда болуы тек қоғам мен мүлкі дифференциясын ғана күшейтіп қойған жоқ, сонымен қатар қанаушылық пайда болды. Байлық пен бауға құмар адамдар соғыс арқылы тез арада мол табыстарға қол жеткізіп отырды. «Соғыс және соғыс жолындағы ұйым енді халық өмірінің ұдайы үзілмейтін міндетті қызметі болды. Бұрын соғыс тек шабуыл жасағанына бола өш алу үшін немесе жеткіліксіз болып қалған жерді кеңейту үшін ғана жүргізілсе, енді тек тонау үшін ғана жүргізіледі және тұрақты кәсіпке айналды» [2]. Мысалы, оғыздар Хасар қаласын тонап, «құстың қызыл қаны, матаның тазасы, қыздардың сұлуы, тоғыз етек өшекейлі көйлек, торқалы тон Байындыр хан (Оғыз хан) үлесіне берілді» [4]. Тонаушылық соғыстары жоғарғы әскербасының, сол сияқты оған бағынатын әскер басшыларының өкіметін күшейте түсті. «Қорқыт Ата кітабының» мәліметі бойынша, оғыз ру қауымынан Бегілбектің ұлы Еміреге соғыста жауын жеңіп, ел-жұртын тонап келгені үшін, әкесі сый ретінде «қарсы жатқан Қаратаудан жайлау берді, қара айғырлы жүйріктерден бір үйір жылқы, ақтылы қойдан шүпен берген» [4]. Әкесі берген сыйлыққа қоса Байындыр хан (Оғыз хан) «көп сыйлық пен сырмалы көйлек кигізген» еді. Демек, мұндай жағдайлар қауым ішінде жіктелу үдерісімен қатар билік өкілдерінің жедел бөлектенуіне әсерін тигізіп отырды. Ру-тайпа қауым ішіндегі жіктелу

үдерісінің негізінде жаңа қалыптасқан топ өкілдері бұрынғы көсемдерді ығыстырып, олардың орнын басып, биге, патшаға, ханға айнала бастады. Оның жақын туыстары мен өзге көмекшілері орталықта ақыл-кеңес берушілерге айналып, шет аймаққа жіберілген басқарушылар өздерінің штаттарымен мемлекеттің қызметін атқарды. Жасақтары әскерге айналып, олардың көмегімен мемлекетке қарсылық көрсеткендер жазаланды, қорғаныс және жаулау соғыстары үнемі жүргізіліп отырды. Бірақ ендігі жерде оғыздар қоғамында бұрынғы әскери демократия дәуіріне тән билік органдары – көсем жиналысы, ақсақалдар кеңесі, ру-тайпа көсемдері сақталғанмен, түбегейлі өзгерістерге ұшырап, ақырын-ақырын өзінің маңыздылығын жойды. Кей кездері халық жиналысы шақырылған жағдайда ең басты рөл атқаратын оғыз ақсүйектері болды. *Оғыз елі жаңа ханды сайлауға бірі қалмай халық жиналысына қатысқан.* Дана Қорқыт атаның ұсынысымен Әрки хан уақытша басқаруға сайланды. Көп ұзамай Оғыз елі Қорқыт атамен ақылдаса отырып, Қараманды бас хан етіп тағайындап, ал Әрки хан оның орынбасарлығына сайланды [3]. Осы және басқа да оқиғаларда халық шын мәнінде хан сайлауына қатысқанымен, мемлекеттің маңызды мәселесін шешуде ақсүйек рөлі басым болғандығы аңғарылады. Сонымен *«көп жағдайда нақ көсемді, мемлекетке дейінгі билікті ұйымдастыру саяси немесе мемлекеттік басқарумен аяқталып отырған»* [5].

Оғыздар халықтың ру-тайпа белгісімен емес, аумақтық принцип негізінде бөлінді. «Жами-ат тауарих» мәліметінше, оғыздар екі үлкен бірлестікке бөлініп, бұзық және ұшық болып аталған. Рашид ад-Дин мәліметінде бұзықтар әскери басқаруда оң қанатқа және ұшықтар сол қанатқа кіргені жайлы айтылған, оң қанатқа (бұзық) – қайын, баят, алқа әулі, қара әулі, языр, дүкір, додұрға, баярлы, аушар, қынық, бикдили, қарқын; сол қанатқа (ұшық) – баяндар, бичене, шәуілдір, чекин, салыр, имур, олайонты, узкид, байчук, иива, қынық болған [5]. Байындыр хан (Оғыз хан) үлкен үш ұлына оң қанатты (бұзық) және кіші үш ұлына сол қанатты (ұшық) басқаруға берген. Олардың өздеріне бекітілген жайылым өрісі және пайдаланатын жерлері де болған. Тақты және патшалықты, саяси билікті үлкен ұлдарына және олардың ұрпақтарына қалдырған. Оң қанаттағы бұзықтардың ұшықтарға қарағанда артықшылығы болған. Рашид ад-Диннің дерегі бойынша, оғыздардың жоғарғы ханы тек бұзықтардан сайланған [5]. **Сонымен оғыздарда территориялық жүйе бойынша ұйымдастырылып аймақтарға бөлшектену болған. Оғыздардың аймағы әр түрлі өзге этникалық бірлестіктерден тұрғандығына қарамастан, олар белгілі территорияда көшіп-қонып, жайылым жерлерін бірігіп пайдаланды.**

Таптар қалыптасуы барысында бұрынғы ру-тайпалық қауым кезіндегі бұзықтар мен ұшықтар арасындағы қандас-туыстық одақтастық сипатындағы қарым-қатынастар бірте-бірте жойыла бастады. Есесіне оғыз еліне сырттан келген түркі тілдес этникалық бірлестіктер мен өзге этнос өкілдері көбейіп отырды. Оғыз қоғамында бұзықтардың құқығы шексіз болғандықтан, олар жасаған кейбір іс-әрекеттеріне жауап бермеген. Сондықтан да қоғам тәртібін жиі бұзған оларды тұрғындар тентектер немесе бұзық-

тар деп атап отырған. Таптар қалыптасу кезінде оғыздар қоғамындағы жіктелу үдерісі бұрынғыдан бетер тереңдеп, мемлекеттілікке өтудің кешенді түрде алғышарттары жасалды. Нәтижесінде үстем таптардың мүддесін қорғау мақсатында мемлекеттің пайда болуына алып келді. Халықтың әскери көсемі қажетті, тұрақты қызмет адамына – ханға айналды. Өз қолдарында әскери және азаматтық қызметтерді біріктіріп ұстайтын шенеуніктердің орасан зор жүйесі – бектер, әмірлер, иналдар мен тархандар қызметтері хан өкіметін күшейте түсті. Сөйтіп, *«хан өкіметін мирасқа айналдыру, асыл тектілер мисасқорлығының негізі қаланды»* [2].

Хандардың ханы – Байындыр хан (Оғыз хан) Оғыз мемлекетінің басқару органдарын жетілдіріп, құрамын жақсартып отырған. Оғыз мемлекетінің жоғарғы органы – ұлы және кіші құрылтай жиналысына қатысушылардың құрамына үлкен мән берілді. Ұлы құрылтай жиналысында жоғарғы хандарды сайлаумен қатар мемлекеттің өте маңызды, өзекті мәселелері қаралды. Мемлекеттің шекарасын нығайту немесе салық жинауды тәртіпке келтіру басты назарда болды. Мысалы, мемлекет шекарасын күзету ішкі оғыз батыры Емірге міндеттелген сөтте *«Қорқыт Ата қымбат қылышты оның беліне байлап, шоқпарды иығына, садақты қарына іліп, тоғыз тумен Күржістан (Грузия) шекарасына қарауылдық жасауға жіберілген»* еді. Сондай-ақ Байындыр хан (Оғыз хан) ішкі және сыртқы оғыздарды қосып жинаған жиналысында Күржістаннан (Грузия) келген салықтың аздығына қатты налыған еді. Сол кезде Қорқыт Ата: *«Хан ием, неге ренжіп отырсың?»* – деп сұрағанда: *«Қалай ренжімейін, жыл сайын алтын ақша келетін. Оны жігіттерге, бектерге таратып беретінбіз, сонымен олардың көңілі қош болатын. Ал енді мыналарды кімге береміз?»* деген еді. Демек, оғыз қоғамында фискалдық салық жүйесінің пайда болуы – бұл мемлекетте тұрақты басқару аппаратының болғандығының дәлелі.

Билік басында отырған жоғарғы топтағы оғыздар арасында басқа да белгілі адамдардың әр түрлі құрметті және лауазымды атақтары болған. Олардың ішінде оғыздар қоғамында ерекше орны бар **бектер** едәуір билік пен құдіретке ие болған. Атап айтсақ, *ұлық-бектер, беглер-бектер, думдар-бектер, чагда-ұл-бектер, түмен-бектер, бой-бектер.* Бектің атағы әкеден балаға мұраға қалдырылған. **Ұлық-бек** атағын ерекше еңбек сіңірген адамдарға бас хан (қаған) тапсырған. Бұл құрметті атақпен марапатталғандар қымбат киімдер мен белбеу алған [4]. Бектер тайпаны, облыстарды және халық жасақтарын басқарған. Бек атағы мұралыққа қалды немесе соғыста ересен ерлік көрсеткен кезде жоғарғы хан бектікті беретін болған. Мысалы, *«оғыз батыры Бұқаш әкесі Дерсе ханды тұтқыннан босатып, соғыста көрсеткен ерлігі үшін хандардың ханы Байындыр хан (Оғыз хан) оған бектік берді, тақ берді»* [4]. Оғыздардың әдеттегі құқығы бойынша, бұл атақ кіші балаға немесе үлкен балаға берілген. Кейде кейбір тайпалар өз арасынан бекті сайлаған. Дегенмен, сайланғандар әдеттегідей үстем етуші ақсүйектерден болған. Оғыз әскерінің оң және сол қанаттарын басқарушылары «беглербек» деп атаған. Әдетте, оң қанаттағы бектердің жетекшісі қайын және баяттардан (бұзықтар) болған, ал сол қанаттағы

печенектер мен чавундар болған [5]. Бектер сот-тауға құқылы болды, жаза тағайындау кезінде ауыз-ша немесе жазба түрде берілген бұйрықтар сөзсіз орындалатын болған. Бектердің билігіне тек көшпелілер ғана емес, отырықшы тұрғындар да бағынған.

Жергілікті жердің тұрақты органдарын басқару да атақты бектердің құзырында болған. Олар Байындыр ханның (Оғыз хан) тікелей жарлығы бойынша жұмыс істеген. Әсіресе, мемлекеттің мүддесіне байланысты мәселелерді шешуде шұғыл шақырылып, тапсырмалар нәтижелі түрде шешімін тауып отырған. Мысалы, Байындыр ханның (Оғыз хан) уәзірі Қажылық Қожаны тұтқыннан босату үшін Икенек батырдың қасына ертуге *«Жиырма төрт тудың бегі жиналсын! Әуелі Темір қақпасы – Дербенде бек болған, сүңгі найза ұшымен ерлерді түйреген, қас жауына жеткенде кімсің деп сұрамаған Қиян Селжүк ұлы Дели Дундар бірге барсын. Содан соң Айғыр көз суына ат жүздірген, елу жеті қаланың кілтін алған Ейлік Қожа ұлы Дулек Евпен де бірге барсын. Қос қабаттан қайың оғы мүдірмей өткен Иағырынжы ұлы Иалмыш сенімен бірге барсын! Үш мәрте жау көрмесе, қан жылаған Тоғсын ұлы Рустем де бірге барсын! Айдаһарлар аузынан адам алған Дели Авран бірге болсын. Жер жүзінің бір ұшынан бір ұшына жетем деген Суған Сары бірге болсын!»* [4] деген бұйрығы сөзсіз орындалған еді. Сонымен оғыз мемлекетіне ерен еңбектері сіңген атақты бектердің бір орталыққа бағынуы негізінде маңызды жұмыстар атқарылып отырғаны аңғарылады.

Оғыз мемлекетінде ақсүйектер мен материалдық игілікті өндірушілер, қатардағы қауым мүшелері арасында барған сайын кіріптарлық пен қанаушылық күшейіп отырды. Қоғамдағы кедейленген қауым мүшелерінің материалдық және әлеуметтік жағдайлары мен құқықтары әрқелкі болған. Сондықтан оларды М.Қашғари жатақтар (ятуктар) деп атаған [5]. Көбінесе жатақтар кедейленген көшпелілерден болды. Малдарынан айрылған соң, ең басты байлығы – жылқы мен түйеден қол үзгеннен кейін олар көшіп-қонуға мүмкіндігі болмағандықтан, амалсыз отырықшыға айналды. Бірақ жатақ бола тұра, бұрынғы көшпелі мал шаруашылығынан да біржола қол үзбеген. Жатақтар ірі қара мал асырап және біршама жүк тасымалдайтын мал ұстаған, бірақ олардың негізгі жұмысы егіншілік болды. **Оғыз жатақтары қалаларда емес, шағын елді мекендерде тұрған. Жыл сайын жатақтар және көшпелі тұрғындар үнемі алым-салық төлеп отырған. Мұндай салықтарды «хараджа» деп атаған.** Әдетте салық бейбіт, әкімшілік әрекет түрінде емес, көбіне күшпен жиналған. Ханның салық жинаушылары арнайы атты жасақтардан құралған. Салық төлеуден бас тартқандарға хан *«бүлікшілерге қарсы өзінің жазалаушы жасақтарын жіберіп отырған»* [4]. Оғыз қоғамында ең төменгі сатыдағы және құқығы қорғалмайтын әлеуметтік категориядағы құлдар мен күндер патриархалдық сипатта болған. Себебі құл еңбегі экстенсивті мал шаруашылығында тиімді болмағандықтан, құл иеленуші өндіріс жүйесінің негізін қалыптастыра алмаған. Құлдар әр түрлі үй шаруашылығында қызмет етіп, хандардың, бектердің жасақтарын құраған. Күндерді үйдің қызметіне және еріксіз әйел ретінде қосалқы шаруашылықтарға пайдаланған. Экстенсивті мал шаруашылығы көп мөлшерде жұмыс қолын қажет етпегендіктен, кейбір

жағдайларда құлдарды өлтіріп немесе еркіндікке жіберіп отырған.

Оғыздар ежелден мал өсіріп, ірі қалалар мен шағын тұрақтар тұрғындарын азық-түлікпен, шикізаттармен, жүк тасымалдайтын ірі қара малдар мен халық жасақтарына қажетті жылқылармен үнемі қамтамасыз етіп отырған. Әсіресе, ру-тайпалар көсемі дәуірінің өзінде Байындырдың (Оғыз хан) басты мақсаты көп салалы мал шаруашылығын дамыту болған. Көп салалы кешенді дамыған шаруашылықты дамытудың негізі – мал шаруашылығын барынша өркендету арқылы жүзеге асатынына шүбәсіз сенген еді.

Сондықтан да IX-XII ғғ. аралығында оғыз елінде кешенді дамыған егіншілік пен көп салалы мал шаруашылығы, металлургия мен қолөнер және қала мәдениетінің өркендеген кезеңі болды. Оғыз елінің материалдық және рухани байлығын өркендету елдердің қатарына дейін көтеруде сыртқы оғыздардың рөлі айтарлықтай болды. Әсіресе, түркі тілдес этникалық бірлестіктер шаруашылықтың бар саласында оғыздармен араласып, бірігіп жұмыс жасап, үлкен табыстарға қол жеткізіп отырған. Оғыз еліне тұрақты өмір сүруге келген арабтар, парсылар, соғдылар, ирандықтар, хорезмдіктер және византиялық колонистердің көпшілігі қазба байлық игеруде, металлургия, қолөнер және сауданы дамытуда өз үлестерін қосқан. Мысалы, оғыз елінің орталық қалаларында – Даранта мен Даркуде шеттен келген колонистер шоғырланып, тек оғыз елін ғана емес, Шығыс пен Батыс елдерін де кен байлығымен, түрлі-түсті металдармен қамтамасыз етіп отырған. Сондай-ақ ірі сауда орталықтары, оғыз еліне шекаралас қалаларда Исфаханнан шыққан иран көпестерінің колониясы орналасқан. Нәтижесінде оғыздар өз манаттарын шығарып [6], ақша жүйесін қалыптастыру арқылы Стамбул және Рум (Рим) елдерімен тұрақты сауда қатынастарын дамытқан [4].

РЕЗЮМЕ

В статье на основании исторических источников показано особенность общественный строй огузов и процесс ее разложения в формировании классов и классовых отношении как одной из главных факторов при переходе к государственности огузской общественной среды.

Makalada nakti tarihi derekter negizinde ogyzdar ru-taipa kayiminin idyray procesinin negizinde tapdik katinastardin kalyptasyi memleketilikke otydin basty faktorlarinin biri retinde jan-jakti talday arkili korsetilgen.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **А.И.Першин, А.А.Монгайт, В.Т.Алексеев.** Алғашқы қоғам тарихы. Изд. «Мектеп» Алматы, 1970, 170 бет.
2. **Ф.Энгельс.** Семьяның жеке меншіктің...32 бет.
3. **В.П.Алексеев, А.И.Першин.** История первобытного общества. М., 1999. 261 бет.
4. **Қорқыт Ата.** Энциклопедический сборник на казахском и русском языках. – Алматы. 1999. – 378 бет.
5. **С.Г.Ахаджанов.** «Очерки Огузов и Туркмен средней Азии IX-XII вв. Изд. «Ылым» Ашхабад, 1969, 122 бет.
6. I Международная научная конференция «РАС-МИР»: Восточная нумизматика – 2011». Сб. науч. трудов. – Киев, 2013. – 26-30 бет.

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ПАРАҚОРЛЫҚ ПЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АНТРОПОЛОГИЯСЫ: ГЕНЕЗИСІ, ЭВОЛЮЦИЯСЫ ҺӘМ ҚАЗІРГІ СИПАТЫ

Нұрсан ӘЛІМБАЙ,
ЭТНОЛОГ

Кіріспе ретінде. Тәуелсіз Қазақстанның соңғы онжылдығы кезеңінде оппозициялық қана емес, биліктің қолындағы немесе соған жақын деген сан алуан ақпараттық құралдарда да, соның ішінде, газеттер мен журналдардың беттерінде қоғамдағы орныққан одағай оқыс құбылыстар Һәм жайттар аса өзекті мәселелер ретінде жиі қарастырылып жүр*. Әсіресе, сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың соңғы кезеңде айырықша өрши түскен тенденциясы қарапайым жұртшылықты да, билікті де ерекше алаңдатып отыр. Расында да, сан алуан деректер, әлбетте, баспасөз материалдары аталмыш құбылыстың қоғамның барлық саласын дерлік жайлап кеткендігін айғақтағандай ... Кейбір мәліметтерге сүйенсек, әлемдегі мемлекеттердің арасында Қазақстан сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың таралу деңгейі жағынан 123-ші орында екен. Бұл гәптің Президент, Парламент, Үкімет, Жоғарғы Сот, Бас Прокуратура сынды еліміздегі мәртебесі ең биік билік институттардың арнайы отырыстарында сан қарастырылуы, ең бастысы оның мемлекет қауіпсіздігіне орасан ойран әкелетін қатерлі фактор ретінде ресми бағамдалуы, сөз жоқ, бұл істің насырға шапқанын дәлелдесе керек.

Ең сорақысы, ең байлықты әр түрлі айла-шарғымен басып алған олигархтар мен шенеуніктер ақшасының басым бөлігін шетел асырып жіберген. Экономикалық тақырыпқа аса қат мәселелерді жіті зерттеп-зерделеп жүрген белгілі журналист-зерттеуші Төлеген Асқаровтың қисыны ден қойдырар мәліметіне қарағанда, осыдан бірнеше жыл бұрын Tax Justice Network атты халықаралық беделді мекеме әр түрлі оффшорларға аса көлемді қаржы жөнелткен 20 мемлекеттің қатарында Қазақстанды да атап өткен: біздің елден оффшорларға «шығып» кеткен қаржының жалпы сомасы 138 млрд. АҚШ долларын құрайды екен. Яғни, Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің жартысына жуықтайтын қаржы ұлттық экономикаға мүлдем жұмыс істемейді деген сөз [1]. Ең-тегін келген осынау айран-асыр байлықтың буына мастанғандардың мұндай оспадар қылығы мен іс-әрекетінің экономикалық-қаржылық кесір-кесепаты өз алдына, оны ел-жұртты көпе-көрнеу моральдық-психологиялық мазактау, әсіресе, жастарды азғындыққа баулитын іріткі факторлардың бірі ретінде бағамдауға әбден болады. Сондықтан да болар, бітеу жараға айналған бұл мәселеге, тіпті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өзіне тікелей араласуына тура келді: «Мен баршаңызға сіздер елге қайтаруға тиісті ақшаға біздің өте-мөте мұқтаж болғандығымыздан ғана үндеу жолдап отырған жоқпын. Осы мәселеге байланысты өз азаматтарымызға қылмыстық іс қозғап, оларды шетелде, Лондонда қашып-пысып, тығылып-бұққан қашқындарға айналдырғымыз келмейді. Бұл жылдары әр түрлі жайттар, бәрі де болды. Иә, алғашқы қорлану, қор жинау адал бола бермейді... Ақшаны қайтарып, ел экономикасына

салыңыздар. Сіздер қашып-пысып жүрген елдердің бәрімен біздің тиісті келісім-шарттарымыз бар... 2017 жылдың 11 қаңтарынан бастап табыс пен шығысты жаппай декларациялау жүретін болады. Бұдан кейін қай елде болсын ашылған есептер мен активтерді тексеру басталады...» [2].

Президенттің әлгі «шығандап» кеткендерге арнайы айтылған осынау әйгілі сөздерінен аталмыш іріткі фактордың әлеуметтік-экономикалық жағынан да, моральдық-психологиялық тұрғыдан да сойқан салдарын айқын аңғарғандығын аңдау әсте қиын емес.

Енді қарастырылып отырған мәселенің қамтылуға тиісті тақырыптық өрісі мен онтологиялық Һәм эпистемологиялық тарату барысын дәйектеу қажеттілігіне байланысты сыбайлас жемқорлық пен парақорлық ұғымдарының өзара аражігіне қысқаша тоқталып өтелік. Арнайы әдебиетте сыбайлас жемқорлық және парақорлық ұғымдарының мазмұндық (семантикалық, этимологиялық) шегі мен шендесер шекарасы айқын ашылып беріле бермейді [3;4;5;6]. Осы ұғымдарға байланысты еңбектердің қисыны төмендегідей тұжырымдарға саяды: а) **пара** – мемлекеттік органдағы лауазымды тұлғаның екінші субъектінің әр түрлі ахуалдық кіріп-тарлығын пайдалану жолымен одан алатын кез келген құндылықтың (тардың) – ақшаның, бағалы қағаздың, қымбат бұйымдардың, акцияның және т.с.с. – жалпы атауы. **Парақорлық** ұғымы болса, осы жағымсыз алыс-беріс жайтының атқарылу үдерісі мен социумдағы таралу деңгейін білдіреді. Басқаша айтқанда, қоғамның реттеуші және ұйымдастырушы нормалары мен принциптеріне кереғар, яғни, заңнан тыс жеке байланыстағы материалдық игілік түріндегі алыс-берістің атауы. ә) сыбайлас жемқорлық парақорлықтың бірнеше субъектілердің арасындағы мемлекеттік заң атаулыға мүлдем кереғар алыс-беріс байланысының ортақ атауы болып табылады. Демек, сыбайлас жемқорлық өзара мүдделес қылмыстық субъектілерді қамтитын ұжымдық сипатта болып келеді.

Мәселенің қазіргі дискурсивтік өрісі. Парақорлық пен сыбайлас жемқорлық құбылысы советтік жүйе құрдымға кеткеннен кейін құрылған тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) елдерінде де ұлт, қоғам, мемлекет тағдырына қауіп төндіріп отырған асқынған әлеуметтік дерт ретінде бағаланып отыр. Қазір әлгі жат құбылыстың қоғамдағы әлеуметтік қатынасты тегіс жайлағандығын, соның ішінде, әсіресе, кісінің тіршілік мүдделерін тікелей қамтамасыз ететін салаларына әбден сіңісті болғандығын, ондағы кез келген мәселелерді «тиімді» әбжіл шешетін әмбебап «құрал-нормаға» айналғандығын қалың көпшілік мойындайтындықтары өз алдына, ең сұмдығы, «ет үйренген» үйреншікті жайт ретінде қабылдайды ...

Парақорлық пен жемқорлық құбылысын өте сирек, әрі жанама тақырып ретінде болса да қа-

растырған ғылыми еңбектерді де, қалың ақпарат құралдарындағы сан алуан аналитикалық материалды да мәселенің өрбітілу қисынына қарай белгілі шарттылықпен субъективтік және институционалдық топтарға жіктеуге болады. Бірінші топтағылар (бұлар сан жағынан да, тиісті материалдың көлемі тұрғысынан да мәселенің дискурсивтік кеңістігінің басым бөлігін құрайды), біздің жіктеміміз бойынша, аталмыш қылмыстық іс-әрекеттің салдарын таза субъективтік фактордың нәтижесі ретінде ғана қарастырумен шектеледі. Яғни, параның осыншама жалпылық сипат алуының себеп-салдары тиісті методологиялық қисынмен жіктеліп қарастырылмай, авторлар тұтылған паракорлардың қылмысқа баруының объективтік себебін олардың әрқайсысының бойындағы жағымсыз қасиеттерімен ғана (ашкөздік, мансапқорлық, опасыздық, тіпті, отбасындағы тәрбиесіздік және т.б.) түсіндіреді.

Ал, екінші институционалдық ұстанымның (осы жолдардың авторының шартты атауы) ығындағылар аталмыш қылмыстың себебін, ең алдымен, тиісті мемлекеттік органдардың (құқық қорғау, басқарушы, заң шығарушы және т.с.с.) функциясының жетімсіздігімен және (не) қауқарсыздығымен байланыстырады.

Рас, екі топтағы материалдардың әрқайсысында да тиісті аспектінің (аспектілердің) өрбітілу қисынына байланысты өзіндік тақырыптармен қатар, «көрші» топтың еншісіндегі мәселелерді де жол-жөнекей шолып өтетін жайттар кездеседі (мысалы, тақырыпты субъективтік факторлардың салдары желісімен өрбітетіндер институционалдық аспектілерді, ал соңғылар болса, субъективтік факторларды да сөз етеді деген сияқты). Десе де, аталмыш жол-жөнекей қарастырылған аспектілер, атынан көрініп тұрғандай, ашылмай қалатындығы түсінікті жайт болса керек.

Айтылғандардан туындайтын қысқаша қисын: мәселенің дискурсивтік кеңістігіндегі аталмыш екі топқа жататын материалдың қайсысы болсын, паракорлық пен сыбайлас жемқорлықтың қоғамдық организмді ірітуші салдарының көзілікті көріністері ғана осы құбылыстың себепкері ретінде қарастырылып жүр. Мұндай түсініктемелердің әлгі құбылыстың себебінің «бергі» эмпирикалық көзілікті субъективтік қырларын ғана қамтитындығы сондықтан.

Антропологиялық парадигманың қажеттілігі. Аталмыш мәселе ғана емес, қоғамдағы қатынас атаулының сан алуан қыр-сырын қазіргі замана талабына сай теориялық жітілікпен зерттеп-зерделеуге қазақстандық әлеуметтік ғылымдардың, соның ішінде, әлбетте отандық этнологияның да қазіргі кезеңге дейін жинақталған танымдық тәжірибесі тым жеткіліксіз болып отыр. Тіпті, отандық ғалымдар еліктейтін Ресейдің әлеуметтік ғылым салаларындағы (қазақ ғалымдарының біразы әлі күнге дейін осы елдің ғылымының «шапанынан» шықтық деседі) бізден «оқ бойы озық» деп бағамдалатын, расында да аса ірі жетістіктердің өзі бұл мәселеде дәрменсіз болып шықты (бірақ осы айтылған уәжді Ресей ғылыми дәстүрінің, әсіресе, этнологиясының сан жылдық бай тәжірибесін кемшін бағамдау деп ұқпаған ләзім). Сондықтан да болар, соңғы кездері Ресейдің ғылыми кеңістігінде Еуропа, АҚШ және Жапон елдеріндегі ғылыми-зерттеу тәжірибесінің тікелей ықпалымен қоғамдық мәселелерді зерттеп-зерделеудің соны парадигмаларына негізделген танымдық үдерістер қалыптасып келеді. Соның ішінде, бірер мысал ретінде әлеуметтік және мәдени антропологияға байланысты бірқатар іргелі зерттеулерді атауға болады

[7; 8; 9; 10; 11 және т.б.].

Дейтұрғанмен, жоғарыда аталған, әсіресе, әлеуметтік, мәдени және басқа да антропологиялық мектептердің ірі орталықтары ретінде танымал елдер мен аймақтардағы ғылыми жетістіктердің контекстінде Ресейдегі аталмыш салалардың методологиялық-теориялық әуселесінің әлсіздігін аңғару қиын емес (осы ретте қазақстандық ғылыми-білім кеңістігінде аталмыш антропологиялық дәстүр атаулының ізі де жоқ екендігін амалсыз мойындауға тура келеді). Бұл ғәпті соңғы кезде жарық көрген әлеуметтік және антропологиялық еңбектердің ішіндегі ең көрнектілерінің бірінің авторлары осы ғылыми салалардың әлі де болса қалыптасу үстінде екендігімен түсіндіреді [11, 9].

Сонымен, қарастырылып отырған тақырып өз алдына, қазақ қоғамының қазіргі кезеңдегі басқа да сан алуан өзекті мәселелерінің замана талабына сай тиімді ғылыми шешімін табуының ең ұтымды үлгілерінің бірегейі ретінде батыстың (осы сөздің географиялық емес, мәдени-өркеніеттік мағынасында) өнегесі озық елдеріндегі әлеуметтік, құрылымдық және мәдени антропологияның сан жылдық бай тәжірибесін ерекше екшеп атаған ләзім. Тіпті, Қазақстан тарихының күні бүгінге дейін «бір қайнауы» жетпей жатқан тұстарын жіті зерделеуге бірден бір мүмкіндік беретін құрылымдық, синергетикалық, экзистенциялық, әлбетте, әлеуметтік және мәдени антропологиялық парадигмалар дер едім. Осы айтылған уәжді дәйектер дәлел ретінде қазір әлем мойындаған ғылыми туындылардың біразын атауға болады [12; 13; 14; 15; 16; 17; 18 және т.б.].

Әлбетте, мақаланың діттеген онтологиялық және эпистемологиялық өрісі батыстың сан салалы, әрі мейлінше мазмұнды ғылыми тәжірибесін, тіпті, қысқаша болса да таратып айтуға мүмкіндік бермесі хақ. Дейтұрғанмен, қарастырылып отырған мәселенің қисынын антропологиялық зердемен парықтасақ, оны дәлелді жүйемен зерттеп-зерделеуге бірден бір методологиялық қауқарлы бағыт халықаралық ғылыми орта сөзсіз мойындаған һәм тиімді қолданып жүрген әлеуметтік антропологиялық және мәдени антропологиялық парадигма екендігін бажайлау әсте қиын емес. Бұл парадигма зерттеу объектісінің, һәм нысаны мен зерттеуші діттеген мақсаттың табиғатына байланысты «адам – мәдениет» немесе «адам – социум» (әлеуметтік орта, болмаса қоғамдық қатынас) атты эпистемологиялық континуумдерге негізделеді [11]. Осы концептуалдық тұжырымды сәл таратып айтсақ, кез келген антропологиялық зерттеудің мәні әлеуметтік-ғылыми мәселелерді «адам әлеуметтік-антропологиялық категория ретінде – қоғамдық қатынастың персонафикацияланған түзілісі, ал, осы түзіліс, өз кезегінде, адамның әлеуметтік іс-әрекетінің түзіліс-нәтижесі» деген әйгілі ұстаным-қағида тұрғысынан зерделеуге саяды. Өйткені, әлемдік ғылыми ортада айырықша беделге ие болған белгілі неміс антропологы Никлас Луманның сөзімен айтқанда, «адам әлеуметтік жүйеге толық енбейді. Ол [осы жүйеге] өзін әлеуметтік ортамен байланыстыруға дәнекер болатын өзіндік тұлғалық қыры һәм қадір-қасиетімен ғана кірігеді» [16; 11, 6].

Бұл тұста тәжірибелі ғалымның адам әлеуметтік ортаға өзінің тұлғалық қырымен (орысша мәтінде «личностная грань») және қадір-қасиетімен ғана кіріге алады деген сөз орамы адам өзінің әлеуметтік субъект ретіндегі болмысын белгілі бір әлеуметтік-мәдени ортамен байланыста ғана түзейді, яғни, әлеуметтік субъекті ретінде қалыптасады және жетіледі де-

генді білдірсе керек. Ғылыми зерттеулердегі әлеуметтік және мәдени антропологияның негізгі нысаны – адам мәселесі, нақтылап айтсақ, оның әлеуметтік-мәдени субъект ретіндегі болмыс-бітімінің уақыт пен кеңістіктегі өзгерімпаздық қасиеті деп келетін анықтаманың Н.Луманның жоғарыдағы ой-тұжырымымен мағыналық және концептуалдық орайластығын аңғаруға болады [9, 5-26; 11, 5-10 және т.б.]. Сонда осы қисынға байланысты кез келген әлеуметтік-мәдени ортаның, социумның болмысын, қоғамдық қатынастың құрылымдық және функционалдық ерекшелігін адамның (һәм адамдардың) әлеуметтік субъект (субъектілер) ретіндегі уақыт пен кеңістіктегі өзгерімпаздық қасиеті тұрғысынан зерделеу қажеттілігі туындайды.

Антропологиялық парадигманың мән-мағынасын дәйектейтін осынау өзекті мәселені мүмкіндігінше таратып айтып отырғандығымыздың бар себебі – бұл анықтама-қағида мақалада қаузалуға тиісті паракорлық пен сыбайлас жемқорлық сияқты қоғамға аса қауіпті іс-әрекет атаулының тек-тамырын социумның құрылымдық және функционалдық болмыс-бітімін издестіру қажеттілігін көрсетеді. Ал бұл қажеттілікті жүзеге асырудың бірден-бір мүмкін кепілі, автордың кәміл сенімі бойынша, әлеуметтік және мәдени антропологиядағы «адам – мәдениет» (яғни, мәдени орта), сондай-ақ, «адам – әлеуметтік орта» (социум, қоғамдық қатынас) деп аталатын континуумдердің эвристикалық қауқарын тиімді қолдану болып табылады.

Ізденістің категориялық-ұғымдық (логикалық-методологиялық) арқауы. Жоғарыда айтылған парадигманың қисынына байланысты мақалада қоғам, социум, қоғамдық қатынас сынды іргелі категориялардан басқа, институционалдық қатынас, тұлғааралық байланыс, жеке байланыс деп аталатын ұғымдар да қолданылады. Соңғы үшеуі тиісті мәліметтерді жинақтауға, сұрыптауға, реттеуге және талдауға тікелей қажетті ұғым-концептілер болып табылады.

Зерттеудің логикалық-концептуалдық контекстінде институционалдық қатынас категориясы Батыс Еуропа, АҚШ, Жапония сынды мемлекеттердегі өнегесі озық тәжірибеден туындайтын демократиялық заңнаманың ілкімді нормалары мен принциптеріне негізделген және осы ұстанымдардың аясында ғана жүзеге асырып отыратын қатынастар жүйесін білдіреді. Сонымен бірге, бұл қатынастың құрылымына аталмыш нормалар мен принциптерді (яғни, қоғам мүшелерінің құқығын) қатаң сақталуын қамтамасыз ететін мемлекеттік және қоғамдық институттар да кіреді.

Ал тұлғааралық байланыс болса, мемлекеттік, әлеуметтік-саяси, шаруашылық-экономикалық сынды жауапкершіліктер мен құқықтық міндеттемелер арқалаған жеке тұлғалардың арасындағы ресми байланысты қамтиды. Функционалдық ерекшелігінен көрініп тұрғандай, бұл байланысты институционалдық қатынастар жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырған ләзім. Егер институционалдық қатынастың қалыпты функциясы осы тұлғааралық байланысқа негізделетіндігін ескерсек, бұл байланысты институционалдық қатынастар жүйесінің «субстанциясы» деуге де болады.

Енді жеке байланыс ұғымы жөнінде. Бұл байланыс, атынан көрініп тұрғандай, қоғамдағы жеке адамдардың арасындағы бейресми байланысқа қатысты қолданылады. Бұл байланыстың өзі сан деңгейлі, сан салалы, сан түрлі болып келеді. Сонымен бірге,

оның әрбір деңгейі, саласы және түрі тиісінше өзіндік қағидалар мен ұстанымдарға негізделеді. Мысал ретінде, тәуелсіздік жылдары Алматы қаласының жанындағы әйгілі «Алтын Орда» деп аталатын сауда-саттық орнында қалыптасқан халық арасында «құлбазар» деген атаумен танымал құбылысты (тіпті, ахуалдық сипаттағы құрылым десек те қателеспейміз) айтуға болады. Біздің жүргізген шағын этносоциологиялық мониторингіміз көрсеткендей, «құлбазар» деп халық өзінің жұмыс күшін сатушылардың тобын атайды екен. Құрамы үнемі өзгеріп отыратын осы «құлбазардың» құрылымы әлгі еңбегін сатушылардың арасындағы және сатушылар мен оларды жалдайтындардың арасындағы байланыстардан тұрады. Бұл байланыстың бірінші түрінде жалданушылардың физикалық күш-қуаты, кәсіби мүмкіншілігі, кезекке тұрған мерзімі, жасы, жынысы кейде, қайдан келгендігі сияқты параметрлер қатаң ескерілсе, екіншісінде мәселенің тиісті шешімі, әлбетте, жалдаушыларға тікелей тәуелді болып келеді.

Бұл ретте, әлемдегі елдердің тарихи тәжірибесі де, тәуелсіз кезеңдегі қазақ қоғамының даму үлгісі де айғақтап отырғандай, жеке байланыстың социумның барлық салаларында кездесетіндігін, ал оның кейбір түрлерінің қоғамның анағұрлым ұйымдасқан, реттелген деп есептелінетін сегменттерінде, мысалы, билік жүйесінде де орныққандығын ерекше екшеп айтқан ләзім. Аталмыш тәжірибе мен қазақы қоғамдық үлгіден туындайтын тағы бір қисын – кез келген социумның қалыпты қызметі ондағы жоғарыда аталған институционалдық қатынас пен жеке байланыс жүйесі арасындағы балансқа байланысты болып келеді. Тағы да өнегесі озық Еуропа, АҚШ, Жапония сынды елдердегі тәжірибеге сүйенсек, институционалдық қатынас жүйесінің абсолюттік үстемдігі ғана қоғамға, оның мүшелеріне әлем мойындаған демократиялық ұстанымдар мен қағидаларға сай, яғни, бақуатты тіршілік кешуіне мүмкіндік береді. Ал егер жеке байланыс жүйесі үстемдік алуы қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің һәм әлеуметтік-саяси әділетсіздіктің, мысалы, паракорлық және сыбайлас жемқорлық сияқты одағай оқыс қылықтар мен іс-әрекеттің өршуіне алып келеді. Яғни, мұндайда жеке байланыс жүйесі қылмыстық іс-әрекеттер мен сан алуан девианттық қылықтардың әлеуметтік аясына айналады.

Мәселенің антропологиялық ракурсы. Сонымен, ТМД елдерінде, соның ішінде, Қазақстанда, мысалы, біздің мақаламыздың нысаны болып отырған паракорлық пен сыбайлас жемқорлықтың күнделікті тіршілікте орныққандығы соншалықты, оған қоғам мүшелері көпшілігінің немқұрайды қарайтындығының себебі қайда деген түйткіл сұрақ туындайды. **Негізгі гәп, біздіңше, ТМД елдерінде, әлбетте, қазақ қоғамында тәуелсіздік жылдары орныққан әлеуметтік қатынастың табиғатында жатқан сияқты.** Әңгіме, осы мемлекеттердің әлеуметтік жүйесі озық өнегелі батыс елдеріндегі сияқты қоғамның үйлесімді, әрі қарқынды дамуын қамтамасыз ететін институционалдық қатынасқа емес, жеке байланыстарға негізделгендігінде болып отыр. Яғни, **институционалдық қатынасқа қарағанда, әлгі жеке қатынастың «реттеуші» және «ұйымдастырушы» пәрмені басым.**

Расында да, тарихи тәжірибе айғақтап отырғандай, **қазіргі қоғамда жеке қатынас құрылымдық жағынан болсын, функционалдық тұрғыдан болсын үстемдігі жүріп тұрған жағдайда ондағы заңдық-институционалдық жүйенің ұйым-**

дастырушы, реттеуші, жұмылдырушы, тіпті, мәжбүрлеуші-жазалаушы функциялары тиімді нәтиже бере алмайды. Соның ішінде, әсіресе, мемлекеттік органдарда жеке байланыстың «ұйымдастырушы», «реттеуші» функциясы қауқарлы болуы бұл институттардың әуселесін әлсіретіп жіберіп отыр. Мұндай қатынас жүйесінде «өзіміздің адам», «жерлес», «рулас», «бірге оқығандар», «әріптестер», «туыс», «жекежат-жұрат» сияқты толып жатқан өзіндік «реттеуші» және «бағыттаушы» тораптары қалыптасады. Өзара қым-қуыт себеп-салдарлық байланыстағы бұл «тораптарды» жеке қатынастың «механизмдері» ретінде қарастыруға болады. Бұл және осы құралыптас басқа да «механизмдер», түптеп келгенде, әлгі жеке байланыстың субъектілерінің жеке мүдделерінің (экономикалық, материалдық, әлеуметтік (мысалы, мансап деген сияқты), тіпті, саяси және т.б.) жүзеге асуына қызмет етеді. **Түпкі мақсаты да, мән-мазмұны да, айналып келгенде, жеке мүдделердің нәтижелілігін қамтамасыз ету болып табылатын аталмыш жеке байланыс қоғамдық тәртіптің ығына, заңның дегеніне бағына бермейді.** Ал, мемлекеттік органдардағы жеке байланыстың жоғарыдағы айтылған (және басқа да) «торап-механизмдері» осы салада кландық жүйенің қалыптасуына алып келеді. **Кландық жүйе – мемлекеттік органдардағы жеке байланыс саласының ең басты ұйымдастырушы, реттеуші және бағыттаушы ұйымдық немесе өзіндік «институционалдық» формасы.** Сөйтіп, мемлекеттік органдардағы жеке байланыстың жоғарыда айтылған (және басқа да) «торап-механизмдері» және осы механизмдерге негізделген кландық жүйе мемлекеттік институттардың өзін сан алуан айла-шарғымен жеке мүдделерге қызмет еткізеді (мысалы: мемлекеттік лауазым жеке мүдденің диттеген мақсатын жүзеге асыратын аса тиімді құралға айналып кетеді. Осындай қатынас жүйесінде, әсіресе, жоғары лауазым-қызмет оның иесінің «шексіз мүмкіншілігінің» және институционалдық «артық мәртебесін» әрі қол астындағы қызметкерлердің (және басқалардың да) кіріптарлығын әйгілеп тұратын символ-код іспеттес). **Нәтижесінде, әсіресе, қарапайым адамдарға қатысты байланыс саласында жоғары лауазым иелеріне тән менмендік, өзімшілдік, һәм өзімбілемшілдік сияқты эгоизмнің шектен шыққан түрлері қалыптасады.** Аса қымбат жеке тұтыныс бұйымдары (үй, автомобиль, тіпті қолсағат және т.б.) осындай лауазым қызмет иелері мен олардың отбасы мүшелерінің басқалардан, әсіресе, қарапайым «қараша» халықтан өздері кәміл сенетін «артықша туған қадір-қасиетін» әйгілеп тұратын «символдар» іспеттес. **Адам азғындық деп қана бағамдауға болатын мұндай құбылыс «балық басынан шіриді» деген белгілі заңдылық бойынша, әлеуметтік қатынастың орта, тіпті, төменгі сегменттерін де жайлайды.** Осы деңгейлердегі шенеуніктердің біразы үшін жоғарыда айтылған, үлкен лауазым-қызмет иелерінің дағдыға айналған одағай қылықтары, әлеуметтік-материалдық жай-күйінің қалыптасуы гәбі үлгі-модель іспеттес – көп жағдайда айна-қатесіз қайталанады. Бірақ, аталмыш деңгей-сегменттердегі лауазым-қызмет иелерінің ауқымы мен қолжетер қауқары, әлбетте, шағын... Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – **жеке байланыстың мемлекеттік институттар саласындағы тағы бір ерекшелігі ретінде оның көпсатылы иерархиялық сипатын атау керек. Осындайда әлеуметтік-экономикалық, саяси харекет һәм**

шешім атаулы үлкен лауазым-қызмет иелерінің атымен байланыстырылатындығы, яғни, тұлғалануы (персонафикациялануы) заңды құбылыс. Мұндай жағдай, әрине, парақорлық және сыбайлас жемқорлық үрдісіне үлкен «институционалдық» мүмкіндік ашады.

Пара сияқты заңнан тыс алыс-беріске негізделген әлгі жеке байланыс, түптеп келгенде, оның субъектілерінің арасындағы әлеуметтік-материалдық және саяси-институционалдық статустарының (мүмкіндіктерінің) теңсіздігінің көрсеткіші әрі айғағы болып табылады. Өйткені, пара беретін адам міндетті түрде аталмыш байланыстың кіріптар субъектісі ғана. Демек, ТМД елдеріндегі және Қазақстандағы қарастырып отырған жеке байланыс субъектілерінің арасындағы теңсіздік осы байланыстың типологиялық ерекшелігі деуге болады.

Өркендеген елдердегі жеке байланыс жөнінде. Қоғамдық қатынастың бұл түрі (саласы, деңгейі) әлемдегі ең дамыған мемлекеттердің де әлеуметтік жүйесінде бұрыннан орныққан, осы жүйенің құрамдас маңызды саласы болып табылады. Бірақ, аталмыш байланыс қоғамдық тәртіптің институттары, нормалары, қағидалары мен принциптерінің аясында ғана тиісті функциялар атқарады. Алайда, бұл жайтты жеке байланыстың институционалдық қатынас жүйесіне кіріптарлығы деп қабылдауға болмайды. Қайта, саяси, әлеуметтік, экономикалық өнегесі озық елдерде институционалдық жүйе (қатынас), түптеп келгенде, баршаға белгілі «жеке адамның құқығын» қорғауды қамтамасыз ететін негізгі механизм болып табылады. Демек, бұл қатынастың тиімді қызметі – сайып келгенде, жеке байланыс саласының қалыпты қызметінің де ең негізгі кепілі. Бір жағынан, институционалдық қатынастың ең басты ұйымдастырушы және реттеуші тетіктері болып табылатын атқарушы, заң шығарушы, сот биліктерінің арасындағы өзара қарама-қарсылықтың тепе-теңдігі принципі мемлекеттік институттарға әлгі жеке адамның құқығын, осы арқылы қоғамдағы бүкіл заңдылықтың қатаң сақталуын тиімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Екінші жағынан, аталмыш принцип-механизм жеке тұлғаға да қоғамдағы үдерістердің белсенді субъектісі болуға үлкен мүмкіндік ашады. Дамыған елдерде жеке байланыстың институционалдық қатынастан оқшауланбайтындығы, оған кереғар келмейтіндігі сондықтан. Керісінше, әлеуметтік қатынастың осы типі әлгі институционалдық қатынастың ұйымдастырушы, бағдарлаушы, реттеуші сияқты сан алуан функцияларының үйлесімділігін қамтамасыз етіп отырады. Осы қисынға байланысты, бір есептен, өркендеген елдердегі жеке байланыстың институционалдық қатынастың функционалдық күйі несе де болады. Дамыған елдердегі институционалдық қатынас пен жеке байланыстың арасындағы бірінбірі толықтырып отыратын өзара үйлесімдік соңғы байланыс саласындағы шектен шыққан дейтіндей заңсыз әрекеттердің, мысалы, пара беру, пара алу, сыбайлас жемқорлық сияқты одағай құбылыстың жалпы қоғамдық дертке ұласуына әсте мүмкіндік бергізбейді.

Осы ретте қазақ қоғамында советтік және қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдерде аталмыш қылмыстық қылық пен іс-әрекет орын алды ма, болса қандай деңгейде орнықты деген заңды сұрақ туындайды. Бұл мәселені таратып айту, біріншіден, қазақ қоғамындағы парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың генезисін һәм эволюциясын түсінуге, екіншіден, осы арқылы осынау қоғамдық

дерттің қазіргі ерекшелігін һәм оның алдын алу, мүмкіндігінше жою механизмдерін парықтауға зәредей болса да мүмкіндік береді деген ойдамыз.

Советтік дәуірдегі ахуал. Аталмыш қылмыстық қылық пен іс-әрекет қазақ елінде совет дәуірінде де орын алды. Бірақ, осы тоталитарлық жүйедегі әлеуметтік-экономикалық, саяси-идеологиялық, мәдени қатынастың субъектілерінің арасындағы әйгілі теңгерме, яғни, өзара теңдік принципі, оны жүзеге асыру идеологиясы мен практикасы парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың, әсіресе, дәл қазіргі кезеңдегідей жойқын мөлшерде орнығуына мүмкіндік бермеді. **Біріншіден**, совет қоғамында әлгі қылмыстың жеке тұлғаның материалдық және саяси мүддесін заңнан тыс қамтамасыз ететін институционалдық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, тіпті, мәдени негізі болмады. **Екіншіден**, коммунистік партия мен советтік билеу жүйесі парақорлықтың қоғамдық қатынасқа сіңісті атрибут-нормаға айналуының бүкіл социалистік тоталитарлық құрылыстың «іштен іритін» аса қауіпті факторы екендігін айқын түсінді. Өйткені, жеке тұлғаның материалдық және саяси мүддесін заңсыз қамтамасыз етуге тиісті пара беру, пара алудың жалпы үрдіске айналуы осы құрылымның табиғатына мүлдем кереғар әлеуметтік-экономикалық және саяси жіктеліс туғызатын пәрменді факторға ұласуы әбден кәдік еді. Осыған байланысты, **үшіншіден**, советтік жүйенің парақорлық пен сыбайлас жемқорлықты басып жаншитын аяусыз жазалау аппараты тиімді жұмыс істеп тұрды. **Төртіншіден**, «еңбекші халық – қоғамның қозғаушы жасампаз күші», «халықтар достығы – лениндік ұлт саясатының салтанаты», «барлығы да адам үшін» деген сияқты, т.б. сан алуан жалған ұран болса да халықтың көңілін аулауға бағытталған идеологемаларды насихаттайтын саяси институттардың пәрмені қуатты болды.

Орыс отаршылдығының дендеп орныққан кезеңіндегі қазақ қоғамындағы парақорлық үрдісі (XIX ғасырдың екінші жартысы). Осы ретте тәптіштеп айтуды қажет ететін бірер гәп – қарастырып отырған кезеңде қазаққа сыбайлас жемқорлықтың мүлдем болмағанын айрықша атап өту қажет. **Ал парақорлық жайты дәстүрлі қазақы ортада XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап орныға бастағанын қазан төңкерісіне дейінгі қазақ жеріндегі орыстың отаршылдық билік жүйесінде қызмет атқарған орыс шенеуніктері мен зерттеушілерінің өздері мойындады.** Расында да, сан алуан деректер параның аталмыш ғасырдың II жартысынан бастап қазақ өлкесінде орыстың отаршыл билігінің күштеп, төтенше жүзеге асырған әр түрлі шаруашылық-экономикалық, саяси-әкімшілік, әкімшілік-басқару, әкімшілік-территориялық реформалардың нәтижесінде қалыптасқан құбылыс екендігін айғақтайды. Қазақ жұртшылығы үшін бұл одағай оқыс жайттың экономикалық-материалдық қана емес, моральдық-этикалық жағынан да зардабы мол болғанын қазақ өлкесінде әр түрлі қызмет атқарған орыс шенеуніктері мен зерттеушілерінің кейбір өкілдері ресми мойындады да. Деректерге қарағанда, **пара, ең алдымен, орыс әкімшілігі орнатқан қазақ өлкесін басқару жүйесінде орнықты.** Әсіресе, қазақ қауымы мен жергілікті орыс әкімшілігінің арасындағы сан салалы, сан деңгейлі байланысты «реттеудің» құралына айналды. Енді қазақтар үшін отаршылдық басқару жүйесіне қызметке орналасу тек параның пәрменімен ғана мүмкін болды. Себебі, бір жағынан, арандату, алдап-арбау, зорлық-зомбылық, себепсіз жазалау сияқты «қасиеттерге» негізделген

отаршылдық басқару жүйесі орыс шенеуніктері үшін жергілікті халық өкілдерін пара беруге мәжбүрлеудің институционалдық негізіне айналды (осы тұста орыстың басқару жүйесі зорлық-зомбылық, алдап-арбау, ретсіз жазалау сияқты сорақы әрекеттерге негізделді деп отырғандығымыздың айғақты мысалы ретінде Ш.Ш.Уәлихановтың әйгілі «Сот реформасы жайында хат» атты еңбегінде айтылған төменгі жайтты келтіруге болады: «сібірліктер мен сібірдің бұратана халықтары исправник, заседатель мен поптарға көлік берудің ауыртпалығын осы күнге дейін айтады. Қазақтарда лау беру ешбір жүйесіз, тәртіпсіз жүргізіледі. Көптеген чиновниктер 40-60 атқа дейін лау алып, лаушыға [қазаққа] ақы төлемейді, сылдыр құрғақ уәдемен шығарып салады... Кейбір «майорлардың» (қазақтар орыс чиновниктерін осылай атайды) алған көліктерін иесіне қайтармаған жағдайы жиі ұшырайды (құрғақ уәде де бермейді)» [21, 77-104].

Екінші жағынан, орыстың озбыр, тегеуірінді билігінің алдында мүлдем дәрменсіз қазақтар ел-жұрттың негізгі ризығы – мал-мүлік пен жерін сақтау үшін әлгі биліктің шенеуніктеріне амалсыз пара беруге мәжбүр болды. Бұл одағай жайт, әсіресе, болыс, би, ауылнай сияқты лауазымды қызметтерге қазақтар арасында сайлау, тағайындау науқаны жүрген кезде жаппай етек алды. Тіпті, орыс әкімшілігі өкілдері алатын параның түрлері, мөлшері, механизмі мен жолдары да қалыптасты. Мысал ретінде, дәстүрлі қазақы ортаға ұланасыр материалдық шығыны өз алдына, ең алдымен, моральдық-этикалық ойсыратқан ойран әкелген жоғарыда аталған болыстыққа сайлау үрдісін айтуға болады. XIX ғ.-дың екінші жартысы – XX ғ.-дың алғашқы он жылдығына қатысты әр түрлі деректер орыс әкімшілігі қазақтар арасына енгізген болыс сайлаудың баламалы принципі, шынтуайтында, орыс шенеуніктері үшін әлгі лауазым-қызметке үміткерлердің әрқайсысынан неғұрлым көбірек пара алудың аса «тиімді» механизмі болғандығын айғақтайды.

Сонымен бірге, пара беру, пара алу енді көшпелі этностың қорғаныс механизмінің ең қауқарлы реттеуші тетігі болып табылатын әдет-ғұрыптық құқық саласын да жайлады. Орыс әкімшілігінің күштеуімен және төтенше араласуымен көшпелі ортада ежелден жасап келе жатқан би институтының табиғи-тарихи болмыс-бітімі енді оңалмастай өзгеріске ұшырады. Кезінде Абай, Ш.Уәлиханов, Ә.Бөкейхан сынды қазақ зиялылары жан-тәнімен қарсы болған қазақ қоғамындағы орыс билігі озбырлықпен жүргізген әр түрлі құқықтық реформаларға сәйкес билер орыс әкімшілігінің ұсынысымен ғана сайланды. Оның үстіне бидің билігіне енді ежелгі әдет-ғұрыптық нормаларды үздік білетін, әрі ұғынықты жеткізе алатын, әрі «ата-баба жолының» ұстанымдарына сәйкес іс кесуге машығы мол ел-жұртқа беделі жүретін тұлға емес, орыс билігінің «тілін» тапқан бай қазақтар да сайлануға мүмкіндік алды [21, 77-104; 22, 233-257 және т.б.]. Бұл дәстүрлі қазақы ортада ежелден ерекше қасиетті саналатын «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» принципін қатаң ұстанған бидің билігінің бұрынғы әлеуметтік-саяси әуеселесінің мүлдем құрдымға кеткендігінің айғағы еді. Дәстүрлі құқықтық салаға орыс билігінің өктемдікпен араласуы қазақ қауымының орыс әкімшілігіне деген кіріптарлығын күшейтіп, оның ең сорақы нәтижесі, функционалдық белгі-көрінісі пара алу, пара беру үрдісінің орнығуына алып келді. Отаршыл билік жүйесіндегі пара беруші, әрине, отаршылдық режимге

мүлдем тәуелділікке түскен қазақтар да, пара алушы – жергілікті орыс билігінің өкілдері. Ал, қазақы ортада орыс билігінің тетігіне қолы жеткендер (мысалы, *жаңа би, болыс, ауылнай* және т.с.с.) әлгі тетікті – қызмет-лауазымын кіріптар қазақтардан пара алу-дың құралына айналдырып жіберді. Деректерге қарағанда, параның *қол пара* және *жүз пара* деген түрлері болған.

Қол пара – пара берушінің өз мүддесін көздеген істің оңтайлы шешімін табу үшін белгілі бір билік иесіне беретін құндылықтың атауы. Ол ақша, қымбат бұйым (бұйымдар) немесе мал түрінде де беріліп отырды. Параның бұл түрі тек қазақтар арасында ғана емес, орыс шенеуніктері мен кіріптар жергілікті адамдардың арасында да кең тараған құбылыс болды.

Ал, **жүз пара** дегені – туыстық-рулық байланыс негізінде оңтайлы шешім шығару үшін билік иесіне берілетін параның атауы. Жүз пара тек қазақтардың арасында орын алды. С.Мұқанов өзінің «Халық мұрасы» атты кітабында параның осы аталған түрлері жайында нақты мысал келтіре отырып, былай деген еді: «... әділетсіздік байқалғанда, «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дейді. Мұндағы «туған жоқ» дегені, жақынына тартпай, «жүз пара», «қол пара» дегендерге бұрылмай, істі әділдікпен шешеді дегені. Бірақ, осындай билер мен әкімдердің көбі «жүз параға», яғни жақынына тартпай қоймаған. «Қол пара» дегеніміз алым. Қарсы жақты алым беру арқылы тарту ерте заманнан келе жатқан салт... Сібірдегі Көшім хандығы Ермак басқарған орыс әскерімен соғысып жеңілгеннен кейін, патша әкімдері қолға түскен Мәметқұлды Москва абақтысына қамаған. Істі қуып барған інісі сол кездегі орыс патшасы төртінші Иванға мың бұлғынның терісін өткізіп, ағасын аман алып қайтқан деседі. ... XIX ғасырдың орта кезінде Көкшетау дуанының аға сұлтаны болған Зілқараның Әлібек есімді баласы қылмысты болып абақтыға түссе, ағасы Тұрлыбек Петербурға барады да, «ақ патшаға» жолығып, сұлулығы сүліктей, меңсіз қырық қара атты параға өткізіп, інісін ит-жеккенге айдаудан құтқарып алады» [23].

Осы тұста айта кетер гәп – орыс әкімшілігі та-рапынан қазақ өлкесіне отаршыл басқару жүйесінің жергілікті тетіктері ретінде орныққан *би, болыс, ауылнай* сияқты лауазым-қызметтер енді парақорлық және басқа да бұрын дәстүрлі қазақы ортаға мүлдем жат құбылыстарды жаппай таратудың «институционалдық» негізіне айналды. Орыстың отаршыл билік жүйесінде бұрынғы қазақ социумінде аса маңызды функция атқарған институттар өзінің ежелгі беделінен мүлдем айырыла бастады. Қазақтар өздеріне үйреншікті болып келген бидің билігінің ежелгі болмыс-бітімін орыстың билік жүйесінде жаңа тәртіп негізінде қызмет атқарып отырған *билер соты, халық соты, болыс* сияқты жаңадан орныққан институттардан мүлдем басқа болғандығын айғақтау мақсатында соңғыларына, тіпті, жаңа атауларды да ойлап тапты. Мысал ретінде жоғарыда аталған **«жаңа би»** терминін айтуға болады.

Жоғарыда айтылғандай, орыстың отаршыл реформаларының тікелей нәтижесі болып табылатын пара беру, пара алу үрдісінің материалдық ауырғалығы өз алдына, оның, әсіресе, мәдени-рухани және саяси салдары қазақ қауымына айырықша ауыр тиді. Қызметке парамен қолы жеткен жаңа билер мен болыстар, ауылнайлар мен молдалар (молдалыққа тағайындалу үшін үміткер *пешкеш* деп аталатын па-

ра берді) іс жүзінде жергілікті жерде орыс билігінің отарлық саясатын жүргізуге үлкен мүмкіндік берді [21, 77-104; 24, 86-87 және т.б.]. Тіпті, әлгі жаңа лауазым-қызмет иелері көп жағдайда орыстандыру саясатын жүзеге асырушыларға да айналды. Қазақтың әдет-ғұрыптық дәстүрін зерттеушілердің бірі болған А.Зуевтың 1907 ж. жарық көрген еңбегінен төменде жоғарыда айтылған жайтқа байланысты аса маңызды деген бір тұсы келтіріліп отыр. Еңбек, әсіресе, осы үзінді орыс отаршылдығына дейін қазақ социумының аса қауқарлы институттарының бірі болған *«бидің билігінің»* XIX ғ.-дың екінші жартысында жүргізілген реформалардан кейінгі пұшайман күйін дәлме-дәл сипаттауымен құнды. *Қазақтардың сағынышпен күрсіне еске алуына қарағанда, – деп атап көрсетті А.Зуев, – халық соты ертеректе (орыс отаршылдығына дейін – Н.Ө.) көшпелілердің кіршіксіз тіршілігі сияқты шыншыл, әділ, таза болды. «Халықтың (қазақтардың – Н.Ө.) өміріне енген эволюциядан кейін онсыз да бишара күйге түскен бұрынғы би енді жаңа тіршіліктің ми батпағында шыға алмастай малтығуға тиіс еді. Кезінде билігі жетіп артылған өркеуде би уақыты өткеннен кейін құдыретті (орыс – Н.Ө.) билеушілерінің азғындыққа баулуының арқасында айналасына өзінің түпсіз қалтасының қалтарысы тұрғысынан қарауды үйреніп, әлгі билеушілердің алдында құлдық ұрар пендеге айналуға мәжбүр болды. Сөйтіп, бұрынғы көшпелілер сотын ашық дөрекі дүлей күшке негізделген сот ығыстырды. Ал, соңғысы алдап-арбаудың, сатқындықтың, өтірік-өсектің сотына айналды. Жаңа билер халықтың арасында енді қарақан басын күйттеген парақор рубасылардың көңілінен ғана шығатын тиісті партиялық «шындықты» таратушылар болды. Сонымен бірге, рубасылардың партиялық мүдделерінің арасындағы қақтығыстар, бітіспес қайшылықтар, түптеп келгенде, халықтың ежелгі таза ғұрыптық заңды пір тұтқан санасын, осы арқылы дәстүрлі сот жүйесін бұзып бітті»* [25, 172-173].

Орыс шенеуніктеріне амалсыз берілетін пара мөлшерінің молдығы соншалықты, сайлауға түскендердің біразы жері мен мал-мүлкін сатып, тақыр кедейге ұшырады. Отаршыл билік иелерінің параны алатын өзіндік жолы да қалыптасты: әлгілер параны алуды өздерінің қазақы ортадан шыққан тілмаш, поштар сияқты жақын көмекшілері арқылы ұйымдастырып отырды [24, 89-90; 564-565].

Сонымен, XIX ғ.-дың екінші жартысынан бастап пара беру, пара алу қазақ қауымы мен орыстың отаршылдық жүйесінің арасындағы байланыстың ең жансебіл формасына айналды. Пара бір жағынан, ең алдымен, қазақ қоғамының орыс билігіне мүлдем тәуелділікке түскендігінің айғағы болып табылады. Екінші жағынан, патшалық билік жүйесі қазақ жұртын өз жерінің, өз мәдениетінің, өз тіршілікқамы жүйесінің, өз тілінің, өз ділінің толық мәнді табиғи-тарихи субъектісі емес, тек уақытша ғана пайдаға асатын ен-тегін табыстың объектісі ретінде қарастырғандықтарын айғақтайды (орыс отаршылдығының қызыл заманға дейінгі кезеңінде тәуелсіздігінен айырылған империя құрамындағы бүкіл халықтардың, соның ішінде, қазақтардың да «инородцы», яғни, бөтен, жат, бұратана деген ресми атауға ие болулары көп жайтты аңғартса керек. «Бұратаналар» өз жерінде өз бетімен, өз тарихының ретімен тіршілік құрып отырса да). Үшінші жағынан, пара алудың, пара берудің қазақ тіршілігіне, жоғарыда айтылғандай, әкелген материалдық шығыны өз ал-

дына, бұл одағай үрдіс қазақ социумінде ерекше маргиналдық топтың қалыптасуына алып келді. Шынтуайтында, парақорлық үрдісінің орыс әкімшілігі мен қазақ қауымы арасында жаңадан пайда болған байланыстың сіңісті атрибут-нормасына айналуы, сайып келгенде, әлгі құбылыстың осы байланыстың қазақы ортадан шыққан субъектілерінің – жаңа билер мен болыстардың, рубасыларының, ауылнайлардың да үйреншікті дағдысына айналуы болып табылады. Яғни, дәстүрлі қазақ социумінде ата-баба жолының ұстанымдарынан тайған азғындаған әлеуметтік топ пайда болды. Өз кезегінде бұл жайтты қазақ социумының тарихи тағдырының таусылуының көрсеткіші ретінде де бағамдауға болады (осы ретте пара беру, пара алу орыс шенеуніктерінің басым көпшілігі үшін бұрыннан тіршілік нормасы болғандығы арнайы айтпаса да түсінікті жайт).

XIX ғасырдың бірінші жартысына дейінгі қазақ қоғамындағы парақорлықтың кездеспегендігі жөнінде. Осы ретте, жоғарыда айтылғандай, орыс отаршылдығына дейінгі кезеңдерде дәстүрлі қазақ социумінде де пара беру, пара алу, парақорлық үрдісінің мүлдем кездеспегендігінің себептері жөнінде заңды сұрақ туындайды. Расында да, әлгіндей парақорлық және осы құралыптас басқа да одағай жайттарға әлеуметтік негіз болады деп есептелінетін жеке байланыс көшпелі ортадағы қоғамдық қатынас жүйесінің негізгі желістері болып табылады. Бірақ, басты гөп осы қоғамның шаруашылық-экономикалық және институционалдық табиғатында жатыр.

Біріншіден, шаруашылық-экономикалық харекеттің тікелей объектісі де, құралы да, нысаны да мал болғандығы қоршаған табиғи ортаны осы харекеттің негізгі объектісіне айналдырды. Демек, адам-субъект пен табиғат-объект арасындағы орныққан байланыс атаулының басты мақсаты ұдайы өсіріліп, өндіріліп отырылатын мал мен оның өнімдерін әлгі адам-субъектінің биоәлеуметтік қажетіне жаратуды ұдайы, тікелей (!) қамтамасыз етіп отыру болды. Яғни, көшпелі ортада табиғатты игеруді биологиялық (мал) құралмен және жолмен жүзеге асыру, осының нәтижесінде алынған табиғи өнімдердің (мал өнімдерінің) көшпелілердің тікелей тұтынысына түсуіне байланысты, онда, тұтыныс қатынасы үстемдігі абсолюттік сипат алды. Субъектаралық салада орын алатын айырбас қатынасы көшпелі социумде, көбінесе, институционалды-ғұрыптық мәнді болып келетіндігі сондықтан. Ал, көшпелі қоғамның көршілес отырықшы елдермен сауда-саттық байланысына келетін болсақ, бұл айырбас қатынасының да көшпелі қоғамның жоғарыда аталған шаруашылық-экономикалық және институционалдық табиғатына байланысты капиталистік қоғамға тән қорлану үдерісінің факторына айнала алмады. Өйткені, айырбас қатынасының да нәтижесі – өнімдері көшпелілердің тұтынысына тікелей жаратылып отырды. Көшпелі ортадағы мұндай айырбас қатынасы тұтыныс қатынасына ұласып кетіп отыратындығы сондықтан. Демек, мұндай қоғамдық ортада пара беру, пара алу, парақорлықтың өзін елестету мүмкін емес. Яғни, аталмыш құбылыстың пайда болуына көшпелі ортада ежелден орныққан шаруашылық-экономикалық қатынастың жоғарыда ішінара болса да айтылған табиғаты еш мүмкіндік туғызбады.

Екіншіден, көшпелі этноэкожүйеде жан баласы өзін тіршілік еткен ортасынан – ру-қауымнан тыс елестеткен де емес. Өйткені, көптеген көшпелітанушылардың қисыны келіскен пікірінше, Еуразияның аса қатал экологиялық жағдайында малды

қоршаған табиғи ортаның биоэнергетикалық тепе-теңдігін қатаң сақтау негізінде ұқсатып күтіп-баптауға ұйымдасқан ұжымның ғана қауқары келетін еді. Яғни, ру-қауымның. Сондықтан да, жеке байланыстың өзі, соның ішінде, шаруашылық-экономикалық саласы да, қауым-социумның іргелі институттары арқылы реттеліп отырды (мысалы, адамның жас мөлшерін, жынысын, туыстығын әйгілейтін категориялар, ұғымдар мен атаулар (ақсақал, шал, жігіт ағасы, жігіт, бозбала, еркек, әйел заты, отағасы, ата, әке, шеше, күйеуі, әйелі, бәйбішесі, тоқалы, қызы, баласы, ағасы, інісі, әпкесі, қарындасы, сіңлісі және т.б.) ата-баба жолының ұстаным-өсіетіне сәйкес ру-қауым мүшелерінің іс-әрекетінің нормалары мен принциптерінің функциясын да атқарды. Себебі, ру-қауым мүшесінің тиісті атауы, түптеп келгенде, оның рулық және туыстық мәртебесін айғақтау ғана емес, отбасылық һәм қоғамдық тәртібінің де ежелден орныққан ұстанымының (нормасының, принципінің) шегі мен мазмұнын құрайды). Демек, көшпелі социумде жеке қатынастың нормалары мен принциптері социумның үйлесімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталды. Басқаша айтқанда, бұл нормалар мен принциптердің «ата-баба жолының» ұстанымдарын қамтамасыз етуге бағытталған функциясы социумның институционалдық әлеуетінің кепілі болды. Сонымен бірге, социумның сан алуан институттарының, принциптерінің, нормаларының қалыпты функциясы жеке тұлға аралық байланыстың да үйлесімділігін қамтамасыз етіп отырды. Олай болса, көшпелі қоғамда параның пайда болуына ешқандай институционалдық та мүмкіндік болған емес.

Ал, жоғарыда айтылған XIX ғ.-дың II жартысы кезеңіндегі қазақ қоғамына дендеп енген пара беру, пара алу үрдісінің гәбі мүлдем басқа. Дәстүрлі қазақы орта үшін бұрын оңды-солды болмаған бұл одағай оқыс жайт (және басқа жағымсыз құбылыстар да) орыстың отарлаушы билігінің көшпелі қоғамның ежелден орныққан тіршілік тәртібін зорлық-зомбылықпен түбегейлі өзгертуге алып келген сан алуан реформа-тәжірибелерінің нәтижесі болып табылады. Демек, пара беру, пара алу, парақорлық құбылысын Ресей отаршылдық жүйесінің қазақ өлкесінде орнығу үдерісінің заңдылығы ретінде қарастырған ләзім.

Түйін. Сонымен қазіргі қазақ қоғамындағы парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа байланысты сан алуан мәліметтерді және қалыптасқан дискурсты тиісті әлеуметтік-экономикалық һәм мәдени контексте шағын зерттеудің өн бойында ұстанған парадигманың қисынымен талдау қарастырылған мәселенің антропологиялық болмысын парықтауға мүмкіндік берді: ең алдымен, қазақ қоғамы институционалдық қатынасқа түбегейлі негіздегенде ғана аталмыш қылмыстық іс-әрекетті болдырмауға бірден-бір мүмкіндік ашылатындығын көрсетті.

Ескерту.

* Осыған орай, әсіресе, Central Asia Monitor, Деловая неделя, Жас Алаш, Панорама, Мегаполис, Капитал сынды тағы да басқа газеттердің беттерінде жиі жарияланған сан алуан аналитикалық және статистикалық материалдарды ерекше атауға болады.

** Мысал ретінде соңғы кезде құрылыс, соның ішінде, тұрғын-үй салу саласынан бастап көлік қозғалысына байланысты кейбір лауазымды шенеуніктер мен ірі бизнес өкілдерінің немесе олардың

алыс-жақын туыстарының мемлекеттік заңды өрескел бұзу гәбі өз алдына, қоғамда қызу дау-дамай туғызған қылмыстық іс-әрекетке бару жайттарын, сондай-ақ құқық қорғау органдарының кейбір қызметкерлерінің заңнан тыс, әсіре әрекеті сияқты келеңсіз кептерді айтуға болады.

ӘДЕБИЕТ ПЕН ДЕРЕК

1. **Аскарров Төлеген.** Где деньги, Зин? Украденные миллиарды возвращать пока не хотят // Central Asia Monitor. Республиканская общественно-политическая газета. №40 (564). 9-15 октября 2015.
2. Новая газета. Казахстан. № 48 (544).
3. Большой словарь иностранных слов. 35 тысяч слов. Изд. 2-е, испр. – М.: «Мартин», 2008.
4. Большой юридический словарь. Третье издание. М.: Инфра – М., 2007.
5. **Дэвид Джери, Джулия Джерри.** Большой толковый социологический словарь. Т. 1,2. – М.: Вега-Аст, 2001.
6. **Румянцева Е.Е.** Новая экономическая энциклопедия. Второе издание. М.: Инфра – М., 2006.
7. Очерк социальной антропологии. Отв. Ред. В.В. Шаронов. – СПб., 1995.
8. **Минюшев Р.И.** Социальная антропология. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Академический проект; Фонд «Мир», 2004.
9. **Арутюнов С.А., Рыжакова С.И.** Культурная антропология. – М.: Весь мир, 2004.
10. Социальная антропология. Учебник. – М.: Инфра – М., 2008.
11. Социокультурная антропология. История, теория и методология. – М.: Академический проект; Культура; Киров; Константа, 2012.

12. **Клод Леви-Стросс.** Структурная антропология. – М.: Наука, 1985.
13. **Масионис Джон.** Социология. 9-ое изд. – СПб.: Питер, 2004.
14. **Аронсон Эллиот.** Общественное животное. Введение в социальную психологию. – М.: Аспект Пресс, 1998.
15. **Мертон Роберт.** Социальная теория и социальная структура. – М.: Аст: Аст Москва: Хранитель, 2006.
16. **Луман Никлас.** Социальные системы. Очерк общей теории. – СПб.: Наука, 2007.
17. **Парсонс Талкотт.** О структуре социального действия. – М.: Академический проект, 2000.
18. **Парсонс Талкотт.** О социальных системах. – М.: Академический проект, 2002.
19. Encyclopedia of Social and Cultural Anthropology. Ed. by A. Barnard, J. Spencer. L., NY., 1997.
20. **Никишенков А.А.** История британской социальной антропологии. – СПб.: Наука, 2007.
21. **Валиханов Ч.Ч.** Записка о судебной реформе // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5-ти томах. Т. 4. – Алма-Ата: Казахская советская энциклопедия, 1985.
22. **Ибрагимов И.И.** Заметки о киргизском суде // ЗИРГО ОЭ. Т. I. Сборник народных юридических обычаев. – СПб.: Тип. В. Киршбаума, 1878.
23. **Мұқанов С.** Халық мұрасы (тарихи-этнографиялық шолу). Таңдамалы шығармалар. XV том. – Алматы: Жазушы 1979.
24. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 5-том. Ө-Я. – Алматы: «Азия Арна», 2014.
25. **Зуев А.** Киргизский народный суд // Туркестанский сборник. Т.460. – Ташкент, 1908.

Қаперіңізде жүрсін!

Қазақ халқының жыл санауы мен мүшел қайыруын бәріміз білетін сияқтымыз. Бірақ көпшілік арасындағы әңгімелерде, отырыстарда осыны жиі-жиі шатастырып жатады. Сондықтан ендігәрі қаперіңізде жүрсін деген ниетпен қазақша мүшел қайыру назарларыңызға ұсынылып отыр!

МҮШЕЛ ЖАС

9 ай анасының құрсағында нәрестенің жатқаны 1 жыл болып есептеледі, одан кейін 12 жастан қосылып отырады.	5 – мүшел – 61 жас - Орта жас. 61 кіреді - 62 шығады
1 – мүшел – 13 жас - Ер жете бастау. 13 кіреді - 14 шығады	6 – мүшел - 73 жас - Қарттық. 73 кіреді - 74 шығады
2 - мүшел - 25 жас - Жігіттік шақ. 25 кіреді - 26 шығады	7 – мүшел – 85 жас - Кәрілік. 85 кіреді - 86 шығады
3 – мүшел – 37 жас - Ақыл тоқтату. 37 кіреді - 38 шығады	8 – мүшел – 97 жас - Қалжырау. 97 кіреді - 98 шығады
4 – мүшел – 49 жас - Орта жас. 49 кіреді - 50 шығады	9 – мүшел - 109 жас - Шөпшек сүю. 109 кіреді - 110 шығады
	10 – мүшел – 121 жас - Немене сүю. 121 кіреді - 122 шығады

Кәрікұлактардан сұрастырып, нақтылаған – этнолог Нұрсан ӘЛІМБАЙ.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ КӨШПЕЛІЛЕРІ: олардың құқығындағы өзара байланыстылық пен ерекшелік

Айгүл ӘБДІЛДАБЕКОВА,
Эльмира ТЕЛЕУОВА,
тарих ғылымдарының кандидаттары,
Әл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университетінің доценттері

Халық, мемлекет тарихы құқық тарихымен тығыз байланысты. Мемлекеттік-құқықтық жүйенің қызметінде сол халықтың дәстүрлі құқық нормалары көрініс табады. Әр халықтың тарихында «дәстүрлі» немесе әдеттегі құқығы сақталған. Ұзаққа созылған тарихи кезеңде әдеттегі құқық әмбебаптық реттеуші қызметті атқарды. Қоғамдық, тұрмыстық, дәстүрлі экономикаға негізделген әр халықтың менталитетінің туындысы болды. Қоғам ішінде қалыптасқан, индивидтің іс-әрекетінің құқықтық реттеушісі әдеттегі құқық болды. Оның уақыт межесінде түрленіп, өңделіп, кейде қайта туындап отыруы жиі кездесті. Дәстүрлі құқық көп жағдайда ауызша туындап, сақталып, ақпараттық кеңістікте таралды. Оның басты ерекшелігі «қоғамның өз туындысы» болуы. Дәстүрлі мәдениетте құқықтық түсінік «ақиқат», «ар-ождан» және «әділеттілік» санатында қаралады. Әдеттегі құқықтан жеке билеушілер бас тартып, мемлекеттік басқару институттары арқылы «заң шығармашылығын» қалыптастырды. Бүгінгі қоғам заң аясында өмір сүреді. Бірақ тарихи тұрғыдан алып қарасақ, этномәдени құндылықтарға негізделген әдеттегі құқық бірден жойылып кетпеді. Нәтижесінде дуалистік қоғамдық сана қалыптасты. Бір жағынан Рим құқығынан бастау алатын бүгінгі күннің заңдық нормалары, екінші жағынан халықтың дәстүріне негізделген әдеттегі құқық шынайылығымен ел жадында сақталып қалды.

Орталық Азия көшпелілерінің тарихындағы ортақтықтың көрінісі осы – әдеттегі құқық. Оның мазмұны мен қызметі түркі халықтары құрған мемлекеттерде өзара сабақтастықта сақталып отырды. Түркі халықтарының әдеттегі құқығы ортақ, оның уақыт шеңберінде ғана түрленуі орын алатынын Н.Гродеков [1,22] атап өтеді. Әдеттегі құқықтың тарихи дамуын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Алғашқысы дәстүрлі ауызша тарихтың мұралары және әдеби, тарихи шығармалар; екіншісіне кодекстер мен қабылданған нормаларды жатқызуға болады. Тарихқа үңілсек, түркі халықтарында алғашқысында әдеттегі құқық туралы мәліметтердің басым бөлігі сақталған.

ҮІ ғасырда Орталық Азиядағы көптеген тайпалық одақтардың бірігуі негізінде Түрік мемлекеті құрылды. Оның іргесін салушы Бумын қағанның мемлекеттің тұтастығын, қоғам мүшелерінің азаматтық құқықтарын қорғаған заң жүйесін қабылдағаны белгілі. Түрік жазбаларында: «Түрік бүтін халық үшін Төресін жүргіздім, Елді тұтып Төре етті», – деп жазылған [2,69]. Түрік қағандары әдеттегі құқықты кодификациялау нәтижесінде «Төре» заңын қабылдады. Осы заң баптары іргесі жаңа қаланған мемлекет үшін ішкі тұтастық және бірлік идеясы болғандығын анық көреміз. Оның түрік жұрты үшін маңыздылығын ел бірлігі үшін күрескен билеушілердің көне бітіктастардағы жазбалары айқын көрсетеді. Бұл құқықтық ескерткіш Алғашқы Түрік Қағанатының тәуелсіз мемлекет ретінде та-

рих сахнасына көтерілгендігінің айғағы болды. Алғашқы Түрік Қағанатының заңы түркі қоғамының талаптарына сай азаматтық, қылмыстық, отбасылық істерді шешіп отырған. Әрине, бұл заң ерте ортағасырлық мемлекеттік сипатқа тән болған. Мемлекетті басқарудағы саяси тәсілдер, көшпелі қоғамдық қатынастар зерттеулерде «көшпелі мемлекет» ұғымын туындатты. Мұндай саяси билік түркі қоғамындағы құқықтық құрылымды үш нормаға бөлді. Азаматтық, қылмыстық, отбасылық, мұрагерлік істер әдеттік құқықпен реттелді. Мемлекеттегі билік тұтқасын ұстаған «Ашина әулетінің» құқығы ерекше болды. Бұл құқық қағанаттың билеушілері тарапынан қабылданған заң «Төреге» бірікті. Қаған билігі билеуші әулет ішінде мұраға беріліп отырған. Биліктің атадан балаға ғана емес, ағадан ініге берілу дәстүрі болған. Үшіншіден мемлекет және тайпа аралық қатынастардың ережелері халықаралық құқық құрады. Түркі қағанатындағы жоғарыда аталып өткен нормалар VIII ғасырларда жинақталған құқық жүйесі «Төреге» бірікті. Түркі елінің қалыптасуымен қатар, заң шығармашылығы мемлекет ішінде «Төренің» таралуына ықпал жасады. «Төре» елді басқару, билік жүргізу құқығын атқарды. Оның негізгі мақсаты мемлекеттің ішіндегі тұтастықты сақтау, ру арасындағы қайшылықтарды, қарым-қатынасты реттеуді көздеді. Түркі қоғамындағы әдет-ғұрып құқықтары және «Төре» кейінгі осы қоғамның мұрагерлерінің құқықтық қатынастарында жалғасын тапты. Түрік құқықтық ескерткіштерінің мазмұны сақталған 1523-1594 жылдарға жататын армян-қыпшақ процессуалды кодексі және XII ғасырдың қыпшақ-поляк сот жүргізу нұсқасының тарихи маңызы ерекше [3,367]. Бұл құқықтық дерек отбасылық, қылмыстық, әкімшілік құқық баптарын құрайды. Батысқа қарай жылжыған түркі халықтары әскери өнерін, рухани мұраларын және осындай құқықтық ескерткіштерін тарих межесінде сақтап, өзге халықтардың өміріне сіңірді.

Дала тарихындағы әдеттегі құқықтың бірыңғай жүйеге келуін Ф.Леонтович Шыңғыс ханның «Yassa», «Ұлы Жасақ» заңын қабылдауына қатысты көрсетеді, қазақ мемлекеті осы заңды шынайы сипатта сақтады деген тұжырымдама береді [4,12]. Ал С.Фукс «Ұлы Жасақ» орталықтанған мемлекетті нығайту мақсатында қабылданған Шыңғыс ханның заңы, қазақ мемлекетінде биліктің ешқандай институты қалыптаспаған, әдеттегі құқыққа негізделген, оларды өзара байланыстыру дұрыс емес деген теріс пікірге тоқтайды [5,423].

Моңғол ұлысы құрылғанда көшпенділердің әдеттік-құқықтық нормаларының жиынтығына сол кезеңдегі түркі-моңғол қоғамының талаптарына орай өзгерістер енгізіліп, жетілдіріп, «Ұлы Жасақ» заң жинағы қабылданды. «Ұлы» деп аталуы түркі-моңғолдардың барлығына ортақ заң болды. Осы жағынан алғанда жергілікті ұлыстық деңгейдегі жасақтардан ерекшеленді. «Yassa» қазақ-

ша – жасақ, йосун – жосын («жөн-жосын», «қаулы», «заң») мағынасын береді. «Yassa» – Шыңғыс хан қабылдаған моңғолдардың заңдар жиынтығы және ережелері. Рашид ад-Диннің мәліметіне қарағанда бұл заң моңғолдардың 1206 жылы өткен құрылтайында қабылданған [6,259]. Бұл заңның Шыңғыс ханның керей, найман, меркіттерге жасаған жеңісті жорығынан кейін жиналған Ұлы құрылтайда қабылдануы оның билігінің нығаюына жол ашты. Кейінірек 1218 жылы Түркістанға қарсы жорықты ұйымдастыру мақсатында жиналған құрылтайда толықтырулар енгізіліп, 1225 жылы қайта қабылданған.

Қоғамдық қатынастардың күрделене түсуі, мемлекеттіліктің қалыптасуы құқықтық мәдениеттің дамуымен қатар жүреді. Сондықтан Шыңғыс ханның құрған мемлекетін өзіне дейінгі осы территориядағы бір кезде қалыптасып, нығаю үстінде болып, ыдыраған мемлекеттердің тікелей мұрагері ретінде қарастырған жөн. Сонымен Моңғол империясындағы негізгі құқықтық ескерткіш «Yassa» болды. Бұл заңның тұрақтылығының сыры Шыңғыс хан ұрпақтары Моңғол империясынан қаншалықты қашықтықта билік құрса да, осы заңға бағынып, берік ұстауында болып отыр. «Yassa» мазмұны халықаралық құқық, мемлекеттік және әкімшілік құқық, қылмыстық құқық, сауда құқығы, сот құқығы, заңды бекіту сияқты баптардан тұрды.

«Yassa» Шыңғыс хан ұрпақтары үшін аса маңызды болды. Олар билік құрған мемлекеттердің тұрғындары да соған бағынуға міндетті болды. Шыңғыс хан бағындырған кейбір өңірлердің салт-дәстүріне, діни нанымына оның баптары қайшы келіп те жатты. Оның басты себебі «Yassa» көшпелі түрік-моңғол тайпаларының әдеттегі құқығының мұрасы болды. Сондықтан оның қызметі көшпелілердің дәстүрлі құқығына негізделген болса, Түркістан немесе Иран сияқты бағындырылған отырықшы аймақтарда ертеден қалыптасқан құқықтық қатынастары, әлеуметтік-тұрмыстық өмірі бұл заңнан тыс қалып отырды. Бұлардың баптары арасындағы қайшылықтар жергілікті билік иелері мен Шыңғыс хан әулетінің билеушілері арасындағы қақтығыстардың туындауына себепші болды. Түркістан иелігінде билік құрған Шағатайдың «Yassa» орындату мақсатындағы әрекеттерін Ата Мәлік Жувеини былай баяндайды: «Ол өзіне бағынышты халықты «Yassa» арқылы қорқытып, жазалау шараларын жүргізді, оның әскері әрқашан дайындықта болды, әсерлеп айтқанда, кез келген әйел басына алтын толтырылған табақпен жалғыз еш қорықпай жүре алатын. Ол кішігірім қаулылар қабылдап отырды. Бұл қаулылар мұсылмандар үшін ауыр болды. Мысалы, қойды бауыздамау туралы қаулысы нәтижесінде Хорасанда ашық мал бауыздаудан қорықты. Мұсылмандарды өлген мал етін жеуге мәжбүрледі» [7,19].

Шыңғыс ханның іс-әрекеті әдеттегі тәртіпке қайшы келмеуі, өз тарапынан заң аясында шешім қабылдауы деректерде сипатталады. Түркі өркениетінің құқықтық мәдениетінде осы дәуірде «бейәдеп» ұғымы қалыптасты.

Соңғы ортағасырлық кезеңдегі әдеттегі құқықты жүйелеуді қазақ хандары жүзеге асырды. Бұл қадамның басты мақсаты мемлекетті орталықтандыру болды. Бұл заңдар әдеттегі құқықтан құралды. «Қасым ханның қасқа жолы», «Хақназардың хақ жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті Жарғысы», «Их Цазз», «Он сегіз Дала заңы», ескі

«Цааджин бичиг», «Халха Джурум», Сібір, солтүстік Кавказ түркі халықтарының «адат» атты құқықтық нормаларының ортақтығы айқын. Оның ішінде өсиет, кепілдеме, ант, келісім шарт, куәгерлік, аманат, аталық, айып, құн тағы басқа құқықтық нормалардың түркі халықтарына ортақ болуы заңдылық.

Қазіргі заман талабына сәйкес батыс қоғамының заң шығармашылығы аясында құқықтық қатынастар жүзеге асуда, түркі халықтарының дәстүрлі құқығының баптары тіптен қарастырылмайды. Дәстүрлі құқық әр қоғамның өзінің туындысы, сәйкесінше қоғам ішіндегі қайшылықтарды шешуде, құқықтық мәдениеттің қалыптасуындағы маңызына мән берілмей келеді. Дала құқығы «әділеттілік» пен «жаза» қатар қолданылып, жасалған іс-әрекеттің сұрауын көрсетеді. «Жеті Жарғының» баптарында біреудің сыртынан сөз айту, жалған сөйлеу, әдейілеп соңына түсу өлім жазасына кесілсе, бүгінде оған тосқауыл болатын – дәстүрлі құқықтағы «ар-ождан» қағидаты. Әр адамның өзінің арының алдындағы жауабы. Дәстүрлі өркениеттің «әділетті қоғамды» құру дүниетанымы құқық аясында жүзеге асуын ерекше атасақ болады. «Әделеттілік» түркі халықтарының түсінігінде адам құқығын қорғайтын «міндеттілікке» саяды. Сонымен қатар бұл категория адамгершілікті-құқықтық, әлеуметтік-саяси санаға тәуелді болды.

Осы тақырыпқа қатысты түркі халықтарының «мұрагерлік құқығынан» мағлұмат беріп өткен жөн. Дәстүрлі құқық бойынша әке мұрагері отбасындағы кенже баласы болып табылады. Әкесі қайтыс болған жағдайда кенже баласы бірге тұрған болса, оның барлық мүлкін иеленеді, бірақ осы тұста ерекше тоқталатын мәселе баласы өзіне «моральдік міндетті» алады. Әкесінің анасынан бөлек әйелі болса, көмелетке толмаған балалары немесе туыстарының балаларын заңды түрде әкесі қамқорлыққа алса, олардың алдындағы борышын өтеуге, моральдік жағынан да жауапты болып табылады. Әрине, басқа да мұрагерлік құқықтық баптар болды, ер адам ерте дүниеден өткен жағдайда оның ұлдарының арасында мүлік тең бөлінеді. Әйелі «әмеңгерлікпен» отбасын құрса, сол ер адамның қолына көшетін болған. Егер қыз бала отбасында болса, оның күйеуіне мұрагерлік өтетін болған. Мұрагерлік – құқықты мүлктік жағынан иелену ғана емес, оның ел алдындағы адамгершілік міндеттерін қоса атқару. Осындай отбасылық құқықтық нормаларды Селенга ережелерінен кездестіреміз [8,98]. Қылмыстық құқықты талдасақ, мұнда – меншікке қол сұғу, жеке адамға қастандық, билік тәртібіне қарсы тұру қолданылатын жазға түрмеде қамау мүлдем қарастырылмады. Көшпелілер үшін ең жоғары жаза – «рудан кетіру», көп жағдайда шешімді өз туыстары қабылдап «сүйекке таңба салды» деп елден кетуге мәжбүрлеген. Сонымен қатар барлық түркі халықтарында 3 есе, 7 есе, 9 есе құн төлеу тәртібі сақталған. Дала өркениетінің құқықтық жүйесі өзінің шынайылығы, ашықтығы арқылы әділеттілікке жетіп отырды. Билер істі қарағанда ешқандай әлеуметтік мүддеге бағынбады, заң барлығына ортақ еді. Істің қаралуының өзі көлбеу, яғни жүгінетін биліктің таңдалуында шектеудің болмауына мүмкіндік туғызды. Қоғам ішіндегі теріс іс-әрекет жасаған адамды жазалауды емес, оны ар-ұятқа шақыруды көздеді.

Ресей империясының отарлау саясаты ғасырлар бойы өзінің реттеушілік қызметін атқарған дәстүрлі құқықты тоқтатты. Оның баптары халықтың жадында және тұрмысында сақталып

қалды. Әрине, бүгінгі құқықтық мәдениетті қоғамды қалыптастыруда адамгершілік-құқықтық дүниетанымға негізделген дәстүрлі құқықтың құндылықтарын тиімді пайдаланған дұрыс.

Бүгінде көптеген мемлекеттер «прецедентті құқықты» жиі қолдануда. Ол түркі халықтарындағы әдеттегі құқықпен үндесіп жатыр. Жаһандану заманында түркі халықтарының құқықтық жүйесінің іргетасы дәстүрлі құқық болуы тиіс. Бұл жағдай қоғам ішінде берік ұстанымды, құқықтық мәдениетті және моральдік құндылықтарды көтеруге ықпалын тигізеді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается единство наследия и исторических истоков формирования обычного права традиционного общества. Проанализированы особенности тенденций превращения норм обычного права в государственные законы. При научном анализе истории обычного права традиционного общества ее необходимо рассматривать вместе с историей государства. Вместе с этим, автор высказывает мнение о применении основных правовых идей обычного права для развития духовности и нравственных ценностей народов на Евразийском пространстве.

Ключевые слова: традиционность, меритократия, иерархия, обычное право.

The article discusses the unity of heritage and historical origins of the customary law of the traditional

society. The features of trends conversion of customary law into national legislation. When a scientific analysis of the history of the customary law of the traditional society it must be read in conjunction with the history of the state. Along with this, the author expresses an opinion on the application of the basic legal ideas of customary law for the development of spiritual and moral values of the peoples on the Eurasian space.

Keywords: traditional, meritocracy, hierarchy, customary law.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Гродеков Н. Киргизы и кара киргизы Сырдарьинской области. Ташкент, 1889.-Т. 1. 22 б.

2.Гаркавец А. Кыпчакское письменное наследие. Кыпчакский словарь. Том III. По армянописьменным памятникам XVI-XVII веков. Алматы: БАУР-КАСЕАН, 2010. 1802 б.

3.Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. II том. Алматы, 2005. 144 б.

4.Леонтович Ф. Древний монголо-калмыцкий или ойратский устав взысканий. Древний мир казахов. 2003 г. 412 б.

5.Фукс С. История казахского права по русским источникам XVIII-XX вв. Древний мир казахов. 2003.423 б.

6.Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т.1, кн.1. М-Л, 1952. 299 бб.

7.М.Х.Абусейтова, Ю.Г.Баранова. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XVI-XVIII вв. А, 2001, 264 б.

8.Тумерова А.Т. «Обычное право бурят в монгольской правовой системе». Улан -Уде. 2004 г. 100 б.



ТАНЫСЫҢЫЗ: ЖАҢА КІТАП!

ПРЕЗИДЕНТ ТУРАЛЫ КІТАПТАРДЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

Таяуда ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында ҚР Мемлекет тарихы институтының ұйымдастыруымен «Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев и формирование исторического сознания казахстанцев», «Смутное время. Неизвестные страницы известной истории» атты Институт ғалымдары кітаптарының тұсауы өтті. Іс-шараға қоғам қайраткерлері, еліміздің жетекші ғалымдары, Мемлекет тарихы институтының ғылыми қызметкерлері, Астана қаласының ЖОО оқытушылары мен мектеп мұғалімдері қатысты.

«Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев и формирование исторического сознания казахстанцев» монографиясы. Авторы: Н.С.Лапин.

Монографияда ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қазіргі кезеңдегі қазақстандықтардың тарихи санасын қалыптастыру үдерісіндегі рөлін ғылыми зерделеуге талпыныс жасалған. Кітапта Қазақстан мемлекеті басшысының еңбектері, баяндамалары мен сұхбаттары қазіргі Қазақстан азаматтарының тарихи санасын қалыптастырудың дерек көзі ретінде талданады. Яғни, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың саяси дискурсында көрініс тапқан тарихи бейнелер, тарихты түсіндірудің тарихи нышандары мен үлгілері айқындалған, ХХІ ғасыр басындағы қазақстандықтардың тарихи санасының қалыптасу аспектілері бейнеленген бірнеше әлеуметтік зерттеулердің қорытындылары жүйеге келтірілген.

Кітап тарихшыларға, әлеуметтанушыларға, саясаттанушыларға және Қазақстанның жаңа заман тарихы мен Еуразия кеңістігіндегі тарихи сана мәселелерін және Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев қызметінің аспектілерін зерттеуге қызығушы барлық оқырманға арналады.

«Смутное время. Неизвестные страницы известной истории» кітабы. Авторлары: Б.Ғ.Аяған, Ә.М.Ауанасова, Е.Қ.Нұрпейісов.

Ғылыми-танымдық басылым жанрында жазылған еңбекте 1917-1920 жж. аралығында қазақтың ұлттық мемлекеттілігін қалпына келтіруге бағытталған тарихи оқиғалар құжатты деректерге сүйене отырып баяндалады.

Қазақстанның сол кездегі маңдайалды зиялыларының революциялық қызметі олардың құрған, бірақ большевиктердің идеологиялық өктемдігімен және тікелей қол салуымен қираған Алаш және Түркістан автономияларын құруға күресі тұрғысынан бейнеленген. 1920 жылы Қазақ АССР-ын құрумен байланысты оқиғалар жаңа түсінік тұрғысынан суреттеледі.

Ғылыми-танымдық басылым қазақ мемлекеттілігі тарихының соңына дейін зерттелмеген ақтаңдақ беттерін, сансыз қайғы-қасіреттің ащы дәмін татқан халық тарихында қайталанбас, өшпес із қалдырған қазақтың бетке ұстар асыл азаматтарының ерен еңбегіне үңіле қарайтын барша оқырманға арналады.

Редакция.

Биыл «Қазақ тарихы» журналының оқырманмен қауышқанына 25 жыл яки ширек ғасыр толып отыр. Осынау ширек ғасырлық ғұмырында бұл басылым отандық тарих ғылымының қалыптасып, өрістеуіне өлшеусіз үлес қосты. Қазақстан тарихы пәнінің бірде ҰБТ-дағы міндетті пәндер қатарынан, бірде осы пәннің ЖОО-дағы мемлекеттік емтиханнан алынып қалуына наразылық ретінде төрт рет Ашық хат жазып, оған әйгілі тарихшылардың қолын қойғызып, министрлікке қайта-қайта хат жолдап, әділеттіліктің орнауына қол жеткізді. Бұл туралы журналдың былтырғы 2, 3-сандарындағы Ә.Салықбай мен Б.Салықбаеваның мақалаларында толық айтылды. Енді журналдың кезекті санына аталған авторлардың оқулық, карта, ашық сабақ туралы мақаласы ұсынылып отыр.

"ҚАЗАҚ ТАРИХЫ" ЖҰРНАЛЫ

және қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесі мәселесі

(Соңы. Басы журналдың 2017 жылғы 3-санында).

Бегайым САЛЫҚБАЕВА,
тарих ғылымдарының магистры,
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ,
журналдың бас редакторы, жазушы, зерттеуші

1. Сапалы оқулық – саналы білім кепілі.

Мектеп пен жоғары оқу орындарында қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесіне қатысты ең басты мәселе – оқулық. Журнал осынау толғақты мәселеге орай «Төл оқулық хақында», «Жаңа буын оқулықтары хақында» деген айдарлар ашып, оқулық авторларына жеке-жеке сөз берді. Авторлар оқулықтың қалай жазылғаны, оны пайдаланғанда тарих пәні мұғалімдері қандай мәселелерге көңіл аударып, мән беруі керектігімен толық таныстырып отырды. Сондай-ақ мектеп мұғалімдері де сабақ беру барысында қандай қиындықтарға тап болғанын, бағдарлама мен оқулықтың сәйкеспейтін, үйлеспейтін тұстарын, өздерінің оқулық авторларына базынасын да осы айдарлар аясында мақала, ұсыныс пікірлер түрінде жеткізіп отырды. Енді «Қазақ тарихы» журналының 1998 жылдан бергі сандарындағы оқулық мәселесі арқау болған мақалаларға тоқталайық.

Мысалы, журналдың 1998 жылғы №4-5 біріккен сандарына Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы «Жарсу» орта мектебінің тарих пәні мұғалімі **М.Ыбыраевтың «Жақсарған үстіне жақсара түсе»** деген мақаласы жарияланды. Онда М.Ыбыраев 5-сыныптың тарих пәні оқулығы (авторы Т.Тұрлығұлов) туралы былай деп жазады: *«Бұл оқулық әдістемелік тұрғыда оқушының ой-өрісіне сәйкес, қызықты әрі жеңіл жазылған. Ғылыми тұрғыда оқулыққа қойылар талаптардың... барлығына дерлік жауап береді»* [1, 76-б.]. Сонымен қатар тарих пәні мұғалімі оқулықтың бұрынғы Кеңестік көзқарас тұрғысынан емес, жаңаша түрде, тың деректерді қолдана отырып жазылғанын айтады. Ал ішіндегі материалдар оқушының жас ерекшелігіне сай, қарапайым түсінікті тілмен жазылған екен. Қазақ елі, хандар мен билер, батырлар жайлы жазылған қызықты еңбек оқушының білімге деген қызығушылығын арттырады анық. Мақаласының соңына қарай автор оқулықты одан әрі жетілдіре түсу мақсатында бес-алты ұсыныс-пікір айтады.

Журналдың аталған сандарында редакция тілшісінің **«Оқулық авторларымен кездесті»** [2] деген шағын хабары басылыпты. Хабарда Алматыдағы №128 қазақ орта мектебінде Қалалық мұғалімдер білімін жетілдіру және қайта даярлау институты ұйымдастырған «Халық тарихы – ұлттық сана қайнары» тақырыбында кездесу өткені, М.Қозыбаев, Ж.Қасымбаев, Т.Тұрлығұлов, Д.Бабаев сынды оқулық авторларының қаладағы тарих пәні мұғалімдерімен кездескені, оқушылар тарапынан сұрақтар қойылғандығы айтылыпты.

Ал осы журналдың 2000 жылғы №3 санына педагогика ғылымдарының кандидаты **Б.Әбдіғұлованың «Оқулықтың ғылыми-әдістемелік негіздері»** [3] деген мақаласы жарияланды. Мектеп оқушылары және мұғалімдер үшін оқулық – басты дереккөз. Сондықтан автор мақаласында оқулық қалай жазылу керектігіне тоқталады. Әрі әр түрлі сұрақтар мен тапсырмалардың болуын құптайды. Сондай-ақ Қазақстан тарихы пәнінен оқулықты жазбас бұрын, осыған дейін жазылған оқулықтардың кемшіліктері жөне тарихқа байланысты жаңақталған құнды ізденістері, өзге де пәндердің жинақталған оқулық жазуға арналған талаптарды ескеру керектігін айтады. Ал айтылғанның бәрін ескермесе, бұрынғы қате қайталанып, оқулықтың сапасы жақсармайтынын атап өткен.

Сондай-ақ, журналдың 2000 жылғы №3 санына Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ақсуат орта мектебінің тарих пәні мұғалімі **Ө.Төленбаевтың «Қай оқулыққа сенеміз?»** [4] деген мақаласында автор Д.Бабаевтың 8-сыныпқа арналған Қазақстан тарихы оқулығы мен Ж.Қасымбаевтың 9-сыныпқа арналған Қазақстан тарихы оқулығындағы қайшылықтарды атап көрсетеді. Мақаланың аты айтып тұрғандай, екі оқулықта екі түрлі мәлімет берілген. Д.Бабаевтың оқулығында хандардың билік еткен кезеңдері әр параграфта әр түрлі жазылған. Мұндай қателіктер оқушыларды шатастырады, әрі емтиханда,

бақылауда дұрыс жауап беруіне кедергі жасайды. Осы оқулықтардағы олқылықтарды салыстыра келіп, Ө.Төленбаев қазақ халқының тарихында болған елеулі оқиғалардың мерзімін анықтап, дұрыстауға кеңес береді.

Жұрналдың 2001 жылғы №1 санына педагогика ғылымдарының докторы **Т.Тұрлығұлдың «Жаңа оқу құралдарының жаңалығы неде?»** [5] атты мақаласы жарық көрді. Мақалада автор Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептерінде жаңа бағдарламалар енгізіліп, жаңа буын оқулықтарына көшіп жатқаны туралы сөз етеді. Т.Тұрлығұл: «Қазір 5-9-сыныптар оқулықтары, негізінен, дайын болды. Олардың оқу-әдістемелік кешендері (ОӘК) басылып жатыр... 5-9-сыныптарға оқулықтар мен ОӘК дайындау туралы бәйге 1998 жылдың 14, 18 қарашасында республикалық мұғалімдер газетінде жарияланды... Жаңа бағдарламаның тағы бір басты ерекшелігі – 10-11-сынып оқушыларының талаптілегін, ынтасы мен қызығушылығын барынша ескеру» [5, 58-59-бб.], – деп жазып, оқулық жазуда уақыттың аздық еткендігі, қаражаттың аз бөлінгендігін атап өтеді. Аталған мақаласын Т.Тұрлығұл айтылған ұсынысқа оқулық авторлары оң қабақпен қарап, одан әрі жетілдіре түссе деген үмітпен жазғандығын айтады.

Жұрналдың осы санында философия ғылымдарының кандидаты **Қ.Жүкештің «Оқулық жазудың талап-шарттары»** [6] атты мақаласы жарияланды. Онда автор оқулық жазудың талап-шарттарына бүгешігесіне дейін тоқтала келіп: «Талаптар Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, қоғамдық білім негіздері, құқықтану негіздері, әдеп (этика) пәндері бойынша және... ғалымдарға, ғылыми қызметкерлерге, оқытушылар мен мұғалімдерге, оқыту өнімдерін қабылдап, өндіріске жолдайтын ұйымдардың баспа мекемелерінің жауапты қызметкерлеріне арналады» [6, 63-64-бб.], – дей келе қоғамдық пәндер оқулықтарына қойылатын 10 түрлі талапты тарата жазады. Бұл талапта оқулықтың стилі, құрылымы, оқулықты жазуда пайланылатын дереккөздер егжей-тегжейлі қамтылған.

Жұрналдың 2008 жылғы №2 санына Ақтау орта мектебінің тарих пәні мұғалімі **М.Арыновтың «Қатесіз оқулық – дұрыс білім кепілі»** [7] атты мақаласы жарық көрді. Автор мақаланы тарихшы ғалымдардың еңбегін сынау, кемсіту мақсатында жазбағанын айта келіп, тарих оқулығындағы өзі байқаған кемшіліктерге тоқталып өткен. «Келесі оқулығымыз қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы Ө.Төлеубаев бастаған авторлар ұжымының «Қазақстан тарихы» кітабына тоқталайық. Оқулықтың 188-бетіндегі 35-тақырыпта мынадай қарама-қайшылыққа толы қате дерек бар. Оқулықтың 189-бетіндегі «1730 жылы көктемнің жазға ұласар сәтінде Сайрамға жақын маңдағы Састөбеде – үш жүздің билеушілері бас қосып, талқыға екі мәселе түседі. Әйтеке би бастаған топ «ұлы хандық таққа кіші жүздің билеушісі Әбілқайыр ханды ұсынады» десе, келесі 190-бетінде «Әйтеке би Бәйдібекұлының өмір сүрген жылдары 1666-1722 жж.» деп жазған. Сонда 1722 жылы өлген Әйтеке би қалай 1730 жылы Састөбе құрылтайына қатысады», – деп М.Арынов оқулықтағы өрескел қайшылықтарды атап көрсетеді [7, 93-б.].

Сондай-ақ, жұрналдың 2013 жылғы №5 санына Алматы облысы Райымбек ауданы Абай атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі **Д.Барлықбеков-**

тің «Тарих оқулықтары оңды болсын!» [8] деген мақаласы басылыпты. Онда ардагер ұстаз тәуелсіз Қазақстанда 20 жыл ішінде халық мүддесі үшін еңбек ететін тарихшылардың көбейгенін, ал оқулықтардың жақсарғанын айта келе, болашақта тарих пен қоғамдық пәндерге арналып жазылатын жаңа оқулықтарға 11 түрлі ұсыныс-пікірін тарата жазыпты. Шалғай ауылдағы қарапайым тарих пәні мұғалімдерінің мұндай белсенділігіне, өз ісіне деген адалдығына ризалықтан басқа айтарымыз жоқ.

Білімнің іргетасы орта білім беру орында-рында, дәлірек айтқанда мектепте қаланады. Яғни тарихи сана осы мектеп қабырғасында қалыптасады. Сол себепті мектеп оқушыларында ұлтжандылық, өз халқына деген құрмет сезімін ұялтатын, толеранттылыққа тәрбиелейтін, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін тарих пәнінің оқулығы нақты, қызықты, тартымды жазылғаны жөн. Өйткені баланың зердесі тұнық кезіндегі мектептен алған білім адамның өмір бойы санасында қалары анық. Сапалы білімнің жас ұрпақтың тұлға ретінде қалыптасуындағы маңызы зор.

Бұдан шығар қорытынды – «Қазақ тарихы» журналы өзінің ширек ғасырлық ғұмырында бұл мәселеге жиі-жиі оралып соғып, оқулық авторларына да, оны пайдаланып, сабақ беретін тарих пәні мұғалімдеріне де қайта-қайта сөз беріп отырды. Авторлар оқулықтың қалай жазылғаны, оны пайдаланғанда тарих пәні мұғалімдері қандай мәселелерге көңіл аударып, мән беруі керектігімен таныстырса, мектеп мұғалімдері сабақ бергенде қандай қиындықтарға тап болғанын, бағдарлама мен оқулықтың сәйкеспейтін, үйлеспейтін тұстарын, өздерінің оқулық авторларына базынасын да, ұсыныс-пікірлерін де жеткізіп отырды.

2. Карта – ең көрнекті құралдардың бірі.

Қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесіндегі ең басты құралдардың бірі – карта. Картаның білім сапасына әсері туралы **Ө.Салықбай «Қазақстан тарихының карталары қашан жасалады?»** [9] деген мақаласында осы мәселеге тікелей қатысы бар мамандардың бәрін сөзге тартып, жеріне жеткізе талдапты. Мұндай көрнекі құралдар кез келген оқушының қызығушылығын тудырып, сабаққа ынтасын арттыратынын жазыпты. Мектептегі кездесулерде тарихшы мұғалімдердің мұң-мұқтажы көп айтылатынын, соның бәрін тізбелемей-ақ, тарихшы мұғалімдердің ең зәру, ең қыжалат дүниелерінің бірі карта мәселесі екенін айта келіп, мамандарды сөзге тартады. Әрі картаға қойылар талаптарды сипаттай келіп, білім сапасын арттыратын карталардың ең артқы партада отырған оқушылар да көре алатындай көлемді, көрнекті, түрлі-түсті және айқын болуы тиістігін ескертеді. «...Сол тақырыптық картаның кішкентай көшірмесі «Атлас» пен оның кескіндері сызылған, бірақ боялмаған «Кескін» карта оқушының алдында жатуы қажет, – деп талдапты автор. – Мұғалім тақырыпты өтіп болған соң оқушыға үйге немесе сыныпта орындауға «Аңырақай» шайқасы өткен жерді «Атластан» қарай отырып, «Кескін» картаға түсіруге тапсырма береді. Оқушы соны барлық білімін, ынта-жігерін салып бояп шығады. Түсінбеген, яки қағыс естіген тұстарын оқулықтан қарап, толықтырады. Міне, осыдан кейін ғана оқушының білімі толығып, бекемдене түседі. Ендеше Қазақстан тарихының тақырыптық, саяси, «Атлас», «Кескін» карталарынсыз білім сапасы ту-

ралы сөз болуы мүмкін емес» [9, 81-б.].

Бұдан әрі автор мақаласында Қазақстан тарихы пәнінен оқушыларға арнайы карталарды шығару мәселесі бойынша қандай мемлекеттік мекеме айналысатынын, оған кім жауапты екенін, қаржыландыру мәселесін білу мақсатында ғалымдар мен әдіскерлерге сұрақ қойған екен.

«Алғаш тәуелсіздік алған жылдары әуелі төл оқулықтар шықты ғой. Содан соң жаңа буын оқулықтарын шығарарда біз оқу-әдістемелік кешендерді, оның ішінде осы карталар да бар, шығаруды жоспарлап, Білім және ғылым министрлігіне ұсыныс жасағанбыз. Сонда жоғарыдағылар карта шығару деген өте қымбат тұрады, оған қаражат жетпейді, әуелі оқулықтарымызды шығарып алайық, сосын көреміз деген. Тарих пәнінен карта шығару сол күйі аяқсыз қалды,– дейді педагогика ғылымдарының докторы, профессор Тотай Тұрлығұл. – Ал министрлік қаржы көзін тауып, «қане, карта дайындаңдар» десе, Білім академиясының қызметкерлері мамандарды осы іске жұмылдырып, нәтиже шығаратыны даусыз еді» [9, 82-б.].

Келесі сөзге тартылған маман – Алматы қалалық білім беру жүйесі мамандарының біліктілігін көтеру және қайта даярлау институтының әдіскері Қ.Құнапина. Ұзақ жылдардан бері әдістеме мәселесімен айналысып жүрген **тарих ғылымдарының кандидаты, әдіскер-ғалым Қайыркен Құнапина:** *«Қазір әдіскер ғалымдар көрнекіліктің жиырмадай түрі бар деп жүр. Соның ішінде тақтадан кейінгі екінші орындағысы – карта. Тәуелсіздік алғанымызға, міне 16 жылдан асты. Күні бүгінге дейін тақырыптық карталарды былай қойғанда, кәдімгі Қазақстанның саяси картасының өзі орысша. Қазақшасы аз таралыммен шыққан екен, көзімізге түспеді» [9, 82-б.], – деген жауап қатады. XX ғасырдың соңғы жылдарында тарих пәнінің оқытушылары Қазақстан тарихы пәнінен карта жасап, оны қаладағы мұғалімдер сатып алғанын, одан кейін дұрыс жасалған карта мүлдем шықпағанын атап өткен.*

Иә, Бұланты-Білеуті, Аңырақай, Аякөз, Шаған шайқастары – қазақ балаларын патриоттық тәрбиеге баулитын Ұлы Отан соғысындағы ата-бабамыздың ірі-ірі жеңістері. Осылардың тақырыптық карталарын мөлдіретіп тұрып жасап, әрбір мектептің тарих кабинеттеріне іліп қойса, қажет кезінде пайдаланса, қандай ғажап болар еді?! Білім және ғылым министрлігі осынау керемет жобаны қолға алып, жүзеге асырып жатса, нұр үстіне нұр емес пе...

Аталған мәселеге байланысты тілшінің жүгінген келесі маманы – **Білім беру жүйесінің басшылық және ғылыми педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институттың аға оқытушысы, тарихшы-әдіскер Гүлжанат Байболова.** *«...Ендеше тарихтан картасыз сабақ өткізсек, біз көп жағынан ұтыламыз, – деген пікір білдіреді республикалық институттың тарихшы-әдіскері Г.Байболова бұл мәселеге қатысты.– Мысалы, баланың туған жерін контурлық картаға бір рет өзіне сызғызсақ, ол соны кейін есейгенде де ұмытпайды» [9, 82-б.].* Расында тарих пәнінің күрделі тақырыптарын игеруде арнайы карталардың орны ерекше. Картаны сызу арқылы бала оқулықтағы материалды тез жаттап, оны мәңгі-бақи ұмытпайтындай болады. Себебі жаңа сабақты картаны бояу арқылы бекіту – ең тиімді әдістердің бі-

рі. Әрі бақылау жұмысында, мемлекеттік емтихан тапсырғанда осы білімі өз септігін тигізеді анық.

Байқауымызша, сараптамалық мақала авторы кездейсоқ адамдарды сөзге тартпаған. Қайта Қазақстан тарихының карталарын жасауға қандай мекеменің қай маманы жауапты, немесе карталардың жарық көріп, білім беру саласына қызмет етуіне кімдер мүдделі тек сол маманды ғана сөзге тартқан. *«Тақырыптық карталар мүлдем жоқ емес, бар. Мысалы, М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің оқытушысы т.ғ.к. проф. Шәбден Әділұлы он шақты тақырыптық карта жасаған,– деген пікір айтады Астана қалалық Білім беру жүйесі мамандарының біліктілігін көтеру және қайта даярлау институтының тарихшы-әдіскері Әсия Оспанова.– Мен осы оқу орнында оқығанымда сол ағайымыздың картасын бізге таратқан. Кәдімгі А4 форматты, стандарт беттегі тақырыптық карталар. Соларды үлкейтіпкіреп көбейтіп, бүкіл республика мектептеріне неге тегін таратпаса?!» [9, 83-б.].* Ә.Оспанова бұдан әрі атлас, тақырыптық карталардың маңызына тоқталады.

Жұрнал тілшісі бұдан әрі қазақ-түрік лицейлерінің әдіскері, тарихшы Хадиша Ермұқанованың, тарих ғылымдарының кандидаты Жігер Өтебадиевтің, Т.Тұрлығұловтың сөзінде аталып өткен «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» Акционерлік қоғамының президенті Гүл Нұрғалиеваның, «Исторический атлас Казахстана» деген еңбектің жалпы редакциясын басқарған профессор Ж.Таймағанбетовтің пікірлерін түгел келтіреді. Әрі кездейсоқ мамандармен сөйлеспей, жоғарыда аталған тақырыптық, контурлық, саяси карталарды жасауға тікелей не жанама қатысы бар, немесе кезінде сонымен айналысқан ғалым-әдіскерлермен, тұтқалы орындардағы жауапты қызметкерлермен сұхбаттасқан.

Автор аталған мақаласында Қазақстан тарихының кескін немесе атлас карталарын шығаруды кез-келген біреуге емес, арнайы білімді мамандарға тапсыру қажет екенін айтып, **карта мәселесі қазіргі таңда зәру мәселе, әрі кезек күттірмейтін басты шаруа** екендігіне тоқталған. Осыған дейін шығарылған кескін картадағы қолданылған мәліметтерді жаңадан карта шығаруда пайдаланып, ал орыс тіліндегі саяси картаны қазақ тіліне аударту керек. Және де бұл іске аса зор жауапкершілікпен қарап, аянбай еңбек ету қажет. Республикамыздың Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған арнайы тарихшылардың ұжымы карта шығаруды қолға алып, еліміздің барлық орта және орта арнаулы оқу орындарындағы мұғалімдер мен оқушыларға біркелкі тұтас таратып, жетпегенін түгендеген дұрыс. Ал карта жасауда картограф мамандар мен әдіскерлер, тарихшы ғалымдардың көмегіне жүгіну керек.

Автор аталған мақаласын: *«Әрине, карталардың мазмұндық, формалық сапасы да барлық талаптарға сай болуы қажет. Сонда ғана жас ұрпақ алдындағы қарызымыз бен парызымыз өтеліп, Қазақстан тарихы пәнінің сапасы қазіргі деңгейінен әлдеқайда жоғарылайтынына кәміл сенеміз...» [9, 83-б.], – деген түйінді пікірмен аяқтайды.*

Соңғы уақытта редакция жұрнал мазмұнын байытып, мектепті тәуелсіздік рухында қайта құру ісіне де атсалысуда. Қазақ қоғамына білім мен біліктің, ұлылық пен имандылықтың нәрін беріп, өскелең ұрпақтың зердесіне халық педагогикасының лағылы мен жақұтын, тарихы, әдебиеті мен салт-дәстүрін

заман ағысы мен көшіне сай мөлдір бастаудан сусындатып отырған салалық басылым – «Қазақ тарихы» журналы. Айналысына оқу, үйрену, іздену, тәжірибе жинау сынды ізгіліктің нұрын шашып келеді.

3. Ашық сабақ және әріптес пікірі мәселесі.

Әдістемеге қатысты ендігі мәселе – Қазақстан мектептеріндегі қатардағы тарих пәні мұғалімдерінің өз әріптесінің ашық сабақтарын талдай білуі. Егер тарихшы ұстаз өз әріптесінің ашық сабағын талдай алса ғана оның кемшілігі мен жетістігін көре алады. Қасындағы әріптесінің кемшілігі мен жетістігін көрген мұғалім ғана өз сабағында кемшілік жібермей, тек озық әдіс-тәсілдерді қолданып, сабақ сапасын жақсартып алады.

«Қазақ тарихы» редакциясының журнал бетінде тек сабақ жоспарларын ғана жариялай бермей, сол сабақтарды талдап, қатардағы тарих пәні мұғалімдерінің өз әріптесінің ашық сабағының кемшілігі мен жетістігін көрсеткен талдау пікірлеріне көбірек орын беруге тырысуының басты себептері де осы болатын. Сол мақсатта журнал «Ашық сабақ және әріптес пікірі» деген айдар ашып, жер-жердегі қатардағы тарих пәні мұғалімдері мен тарихшы әдіскерлердің өз әріптесінің ашық сабағының кемшілігі мен жетістігін көрсеткен талдау пікірлерін көптеп жариялай бастады.

Мұндай ашық сабақтардың талдауына арналған басқосуларға көбінесе елімізге танымал әдіскер-ғалымдар Т.Тұрлығұлов, Қ.Жүкешов, Қ.Құнапина, Б.Әбдіғұлова және олардың ізбасарлары Ж.Сыманқұлова, Г.Жусанбаева қатысыпты. Аталған ғалымдардың барлығы дерлік «Қазақ тарихы» журналының ақылдастар кеңесінің мүшесі әрі тұрақты авторлары еді. Әуелде қарапайым тарих пәні мұғалімдері болып қызмет жолын бастаған тарихшылар, қазіргі таңда ғылым жолына түсіп, тарих ғылымдарының кандидаттары мен докторлары болды.

Жоғарыда аталғандай ашық сабақтардың талдаулары көбінесе білім мен ғылымның, қазақ мәдениеті мен өнерінің ордасы Алматыда өткен сияқты. Кейінірек бірте-бірте Астанада, еліміздің облыс орталықтары мен ірі қалаларында өте бастады. «Қазақ тарихы» журналының тілшісі Астанада, Талдықорғанда, Атырауда, Семейде, Шымкентте, Қапшағай мен Шелекте өткен конференцияларға да арнайы қатысып, мақала жариялапты. **Соның ішінен Қапшағайдағы №3 қазақ орта мектебінде өткен «Он екі жылдық білім беру жүйесінде тарих пәнін оқыту мәселелері» тақырыбындағы тарих пәні мұғалімдерінің қалалық семинар-практикумына** тоқталайық.

Журнал тілшісі ең әуелі қазақ орта мектебінің директоры Бейбітгүл Тәукеноваға, Қапшағай қаласының әдіскері Салтанат Ахметоваға, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты, әдіскер Жанат Сманқұловаға жеке-жеке сөз беріп, өтіп жатқан қалалық семинар-практикумның мән-жайымен толық таныстырады.

Аталған жиын барысында жиналған тарихшы-әдіскерлер Қазақстандағы жаңа оқу жүйесі 12 жылдық білім беру, мектептегі 5-8-сыныптар аралығындағы білім деңгейі, мазмұны, балаларда тарихи сана мен білімнің сапасын жақсарту, деңгейін жоғарылтудың жолдарын қарастырып, жаңа технологияларды сабақ барысында қолдану сияқты мәселелер жайлы

өз пікірлерімен бөлісті. Ол жайлы тілші былай деп жазады: *«Әсіресе, Қапшағай мен оның төңірегіндегі 14 мектептен жиналған тарихшы ұстаздар әдіс-тәсілдер, озық тәжірибелер туралы ойларын ортаға салды»* [10, 103-б.].

Бұдан соң басқосуға жиналғандар осы мектептің 5-сыныбының бірінде «Ежелгі Қазақстан тарихы» тақырыбында өткен ашық сабаққа қатысыпты. Оны қала төңірегіндегі №8 орта мектептің тарих пәні мұғалімі Ақмарал Қожамберлинова №3 қазақ орта мектебінің оқушыларына өткізген екен. Соңында семинар-практикумға қатысушылар әріптестері А.Қожамберлинованың ашық сабағын талқылаған.

Ең әуелі Қапшағай қаласының әдіскері әрі басқосуды жүргізуші Салтанат Ахметова сөз алып, ашық сабақты өткізуші А.Қожамберлинованы семинар-практикумға қатысушыларға толық таныстырып, әріптестерінен ойларын әрі қысқа, әрі нақты айтуды өтініпті. Одан кейін ашық сабақ өткізген ұстаз сабақта қандай әдіс-тәсілдерді қолданғанын, білім мен танымда неге баса мән бергенін, өз ойынша қандай кемшілікке жол беріп, көздеген үш мақсатына жеткен-жетпегенін айтқан.

Орынды сын адамның шығармашылық қабілеттерін, біліктіліктерін арттыра түсуіне, жетпей жатқан тұстарын толықтыра түсуіне септігін тигізеді. Ал сол бір ұстазға қарап, қалғандары да бой түзейді. Сол себептен басқосу тарихшы ұстаздардың өзара тәжірибе алмасуы мақсатында ұйымдастырылғандықтан, ұстаздар қауымы жеке-жеке өз ойларын айтып, пікірлерімен бөлісті. Олар әріптестері А.Қожамберлинованың ашық сабағының кемшілігі мен жетістіктерін айтып, болашақта мән беруге тиіс мәселелерді ескертіпті. Ең соңында Қапшағай қаласының әдіскері Салтанат Ахметова семинар-практикумды қорытындылап, өздерінің көздеген мақсаттарына жеткенін айтып, келешекте ескеретін жағдаяттарды ортаға салған.

Журналдың тілшісі өз мақаласында ашық сабақ өткізген мұғалімнің қабілеті мен оқытушылық деңгейі өте жақсы, әрі білікті маман екендігін айта келе, дегенмен білімі мен оқыту әдісін одан әрі дамыта түссе нұр үстіне нұр болатынын сөз етеді. Расында жаһандану үдерісінде ХХ ғасыр мұғалімі бәсекеге түсе алатындай жан-жақты хабардар, білімді болуы шарт, әрі ондай мұғалімдердің балаға айтары да, берер кеңесі де терең тамыр жайып, мәңгі есте қалары анық. Сол себептен де мектеп мұғалімдерінің ұғымтал, зерек, дарынды жас ұрпақ тәрбиелеуде атқаратын рөлі зор. Оқушыларға білім беруде пайдалы ақпаратты бере отырып, жаңа технологияларды сабақ үстінде пайдаланғаны дұрыс.

«Қазақ тарихы» журналындағы әдістемеге қатысты тағы бір жаңалық – 2005-2006 жылдардан бастап, бірнеше жыл қатарынан төл тарихтың теориялық мәселелеріне арналған тарихшы ғалымдардың мақалаларының қайсысын қандай тақырыпты оқытқанда пайдалануға болатыны туралы дәл автордың тақырыбының астына нақты сілтемелер беріліп отырды. Осы ширек ғасырға жуық уақыт ішінде қоғамдық пәндерді оқытудағы заманауи технологиялармен таныстыратын материалдар тұрақты түрде жарық көруде.

2008 жылы «Қазақ тарихы» журналының редакциясы басылымның тұңғыш санының жарық көргеніне 15 жыл толғанын атап өткен еді. Осы мерейтойға байланысты журналдың меншікті тілшісі әрі №4 мектеп-гимназияның тарих пәні мұғалімі

Сейітқали Дүйсенов Астана қаласында Қазақстан тарихшылар қауымдастығы астаналық бөлімшесінің кезекті отырысын «Қазақ тарихы» журналының 15 жылдығына арнау туралы ұсыныс жасайды. Қауымдастық бөлімшесінің мүшелері бұл ұсынысты қуана қолдайды. Сөйтіп 2008 жылдың 27 қарашасында Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің ғимаратында Қазақстан тарихшылар қауымдастығы астаналық бөлімшесінің ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өткізіледі. Оны Қазақстан тарихшылар қауымдастығы астаналық бөлімшесінің жетекшісі, Еуразия ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы, журналдың ақылдастар алқасының мүшесі әрі белсенді авторы Хангелді Әбжанов жүргізген.

Журналдың ақылдастар алқасының мүшесі әрі белсенді авторы Х.М.Әбжанов өзінің кіріспе сөзінде «Қазақ тарихы» журналы туралы: *«Бірінші бөлімде тарихшы, саясаттанушы, философ, басқа да қоғамтанушы ғалымдардың ғылыми зерттеу мақалалары жарияланса, екінші бөлімде мектепте тарихты оқытуға арналған мәселелерге орын беріледі»* [11, 41-б.], – дей келе журналдың ақылдастар алқасының құрамында елордалық танымал философ, тарихшы, заңгер, педагог ғалымдардың мол екенін тілге тиек етіп, академик Ғарифолла Есім, парламент депутаты, саясаттанушы-ғалым Камал Бұрханов, тарих ғылымдарының докторлары Амангелді Құсайынов, Бүркітбай Аяған, Жамбыл Артықбаев бастаған бірқатар астаналық ғалымдардың есімін атайды. Аталған ғалымдардың біразы ұзақ жылдар бойы журналдың мазмұнын байытуға атсалысса, кейбірі басылымды жұртшылық арасында насихаттауға өз үлесін қосқанын айта кетеді.

Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы, тарих ғылымдарының докторы Зиябек Қабылдинов та әріптесі Х.Әбжановтың журнал туралы пікірін құптайды. Ғалым өз сөзінде: *«Шетелдердегі қандастарымыздың тарихынсыз қазақ тарихы тұтас болмайды. Жат жұрттағы қазақтар қатарында «ирреденттер» барын да ұмытпауымыз керек»* [11, 41-б.], – дей келе еліміз тәуелсіздік алғаннан бері мыңдаған қандастарымыздың атамекеніне оралғанына, сөйтіп еліміздің қоғамдық-саяси өміріне ықпалын тигізгенін мысалдармен дәлелдеп, «Қазақ тарихы» журналында осы мәселені індетіп жаза түссе деген тілек білдіреді.

Бұдан соң осы университеттің доценті Баянбай Құсайынов, докторанты Арайлым Мұсағалиева, ҚР Мемлекет тарихы институтының өкілі Бақтығали Шәпиев сынды зерттеушілер де сөз кезегін алып, журналдың мазмұнын байыту, сапасын жақсартуға түсуге байланысты өз ұсыныс-пікірлерін ортаға салыпты.

Өрине, аталған дөңгелек үстелдегі басты мәселе – қоғамдық пәндерді оқытудың әдіс-тәсілдері, яғни әдістемелік мәселелер. Бұл туралы «Зерде» мектебінің тәжірибелі тарих мұғалімі Катаин Уәлиева мен №7 мектептің тарихшы мұғалімі Қозыбағар Шәйкелов бастаған ұстаздар қауымы да мектеп тарихшысының мұң-мұқтажын ортаға салады. Олар ең әуелі «Қазақ тарихы» журналының мектептегі тарихшы ұстаздардың күнделікті сабақта жиі пайдаланатын әдістемелік дүниесіне айналғанын атап өтеді. К.Уәлиева басылымның өткен он бес жылдың ішінде тарихшы мұғалімдердің білімін көтеріп, кәсіби шеберлігін шындайтын нағыз педагогикалық шеберханаға айналды деп бағалады. Ал Қ.Шәйкелов «Қазақ

тарихы» журналында жарияланған тарихи-танымдық материалдардың ел арасына да қызу пікірталас туғызғанының талай рет куәсі болғанын тілге тиек етті.

Журнал бетінде оқу-әдістемеге арналған сан алуан айдарлармен жарық көрген мақалаларда тың идеялар мен озық тәжірибелер, қажетті ұсыныстар жетерлік. Тіпті жаңа технологиялар жайлы тың ақпарат та беріліп отырды. Журнал қызметкерлері ғаламтордан тарихшы ұстазға қажетті, пайдалы әлемдегі тарихи жаңалықтарды, ақпараттарды іздеп, оны қазақ тіліне аударып, тұрақты түрде журналда жариялады. Қазақстан тарихы, Дүниежүзі тарихы, Құқықтану пәндеріне арналған арнайы айдарлардың ашылуы да ұстаздар қауымына көмектесу мақсатында пайда болған. Әр нөмір сайын 15-35 мұғалімнің әдістемелік мақалалары мен сабақ жоспарлары шығып, республикадағы барша әріптестерімен тәжірибе алмасады.

Журналдың бұрынғы және қазіргі сандарын өзара салыстырсақ, бүгінгі күні білім беру жүйесіндегі инновациялық үдерістерді басқару мәселелері, еліміздің әр деңгейлі оқу орындарындағы оқу мен тәрбиенің өзара байланысы, жас ұрпақтың білімге деген құлшынысы мен патриоттық сезімін оятатын танымдық сабақтар мен жаңашыл еңбектерді көптеп кездестіруге болады. «Қазақ тарихы» мектеп-ұстаз-шәкірт үшін жаңалықтың жаршысы болу дәстүрінен айныған емес. Елімізде мектеп пен жоғары оқу орындарында қоғамдық пәндерді оқытудың өзгерістерін айқын сезініп, оның жүріп өткен жолы мен бүгінгі жеткен биігін айқын елестетуге болады. Қазақ мектебінің хал-жағдайы, қоғамдық пәндердің оқытылу деңгейі қандай болды екен деген сауалға да осы журнал беттерінен жауап табуға болады. Республика білім беру ұйымдарындағы озық идеялар мен соны ғылыми-әдістемелік жаңалықтар, тағылымы мен үлгі-өнегесі мол тәжірибелер осы журнал арқылы тарап, оқу-тәрбие игілігіне жарады.

Журналдың ширек ғасырлық мазмұндық, сапалық жетістіктеріне зер сала қарасақ, отандық білім саласының дамуымен бірге «Қазақ тарихы» журналы да дамып, кезең-кезеңімен өрге басып келгенін көреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Ыбыраев М.** Жақсарған үстіне жақсара түссе. // Қазақ тарихы. – 1998. – №4-5. – 76-77-бб.
2. Журнал тілшісі. Оқулық авторларымен кездесті // Қазақ тарихы. – 1998. – №4-5. – 79-б.
3. **Әбдіғұлова Б.** Оқулықтың ғылыми-әдістемелік негіздері // Қазақ тарихы. – 2000. – №3. – 65-66-бб.
4. **Төленбаев Ә.** Қай оқулыққа сенеміз? // Қазақ тарихы. – 2000. – №3. – 67-68-бб.
5. **Тұрлығұл Т.** Жаңа оқу құралдарының жаңалығы неде? // Қазақ тарихы. – 2001. – №1. – 58-63-бб.
6. **Жүкеш Қ.** Оқулық жазудың талап-шарттары // Қазақ тарихы. – 2001. – №1. – 63-70-бб.
7. **Арунов М.** Қатесіз оқулық – дұрыс білім кепілі // Қазақ тарихы. – 2008. – №2. – 93-94-бб.
8. **Барлықбеков Д.** Тарих оқулықтары оңды болсын! // Қазақ тарихы. – 2013. – №5. – 35-36-бб.
9. **Салықбай Ә.** Қазақстан тарихының қарталары қашан жасалады? // Қазақ тарихы. – 2008. – №1. – 81-84-бб.
10. **Салықбай Ә.** Қапшағайдағы басқосу қалай өтті? // Қазақ тарихы. – 2006. – №2. – 101-105-бб.
11. **Дүйсенов С.** Қауымдастық бөлімшесінің отырысы «Қазақ тарихына» арналды // Қазақ тарихы. – 2009. – №1. – 41-42-бб.

АЛАШ АРЫСЫ – ҚАБЫШ БЕРДАЛИН

Зәмзәгүл САБДАНБЕКОВА,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының,
тарих және Қазақстан халқы ассамблеясы
кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Төңкерістен кейін Ресейдегі сияқты Қазақстанда да саяси партиялар мен ұйымдар көптеп құрылды. Солардың бірі де бірегейі – «Алаш» партиясы. Алаш жетекшілерінің идеясын жергілікті жерлерде жүзеге асыруда Павлодар-Ертіс өңірінен шыққан жерлестеріміз Ахметолла Барлыбаев, Мұқыш Боштаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әбікей Сәтбаев, Имам Әлімбеков, Қабыш Бердалин сынды қайраткерлер Алаш қозғалысының белді мүшелері болды.



Қабыш Бердалиннің отбасы: Бірінші қатарда – ұлы Фарит. Екінші қатарда солдан оңға қарай – қызы Файза, қызы Нұран, жұбайы Бибіханым, ұлы Ғабдолбәрі.

Павлодар қаласы, 1929 жыл.

Қазақтың тағдырына алаңдап, туған елінің туын көтеруге асыққан зиялы қауымның арасынан осы уақытқа дейін аты аталмай, ұрпақтары тарапынан тиісті бағаланбай қалған ардақтыларымыз қаншама?! Осындай тұлғалардың бірі – Павлодар-Ертіс өңірінің тумасы, Алаш арыстарының бірі – Қабыш Бердалин.

Қабыш Бердалин 1873 (кейбір деректерде 1867) жылы Семей облысы, Павлодар уезінің

№ 8 ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. «Бөрі Бәсентин» руының бай отбасынан шыққан (ата-бабалары округ, болыс басқарушылары, ауыл старшындары, би-соттар және т.б қызметтер атқарған). Әкесінің аты – Иса, атасының аты – Бердәлі [1].

Қабыш – әйгілі аға сұлтан Қазанғап би Сатыбалдыұлының шөбересі. Атасы Бердәлі де би, аға сұлтан, қазы қызметін атқарған, әскери шенді қайраткер болған. Әкесі Иса ауыл старшыны, би, ірі кәсіпкер болған [2]. Ата жолын қуған Қабыш та болыс басшысы, Уақытша үкімет кезінде қалалық Дума, сот мүшесі [3], Павлодар уездік атқару комитетінің мүшесі (18 наурыздың 1917 жылғы хаттамасы бойынша) [4], Семей облысының Земство комитетінің мүшесі [5] қызметтерін атқарады. Сауатты, бірнеше тілді меңгерген, діни білімі болғандықтан, мухтасиб қызметіне тағайындалып, бүкілресейлік мұсылмандардың руханияттық жұмысына ат салысатын [6]. Бірнеше жыл бойы үздіксіз Семей облысы, Павлодар уезіне қарасты «Қараоба» болысының басқарушысы болған [7].

1929 жылғы дерек бойынша, Қ.Бердалиннің отбасы құрамында 6 адам болған. Жарының есімі – Оспанова Бибіханым, ұлдары – Қабышев Фарит (1912 жылы дүниеге келген), Қабышев Ғабдолбәрі (1928 жылы дүниеге келген), қыздары – Файза (шамамен 1919 жылы дүниеге келген), Исина (кейін Исенова) Нұран (1925 жылы дүниеге келген).

Кейін Алаш ұлттық партиясының мүшелігінде болып, Павлодардағы Алаш Орда комитетінің төрағасы болып сайланады. 1917 жылы 5 – 13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында өткен Алаш Орданың II Жалпықазақ съезіне Семей облысынан делегат болған.

Ақын ретінде өлеңдер, әндер шығарып, философиялық нақыл сөздер қалдырған. Газет-журналдарға өз өлеңдерін Молда Мұқан Машанов деген лақап атпен берген [8].

Қабыш Бердалиннің қызмет жолы Алаш қозғалысы кезеңінде айқын көріне бастады. Алаш қайраткерлерімен бірге 1917 жылы 5 – 13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында өткен II Жалпықазақ съезіне Семей облысынан Қабыш Бердалиннен басқа, Жүмеке Оразалыұлы, Тұрағұл Ибраһимұлы, Әлімхан Ермеқұлы, Халел Ғаббасұлы, Ахмет Шегірұлы, Ахметолла Барлыбайұлы делегат болған [9, 59-б.]. Ұлттық-территориялық қазақ автономиялық мемлекетін құруда съезд делегаттары бірауыздылық танытқанымен, оны ресми түрде жариялау мерзімі мәселесіне келгенде бір-біріне қарама-қайшы екі бағыт қалыптасқаны тарихтан белгілі.

Ә.Бөкейханов және оны жақтаушылар съезде өкілдері болмаған, Қазақстанды мекендейтін орыстардың еркін білмейінше автономия жариялауды кідірте тұру

кажет деді. Ж. Досмұхамедов бастаған Орал облысы мен Бөкей Ордасының өкілдері автономияны дереу жариялауды қажет деп санады [9, 30-31-б.]. Қабыш Бердалин тез арада автономия құруға қарсы дауыс беріп [9, 103-б.], Ә. Бөкейхановты қолдаған.

Автономияны қашан жария ету мәселесі бойынша съезде екі пікір айтылды. Бірсыпыра өкілдер автономияны қазір жария етілік десе, екінші жағынан автономияны ресми жария етуді Алаш Орда үкіметіне тапсыралық. Әуелі милициямызды құрып алалық. Түркістан қазағымен сөйлеселік. Содан кейін жария етілсін. Мұнымыз саяси әдіс болар дейді. Бұл мәселені шешу үшін өкілдердің аттары аталып, тас салынды. Автономия ресми жария етуді арамыздағы жат жұрттармен сөйлескенше һәм милициямызды құрып алғанша тоқтата тұруды лайық көріп, тас салғандар қатарында: Қабыш Бердалин, Ахметолла Барлыбайұлы, Ілияс Жанқараұлы, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов сынды қайраткерлері болды [9, 363-364-б.].

Бұдан біз Қабыш Бердалин қазақ мемлекеттілігі жайындағы мәселеге бей-жай қарамағанын байқаймыз. Ол ұлттық территориялық мемлекетті құру үшін асығыстық танытпауды жөн көрді. Оның үстіне Ресейде орын алған жағдайларға байланысты тез арада автономия құру мүмкін емес болды. Осы тұрғыда Бөкейхановтың көзқарасын жақтады. Дегенмен ұлттық, жалпыхалықтық мүддені жеке бастарының сайыс ұпай жинауынан жоғары қойған Ә.Бөкейханов пен Ж.Досмұхамедовтың жақтастары Алаш автономиясын жариялау мерзімі туралы ортақ, ымыралы келісімге келді. Екі жақтың көзқарастарын жақындатуға алғашында бүкіл қазақ жерін Түркістан («Қоқан») автономиясының құрамына енуін жақтаған, ал соңынан бұл пікірінен бас тартқан Мұстафа Шоқай оңды рөл атқарды. **Съезд қабылдаған ымыралы қаулының негізгі баптары мыналар еді:** «1) Бір айдың ішінде Алашорда Түркістан қазағын бүкіл Алашқа қосып алады, қосып алса – алмаса да бір айдан кейін халыққа білдіреді...; 2) Егер бір айдан кейін Алаш баласы (қазақтар) қосылмаса һәм қалған Алашқа иілан (жария) етілмесе, әркім өз күнін өзі көреді; 3) Егер Түркістан қазағы бір айда бізге қосылса, автономияны қашан иілан ету ықтияры Алашордаға берілсін» [9, 31-б.].

Алаш қозғалысының өрістеуіне уездердің де рөлі ерекше болды. Бұл ретте алдымен Қарқаралы, Ақтөбе, Павлодар, Қостанай, Ойыл, Үржар, Көкшетау, Зайсан, Ырғыз, Қойлық уездеріндегі іс-қимылдарды айтуға болады. Павлодарда Алаш үкіметін қолдау мақсатында 1918 жылдың 15 ақпанында уездік съезд өткізіліп, қазақ комитеті құрылды [10, 106-б.]. Съезде ұлттық қаржылық қордың құрылуы жөніндегі сұрақ қаралды. Съезге Қ.Бердалин, А.Барлыбаев, Т.Құнанбаев, М.Дулатов және т.б. (Бұл уақытта қала билігі жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінің қол астында болған еді) қатысты [11, 8-б.]. Осы комитет мүшелерінің ұйымдастыруымен жаңадан орнаған кеңес үкіметі құлатылды. Ал осы жылдың маусымында II уездік съезде Алашорданың Павлодар уездік Кеңесі құрылып, оның төрағалығына Қабыш Бердалин сайланды [10, 106-б.]. Төрағаның орынбасары болып А.Барлыбаев тағайындалса, мүшелігіне И.Бадисов, М.Жалелдинов, О.Күзембаев кірді.

Қ.Бердалин Павлодар уездік кеңесінің төрағасы ретінде идеологиялық, насихаттық, тұрғындар арасында ұйымдастырушылық, нақты-тәжірибелік жұмыстарды жүзеге асырды. Алаш Орда уездік кеңесінің басшылығымен Павлодар уезінде больше-

виктермен күресу үшін 150 жігіттен тұратын алаш отряды құрылды [12, 149-б.]. Қабыш Бердалин жергілікті уездік органның жетекшісі ретінде үлкен жұмыс атқарған. 1919 жылы 7 шілдеде құрамында Т.Құнанбаев және Қ.Бердалин болған Семей облыстық Земствосының делегациясы Уақытша Сібір басқармасының Министрлер кеңесімен келіссөздер жүргізді. Келіссөздерде қазақ соттары, әкімшілік құрылымдар, жер қарым-қатынастарын реттеу жөніндегі мәселелер талқыланды [11, 8-б.].

1918 жылдың 11-24 маусым аралығында Алаш Орда үкіметі заңды күші бар бірнеше қаулы қабылдады: «Кеңес билігінің заңдары мен қаулыларын жою туралы», «Земство жайында», «Әскери Кеңес құру жайында» және т.б.

Алайда Павлодар уездік «Алаш» кеңесі мақсаттарына жете алмады. Кеңес билігі 1919-1920 жж. кезеңінде алашордалықтардың ұлт-азаттық қозғалысын талқандап, көптеген «Алаш» қайраткерлері «антикеңестік қозғалысына» байланысты қуғын-сүргінге ұшырады. Павлодарда «Алаш» кеңесі 1919 жылы Қызыл әскердің күшімен жойылып, қалада және уезде большевиктер билігі орнады [12, 149-б.].

Павлодардағы Алаш қозғалысына белсене қатысып, Кеңестік билікті мойындамаған Қабыш Бердалинге «контрреволюционер» деген айып тағылып, қуғын-сүргінге ұшырады. 1928 жылы 18 қазанда Павлодар округтік атқару комитеті Президиумының отырысында №19 хаттамасымен Қабыш Бердалинның дүние-мүлкін тәркілеп, Ақтөбе округіне отбасымен бірге көшіру жайында шешім қабылданды. 1928 жылы 23 қазанда Қабыш Бердалинның Ақтөбе округінде тұрақтап қалуына төлқұжат берілді [13].

Алайда, Қабыш Бердалин бұл шешімге келісе алмады. Оның әйелі Казсовнаркомның төрағасына Ақтөбе округіне қоныс аудару жөніндегі шешімнің қайтарып алуын сұрап, телеграмма жібереді [14].

ОГПУ-дің қуғындауы салдарынан Павлодар округінен 1928-1934 жылдары Омбы облысына қоныс аударды. Жерлестерінің куәгерлігі бойынша оның 1932 жылы біршама уақыт Омбы қаласының тұрмесінде ұсталғаны айтылады [15].

Қабыш Бердалиннің басқа жерге қоныс аударуы жайында Павлодар облыстық мемлекеттік мұрағатында мынадай мәлімет бар: «Туысы Сұлтанов Абдрахманмен арадағы отбасылық кикілжіңнен кейін және 1928 жылғы өлеңі үшін қудалаудан қорқып, Қазақстанды тастап кетуге мәжбүр болып, Батыс Сібірге көшіп кеткен. Алғашқыда Қызыл Ту ауданында тұрып, кейін Омбы облысының Омбы ауданына көшіп кеткен. Қазақстаннан көшіп кеткеннен кейін 1934 жылдың 7 қаңтарында тұтқындалғанға дейін басқа фамилиялармен және бөтен құжаттармен, тұрақты жұмыс істемей өмір сүрген» [16]. Яғни, Қабыш Бердалиннің туған жерін тастап көшіп кетуіне отбасылық кикілжіңнен басқа, саяси жағдай да ықпал еткен. Жоғарыда айтқанымыздай, ол өлең шығарған, 1928 жылы шығарған өлеңін болашақта табуға тырысамыз және біздің ойымызша қудалаудан қорыққанына қарағанда бұл кеңес үкіметіне қарсы мазмұнда болған сияқты.

Қуғын-сүргінге байланысты 1930-1931 жылдары тегін Исинге ауыстырған. Оның сотталғаны жайында мұрағатта «15 марта 1934 года Постановлением Особой тройки ПП ОГПУ ЗСК осужден по ст. 58 – 10 – 11 УК РСФСР на 3 года лишения свободы, считая срок с 04.01.1934 года» деп көрсетілген [17]. Жазасын өтеу үшін ОГПУ Сібірдің Юргинск лагерлік пунктіне жіберіледі [18].

Қабыш Бердалинмен бірге осы лагерьде Ниязов Темір, Баржақсин Ахмет, Н.Худояров, Есентаев Сәдуақас, Әйтпенов Мұхан Керейбайұлы (Кирейбаевич), т.б. жазаларын өтеген.

Қабыш Бердалиннің қайтыс болған уақытын бір деректерде 1934 – 1937 жылдар аралығы деп көрсетілсе, басқа бір деректерде 1945 – 1947 жылдар аралығы деп көрсетілген [17]. Яғни, қарап отырсақ, қайтыс болған жылдары бойынша да деректердің екі түрлі болып берілуі, бұл мәселенің біраз зерттеу қажет екендігін байқата түседі.

Жалпы алғанда, біздің Павлодар өңірі де ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі саяси оқиғалардың ықпалынан сырт қалған жоқ. Өлкеміздің ұлттық зиялылары ұлт мәселесі үшін, Алаш ұранды қазақ үшін қаймықпай күресті. Қабыш Бердалин туралы деректердің мұрағаттардан ғылыми айналымға тартылуы өлке тарихының ақтандық беттерін толықтыруға мүмкіндік береді десек те, өлкемізден шыққан басқа Алаш зиялылары туралы зерттеулер әлі де өз зерттеушілерін күтіп отырғаны анық.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе архивного материала Павлодарского областного архива анализированы некоторые аспекты жизни и деятельности члена партии «Алаш», председателя Совета Алаш-Орды Павлодарского уезда Қабыша Бердалина.

The article on the basis of archival material of the Pavlodar regional archive analyzed some aspects of the life and work of the member of the party «Алаш», the

Chairman of the Council of Alash-Orda Pavlodar district of Kabysh Berdalina.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Павлодар облыстық мемлекеттік мұрағаты. (одан әрі ПОММ.). 719-қ., 1-тізім, 455-іс, 1-п.
2. Қазанғап би Сатыпалдыұлы. /Құраст.: **Ә.Қ.Елемесов, Қ.Ә.Малғаждаров.** – Павлодар: Кереку, - 2008. 41,46,49-бб.
3. ПОММ 719-қ., 1-т., 453-іс, 30-31-пп.
4. ПОММ 719-қ., 1-т., 453-іс, 35-п.
5. ПОММ 719-қ., 1-т., 453-іс, 39-п.
6. ПОММ 719-қ., 1-т., 453-іс, 32, 43-пп.
7. ПОММ 719-қ., 1-тізім, 455-іс, 2-п.
8. ПОММ 719-қ., 1-тізім, 455-іс, 2-п.
9. Алаш. Алашорда. Энциклопедия. /Құраст.: **Ғ.Әнес, С.С.Смағұлова.** – Алматы: «Арыс» баспасы, - 2009. – 544 бет.
10. **Е.Тілешов.** Алаш қозғалысына қатысқандар: күрескерлерге тағзым, аяулы есімдерге құрмет. // Ақиқат. - № 11. - 2013. 106 – б.
11. **Калиева Ж.** Свобода – прежде всего. Интеллигенция Павлодарского уезда - в движении Алаш. // Звезда Прииртышья - № 16(17670). – 2008. - 12 ақпан.
12. **Утюбаев Е.Ш.** Деятельность партии «Алаш» в Павлодарской области. // Педагогический вестник Казахстана. - № 02. - 2009. С.149
13. ПОММ 719-қ., 1-тізім, 459-іс, 8-п.
14. ПОММ 719-қ., 1-тізім, 478-іс, 10-п.
15. ПОММ 719-қ., 1-тізім, 459-іс, 2-п.
16. ПОММ 719-қ., 1-тізім, 476-іс, 3-п.
17. ПОММ 719-қ., 1-тізім, 470-іс, 2-п.
18. ПОММ 719-қ., 1-тізім, 477-іс, 1-п.

ҚЫЗЫЛ ҚЫРҒЫННЫҢ ҚҰРБАНЫ

(Зында Шорманов хақында)

Анар КӘРІМОВА (Каримова),
тарих ғылымдарының кандидаты,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық
институтының тарих және Қазақстан халқы
ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі

*Мықтыны әлсірете отырып,
әлсізден күштіні жасауға болмайды.
Байды құрта отырып, кедейге
көмектесу мүмкін емес.*
Авраам Линкольн.

Кеңес империясы тұсында қазақ халқының қайғы-қасіреті мен қызығы мол қуанышы қатар жүрді десек, жаңсақ айтқан болармыз. Қуанышы мен қызығы көш кейін қалып отырғаны жасырын емес. Сол қайғы-қасіреттің бірі – ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы Кеңес үкіметінің байларға қарсы жүргізген саясаты. Дәлірек айтсақ, 1928-29 жылдардағы «Ұлы кәмпеске», яғни Голощекиннің «Кіші Қазан» атанған қитұрқы әрекеті еді. Әсіресе, құйқа тамырынды шымырлатар, «шаш ал десе, бас алатын» Қызыл империяның «қызыл қырғыны». Әрине, сол кезде Кеңес үкіметін халық қол соғып қолдады. Оның нығаюы үшін талайлар жанын беріп, қанын төкті. Себебі ол үкімет «Теңдік», «Еркіндік» деген ұранды ту қып көтерген еді.

Осыған орай көшпелі қыр қазақтарының ішіндегі ауыз толтырып айтар үлкен топтың бірі – байлар. «Бай» деп барлық игілікке ие адамды, өз меншігін ұйымдастырушыны, басқарушыны айтқан. Қазіргі тілмен айтсақ, демеушілік қызметті атқарған. Осындай асыл да текті адамдар елдің сөзін ұстап, мал мен жанға, елге иелік жасаған. Сол тұста қазақтың байлары мен ауқатты жандары аяқ астынан қанаушы тапқа жатқызылды. Мал-мүлкі тәркіленіп, өзі немесе отбасыларымен жер аударылды. Бай мен кедей тең болу деген ұран атойлап тұрды. Байдың көзін құртсаң, әділдік орнайды деп, тепе-теңдік өзінен-өзі орныға қалатындай сенді. Сол кезде ел ішінен шыққан кедейлерден шалақ белсенділер бас көтерді. Көздері қанталаған бөрілер құсап ойларында тек байлардың көзін жою мақсаты тұрды. Сөйтіп, ғасырлар бойғы қалыптасқан ел дәстүрінің астаң-кестеңі шығып, салт-санадан ада бола отырып, өз туысымызды жау санап, дұшпанымызды досқа теңедік.

Атақты Шорман бидің немересі, сол тұстағы

білімді, аса ірі бай Зында (Шаһзында) Исаұлы да сол «кәмпеске» науқанының құрбаны болды. Ол 1863 жылы Баянауыл, Ақкелінде дүниеге келген. 1928 жылы дүние-мүлкі тәркіленіп, Ақтөбе облысы Ырғыз ауданына жер аударылады. Павлодар облыстық мұрағатында Зында Исаұлына байланысты мынадай маңызды құжат сақталған екен:

«КССР НКВД. 14.ҮІ. 1928 г. Ответственному Секретарю УКОМА ВКП /б/ Копия Пред. Уисполкома. Сов. Секретно.

По имеющимся сведениям со стороны баев имеется тенденция-противопоставления сов. власти средняков, используя для этой цели провокационные слухи об экспроприации среднячества. Так в момент отправки Чормановых в гор. Павлодар Зында Чорманов собравшийся для их проводов толпе казахов перед отъездом сказал: «Народ, мы разрушены и уходим, очередь за вами».

УПОЛ. ГО ОГПУ По Павлодарскому уезду: /Долгов/ Пом. Уполномоченного: /Заитов/» [1, 32].

Кейін Омбы облысы Марьяновка станциясының маңында кешегі шалқып жүрген адам 1935 жылы жоқшылықтан қайтыс болған. Кеңес дәуіріндегі тарихта Шорман әулеті ата тегімен дәулетті бай болғаны туралы ғана баса айтылып, теріс пікір қалыптасуына ықпал етті. Сондықтан да, халқы мен туған елі үшін істеген қыруар жақсы жақтарын баспасөз бетіне жазбақ түгіл, ауызға алуға сескеніп келгеніміз баршамызға аян. Заманынан озып туған дара тұлға, ғұлама-философ, әулие ақын, шежіреші М.Ж.Көпейұлы Мұса мырзаға арнаған азалы

жоқтауында: «Арғы атасы сұралса, ізгі өткен мырза Анай-ды, Қаржастың қасқа-жайсаңы Анайдан өрбіп тарайды...», – деп жырлаған екен [2, 286]. Демек, Зында атамның арғы бабаларының сүйегі асыл да текті болғанын көреміз. Ғұлама ғалым Ш.Уәлихановтың жазбасында оның атасы Шорман Күшікұлының он төрт жасынан билік айтқанын келтіреді: «ақыл-айласымен атағы шыққан Шорман «шешен» деген құрметті атаққа ие болған» [3, 561].

3. Исаұлына байланысты жерлесіміз жазушы-ғалым Ш.Қ.Сәтбаева «Әбікей Сәтбаев» деген қос тілде жарық көрген еңбегінде былай деп жазған: «Тәркілеу науқанына іліккен көрші бай Шорман ауылының иелерінің біразы атақонысын тауып, әр тарапқа шашырап, күнкөрісте болыпты. Олардың біразы сонау Омбы шаһарының маңындағы Мариановкаға қоныстаныпты. Баянауылда олар өте бай, үйір-үйір жылқылары бар, аттарын көбіне шетелдерде асыл тұқымды ат өсіретін жерлерден алғызып өсіреді екен де, Зынданың аттары сондықтан сырты сұлу, «мінезді» саналады екен...» [4, 35].

Зында есіміне бала кезімізден құлағымыз қанық болып өстік. Неге десеңіз, Теңдік ауылының қадірменді ақсақалдары бүгінде бақилық болған Қамыш, Жәпіш аталарымыздың аузынан талай-талай әңгімелерін тыңдап едік. Тіпті марқұм атам да «Зынданың елімен қоштасуы» деген атпен ел арасында сақталған өлең жолдарын жатқа айтып отыратын.

Сейсен Мұқтарұлының «Кәмпеске» атты көптомдық тарихи-анықтамалық басылымының 1-кі-



Шормановтар әулеті:

Сол жақтағы екінші Шорманұлы Иса қажы, оң жақтағы екінші Исаұлы Зында.

табында Зында Исаұлы туралы құнды мұрағат құжаттары да бар. Мысалы, Зында Исаұлы мен баласы Кәрім Зындаұлы 1928 жылы 21 қарашада Орталық көмпеске көмесіесіне мынадай арыз жолдапты: «Мені, балам Кәрімді үй-ішімізбен Ақтөбе өкірігіне жер аударуға бекіткен екен. Менің өз басым Неколай заманында не болыс, не ауылнай, не би болған емеспін. Әкем Иса да Шорманнан туғаны болмаса, ел билеп, халық қанаған кісі емес. Қалшак келгенде менің оған шағынып орынға мініп, пұл көмек бергенім жоқ...

Қызыл әскерде қызмет қылғандарға мәлім. Сол өткен әскерге 30-40 сиыр 100 қой сойысына бердім. Онан Палак соғысы болды. Әскер көмисары Лебшенкоға 120 ат жәрдем бердім... Қостанай аштарына 150 ірі қара бердім. Баянның ауру-сырқау қызметкерлеріне, санаторияға 30 бие нөқта-желісімен бердім. Жетім балалардың 30-ын 2 күтушісімен 3 ай асырадым. Осының растығына Міржақып Дулатұлы қызыл керуенмен келген Құлжан келіні, Тоқтыбай, Қангедей Жангелдіұлдары біледі... Ақтар өтті, қазақ-орыстар көтерілді. Соларға тілектес болып, бұзылған жерім бар ма екен... Мені төңкеріс қаскүнемі деп кім айтады?... Екінші, өзім аурумын «порок сердца» және «восполнен лег-дан қалған демікпем бар, бір өкпем беріш... Мына суық қыста Ақтөбеге қалай жетеміз. Қалтада көк тиын, ақша жоқ. Біздің сіздерден сұрайтынымыз шектес, жері қолайлы, жақын Ақмола өкірігіне, болмаса Қызылжар өкірігіне, ең болмаған күнде Қазақстаннан аулақ Сібір аймағы Омбы өкірігіне бекітсеңіз еді», – деп өтінген екен [5, 19]. Әкелі-балалы мән-жайды осылайша тарқата отырып, сол кездегі ел тізгінін ұстаған басшылардан шын көңілдерімен өтінсе де құлақ аспағаны, әрине, өкінішті-ақ.

Әділетсіздік пен қатыгездіктің тағы бір дәлелі келесі құжатта көрініс тапқан: «Сов.Секретно. Из Баянаула.

При обыске Чормановых Рахимтая и Зынды Упол. Сергазиным обнаружена и изъято золотой монеты 960 руб золотых суперков, 13 золотых часов с футляром. Чормановы арестованы, вещи временно сданы на почту. Просим дать приказания. Сергазинов, Воробьев.

Обратной стороне: Баянаул Сергазинову, Воробьеву.

Вещи арестованных с материалами доставить охраной в Павлодар. Кудочкин, Нурмакин Пред.Пав. Окружного Испол. Комитета» [6, 33].

Тұжырып айтқанда, бір ғана Шорман әулетінің мал-мүлкін тәркілеп, жер аудару үшін 300-ден астам кедей-батырақ, 100-ге жуық ауылдың, ауданның, аймақтың белсенділері бірер жыл жұмыла күрессе керек.

«Тау мен тау кездеспесе де, адам мен адам кездеседі», – деген нақыл сөз бар. **Теңдік ауылының тумасы Сатыбалды Мұзафаров 1979 жылдары қызмет бабымен Ақтөбе қаласында болғанда Зында атамызға қатысты мынандай бір оқиғаға кез болғандығын айтады:** «Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының бір топ мұғалімдері мен студенттерін жаз айында ауыл шаруашылығына көмек ретінде Ырғыз ауданына жіберген еді. Бұл аудан Ақтөбе қаласынан өте алыс шалғайда Шығыс бөлігінде орналасқан болатын. Жол бойы не бір қиыншылықтарға тап болдық. Сол жылдары жолсыз жерлер көп кездесетін. Қонаға кешқұрым ауданға келіп тоқтадық. Алдын-ала хабарлап қойса керек,

келген мұғалімдер мен студенттерді әрбір үйге бөліп-бөліп жайғастырды. Ал өзімді сол ауданның бас мал дәрігері өз үйіне шақырып қонақ болуын өтінді. Үй иесі бәрімізді қонақжайлықпен қарсы алды. Үйге кіріп табалдырықтан аттап төрге өтіп бара жатқанымда, сол жақтағы бөлмеге көзімді салып қарап едім, әжептәуір жасқа келіп қалған кейуана көзіме түсті. Дереве жаңағы жерде үлкен адам ғой, қолын ұстап амандасайын деген ниетпен алдына бардым. Әлгі жерде әжей қолымнан қатты қысып ұстап тұрып «Мыңның түсін білгенше бірдің атын біл» деген, балам, қай жақтансың, сүйегің кім деп жөн сұрасты. Содан мен аты-жөнімді айтқаннан кейін Павлодар облысынанмын дедім. Сол мезетте төмен қарап ойланып отырған әжеміз басын көтеріп, маған тура қарады да, Павлодардың өзінен-бісің деді.

– Жоқ, Баянауыл деген жерденмін дедім. Әжеміздің Баянауыл дегенде аң-таң болып қысқан қолымды одан сайын қатты қыса түсіп, өзіне қарай тарта түсті. Қарт ананың алдына тіземді қалай бүгіп отырғанымды аңғармай да қалдым. Әлгіндей болған жоқ әжей маған қарап, сен балам Зында деген асыл азаматтың елінен болдың ғой деді. Иә, мен сол Шорман ауылы Зында атамыздың дәл туған жеріненмін дедім. Әжей біраз көздеріне жас алып, менің маңдайымнан сүйіп шер тарқатар әңгімені бастап кетті. Сөйтіп, жаюлы тұрған дастарқан жайына қалды. Жаңағы жерде әжеміздің Зында атамыз туралы суреттеп айтқан әңгімесі өте керемет еді. Ол кісінің адамгершілігі, парасаттылығы, сымбаттылығы, білімділігі туралы айтқаны әлі де болса есімде. Мен ол кезде кішкентай ғана қыз едім деп есіне алды қарт ана. Осы ауылда алты-жеті айдай уақыт шамасында жеке киіз үйде тұрғандығын айтты. Қысқа мезгілде басы айдауда жүрсе де, ауылда балаларға мектеп ашып, хат танитындай білім бергендігін, тіпті ауылдың үлкен-кішілерін жинап, ескі қисса-дастандарды айтып, сахна құрып, пьесалар қойғанын, сондай өнерлі жан екенін айтқаны бар. Күзге таман қолына кісен салып, Шалқар ауданына алып кетті. Кейін хат алысып тұрдық. Соңғы бір хатында енді көреміз бе, көрмейміз бе, бір Алла өзі біледі, бізді Қызылға өкметті деген хабар келді деп егіліп отырып есіне алғаны бар». Енді ойлап қарасақ, Қызыл – бүгінде Ресей қарамағындағы Тыва Автономиялық Республикасының астанасы. Демек, қазақ жұртына «Итжеккен» деген атпен белгілі Сібір аймағы болса керек.

Жалпы, осы тақырыпқа қалам тартуыма негізгі себеп те осы. Десек те, талай құнды құжаттар жоғалып кеткені белгілі. Бүгінгі таңда өкінішті жайт, ауыл тарихын терең білетін ескі құлақты ата-әжелеріміздің болмауы қатты қынжылтады. Дей тұра, барға қанағат етіп, келер ұрпақтың еншісінде қалар деген үміттеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ПОММ. – Қ.12, Оп.2, Іс 9, 32 б.
2. **М.Ж.Көпейұлы.** Шығармалары. Т.1 - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2008. - 385 б.
3. **Қаныш Сәтбаев.** Энциклопедия. / Бас ред. Б.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 664 б.
4. **Ш.Қ.Сәтбаева.** «Әбікей Сәтбаев». - Алматы: «Жібек Жолы» Баспа Үйі, 2000. - 128 б.
5. **С.Мұқтарұлы.** «Көмпеске»: Көптомдық тарихи-анықтамалық басылым. 1 кітап. – 458 б.
6. ПОММ. – Қ.12, Оп.2, Іс 9, 33 б.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ОЗЫҚ ОЙЛАРЫ

және рухани жаңғыру

Айгүл ӘБДЕШБЕК,
Д.Құрманбек атындағы №20 колледждің
тарих пәні мұғалімі, магистрант

Алаш қозғалысының тарихы – қазақпен бірге жасайтын мәңгілік тарих. Ұлтының мәңгілігін ойлаған Алаш зиялыларының тарихи аз уақытта қазақ халқына сіңірген еңбектерін бағалау – қазіргі және келешек ұрпақтың жадынан шықпайтын қастерлі борышы деп білеміз.

Алаштың көшбасшылары Ресей империясы мен жаңадан билікке келген қитұрқы саясат ұстанған, империялық пиғылды жалғастырған коммунистердің қазақ халқына ешқандай жақсылық әкелмейтініне, келешекте Алаш өкілдерінің халқы үшін жасаған жан-қиярлық іс-әрекеттері кешірілмейтініне, керегінде пайдаланып, кейін ойланбастан құрбандыққа шалатынына 1917-1920 жылдары көздері жетті. Алаш зиялылары осындай жағдай болатынын біле тұра өз идеяларынан өлім алдында бас тартпай, ақырғы күндеріне дейін күресті.

Ұлттық атауының өзі еркіндікті меңзейтін қазақ халқы Ресей империясының бодандығына түскесін де өз азаттығы жолында үздіксіз күресін тоқтатқан жоқ. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында азаттық күрестің екпіні уақытша бәсеңсіген тұста қазақ жастарының бір толқыны Ресей империясының әр аймағында білім алып, рухани шыңдалып, XX ғасырдың басында қазақ елінің саяси аренасына Алаш қозғалысы атымен шықты.

Алаш қаламгерлері шығармашылығында толымды түрде ұлт мүддесі, ұлттық патриотизм, адамды құрметтеу, жалпы адамзаттық құндылықтар, халықтың салауаттылығы, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу жолдары, қазақ халқының адамзат көшінде лайықты орын табу, ана тақырыбы, әйел теңдігі мәселесі – басты тақырыптардың біріне айналды. Ізгілік пен адамгершілікке құрылған осы туындыларда гуманистік идеал, гуманистік ой алдыңғы қатарға шығып, ұлттық адамсүйгіштік қасиеттері бейнеленді.

Зиялылардың бірінші шарты адамның туған жерге, халыққа және ұлт болашағына деген шынайы жанашырлығынан бастау алмақ.

Олар отарлық жағдайда көмескіленген ұлттық патриотизмді, ұлттық мүддені жаңғыртты. Алаш арыстарының көзқарастары, мақсаттары, мүдделері қазіргі жан-жақты жаһандану дәуірінде керісінше өзектеле не түсуде, оны уақыт айқындап отыр. Елбасы Н.Назарбаев: «*Алаштың басты мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Бұл біздің жедел жаңғыру, яғни модернизация бағытымызға да сай келеді... Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті...*».

Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес еді. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы аймағымыздың рәмізі еді. XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелетін осынау тұлғалардың әрбірі мемлекет басқаруға қабілеттілігін де сол жылдары көрсете білді. Қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше. Зиялылар Қазақ елінің сан ғасырлық даму

тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті. Сол жолда күресті. Сонымен қатар елде демократия, білім-білік алып келу үдерісінің бастауында болды.

Алаш зиялылары – елшілік пен Отанға адал қызмет етудің үлгісі. Олар – барды көбейтуші, үзілгенді жалғастырушы, жоқты жасаушы. Алаш қозғалысының тарихи негізі Ресей отаршылдығының қазақ жерін аса асқынған кезеңінен басталады десек, Алаш идеясы одан әлдеқайда бұрын өмірге келіп, күні бүгінге дейін елім, жерім деп, ұлт болашағын ойлаған әрбір қазақ жүрегінің терең түкпірінен орын тепкен.

Әр заманның ұрпаққа қояр өз талабы, өз міндеті бар. Ел мәдениетінің, мемлекеттің жүйелі түрде дамуы ұрпақтың уақыт талабына икемделуінсіз жүзеге асқан емес. Рухани жаңғыру идеясы атамекенмен ұлттың бір болуына, үнемі ұрпақ пен туған жердің байланысуына, адам мен табиғаттың тұтастығына негізделді. Рухани жаңғыру – ұлттық болмыстың негізінде мемлекет өмірінде қалыптасатын интеллектуалдық өріс.

Рухани жаңғырудың негізінде және адамның халықтың тұлғаға айналатындығын ата-бабаларымыз жете түсінген. Батырлықтың, шешендіктің тума талант иесі болып, ұлт өнерінің тарихта терең арнасын қалдырудың өзі қазақ баласының тарихтағы жасампаздық рухының биіктігін көрсетеді.

Жеке адамның әлеуметтік рухани жаңғыруы өмірге, уақытқа ақыл парасатымен, білімімен бейімделе білуінде. Адамды өмірге, қоғамдық ортаға, уақытқа ақыл-парасатымен, білімімен бейімдейтін – ұлттық қасиеттер мен құндылықтар. Атап айтсақ, ұлттық сана, тарихи білім, ұлттық тәрбие, имандылық, тектілік және т.б. Бұлар жеке адамды қоғаммен, бүтін бір ұрпақты ұлттық негізімен біріктіреді.

Жеке адамның өзіндік санасының ұлттық санаға айналуы ұлттық руханияты арқылы жүзеге асады. Ұлттық санамен қалыптасқан және ұлттық зердеге бағынатын жеке адамның рухани ізденістерінің негізінде ел игілігіне ортақ оның болашағына қызмет ететін танымы, білімі, тәжірибесі мен идеясы қалыптасады. Жүсіпбек Аймауытов жазып кеткендей: «*Адам – жанды нәрселердің ішіндегі ақылдысы, сезімдісі, қайраттысы. Адам дүниеде ақылды зат болса, өмір сүруінде де бір ақылды мақсат болуы керек*».

Қорыта айтсақ, осы тұрғыдан Алаш зиялыларының болмысына, тарихи қызметтеріне қарасақ, **рухани жаңғыру – ұрпақтың тарих, Отан, келер уақыт алдындағы кісілік қасиеттері мен тұлғалық ұстанымының әлеуметтік ортада қатар сақталуы.** Алаш зиялысы Әлихан Бөкейханов жазып кеткендей: «*Әділдік жоқ жұртта, береке-бірлік болмайды. Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздемей, жұртты тонап, момынды жылатып іздеген мырзалар, қыстыгүні үңгірде жатып өз аяғын өзі сорған аю мысалында ғой, қанша қомағайланса да, сорғаны өз аяғы*».

Жұртымыз тыныш, бірлігіміз мығым болсын!

Оңтүстік Қазақстан облысы,
Отырар ауданы.

ТҮРКІСТАН МҰСЫЛМАН ХАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

(Мұсылман секциясын ұйымдастыру тарихынан)

Бауыржан ЕНСЕПОВ,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
университетінің аға оқытушысы,
тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақ даласындағы халық ағарту ісі мен білім беру деңгейі қиын тарихи жағдайда өсіп, өркендеді. Бір жағынан уақыты өткен ескі қоғамдық қатынастар аяқтан шалса, екінші жағынан патша өкіметінің отарлық езгіге салуы Қазақ елінің болашағын бұлдырлатты. Жергілікті билік орындары да қазақтың ұлттық мәдениетін дамытуға ешқандай қызығушылық танытпады [1, 15-б.]. Осыған байланысты өз халқының қамын ойлаған қазақтың алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдері аймақта жоғарғы оқу орнын құру қажеттігі мәселесін бірнеше рет алға тартады [2, 78-81-бб.]. 1913 жылы 2 ақпанда Санкт-Петербург қаласында В.В.Бартольдтің төрағалығымен өткен «Оқушы түркістандықтарға көмек көрсетуші Қоғам Комитетінің» кезекті отырысында Серәлі Лапин «Түркістандағы халық ағарту ісінің хал-ахуалы» атты баяндама жасап, онда өлкедегі білім беру саласын көтеру үшін жергілікті халыққа арнап жоғары оқу орнын ашу қажеттігіне тоқталады. Бұл мәжіліске мүше ретінде М.Шоқай да қатысып, С.Лапинді қолдап сөз сөйлейді [3, 10-п.].

1917 жылы Ақпан революциясы жеңіске жетіп, патша тақтан құлағанда қазақтың демократиялық зиялы қауымы бұл хабарды қуанышпен қарсы алды. Енді қазақ халқының еркіндігі мен бостандығына жол ашылды, ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі мәселелерінің бірі халық ағарту мен мәдениетті өркендетуге жағдай туды деп үміттенді. Қазақ зиялылары орыстың либералды-демократиялық интеллигенциясымен біріге отырып, Түркістан өлкесінде жоғары оқу орнын құру мақсатында, нақты алғашқы қадамдар жасайды. 1917 жылы 15 қыркүйекте Петроградтағы Ағарту министрлігінде орыстың атақты ғалымдары В.И.Вернадский, Е.Е.Жуковский, С.А.Чаплыгин, В.В.Бартольд, Н.Я.Марр және басқалары қатысқан жиналыс өтеді. Онда Уақытша үкіметтен қазақ және Орта Азияның басқа да халықтары үшін Ташкентте университет ашуға қолдау көрсету сұралады және «ерекше міндеттер жүктеледі, ол тек ғылыми мақсаттарды іске асырып қоймай, ұлттық-саяси маңызды міндеттерді, атап айтқанда, өлкені тарихи, филологиялық, этнографиялық, археологиялық және құқықтық қатынастар жағынан жан-жақты зерттеуді, Шығыс тарихын, мәдениетін және тілін зерттеуге ерекше назар аударуға тиіс еді». Осы игілікті бастаманы талқылап, оны жүзеге асыру кезінде қаржы мәселесі туындап, аяғы тығырыққа тіреледі. Өйткені, Уақытша үкімет іс жүзінде бастаманы қаржыландырудан бас тартады. Қалалық Думаның өкілі «қазіргі уақытта алғашқы жарнаның өзіне салынатын бос, нақты ақшаның жоқ екендігін» мәлімдейді. Уақытша үкіметтің қаржы бөлмегеніне қарамастан, Түркістанның алдыңғы қа-

тарлы зиялы қауымының ықпалымен Ташкенттің қалалық басшылығы өлкеде университет ашуға кірісіп, дайындық комиссиясын құрады да, оған миллион сом ақша аударады және Ташкенттің Никифоров деген ауданынан 10 десятина жер бөледі. Сонымен қатар, олар қаржы мәселесі қиындық туғызғандықтан, оны әр түрлі жолдармен шешуге тырысады. Мысалы, 1917 жылы 16 қазанда Комиссия өндіріс және сауда орындарының иелерінен көмек ретінде ашылғалы жатқан университет қорына ақшалай жарна жинау мақсатында келіссөз жүргізуге М.Шоқайды арнайы мандатпен аттандырады [4, 17 п.].

Қазан төңкерісінен кейін 1917 жылдың 15-22 қарашасында Кеңестердің Өлкелік III сиезі өтіп, онда Түркістанда жоғарғы оқу орындарын ашу туралы арнайы шешім қабылданады [5, 575-б.]. 1918 жылы 11 наурызда Түркістан университетінің кеңесі құрылды, ал кеңестің 5 сәуірдегі отырысында оның басшылары сайланды. 1918 жылы 21 сәуірде Түркістан халық университетінің салтанатты ашылу рәсімі өткізілді [6, 25-п.].

1918 жылы 12 мамырда ұлттық зиялы қауым және алдыңғы қатарлы жадид-ағартушылар қозғалысының өкілдерінің күшімен университет жанынан «ескі қалада» Мұсылман Халық университеті – Мұсылман секциясы құрылады. Яғни, Халық университетінің құрамындағы «ескі» Ташкенттегі «мұсылман секциясының» ашылуының маңызы жергілікті халық үшін өте зор болды. Оған 945 адам жазылды. «Мұсылмандық секцияны» ұйымдастыруда ескі қаланың қоғамдық ұйымдары үлкен рөл атқарды. А.Авлянидидың, Ш.Рахимияның, С.Д.Асфандияровтың және басқа да алдыңғы қатарлы жергілікті интеллигенция өкілдерінің бастамасымен 1918 жылдың 18 сәуірінде Халық университетінің жанынан жергілікті ұлт өкілдері үшін секция ұйымдастыру қажет деп есептейтін қоғамдық ұйымдардың қатысуымен кеңес өткізіледі.

Кеңесте тұрғылықты халық үшін университет секциясын ұйымдастыруға «ескі қаланың» 15 демократиялық ұйымының өкілдерінен комиссия құрылды. Оның құрамына Г.Абдурашитханов, Р.Юсупбеков және басқалары енді [7, 357-б.]. Секция басшысы белгілі ағартушы Мунаввар Қары Абдурашитханов болса, оның орынбасарлығына қазақтың көрнекті қайраткері Иса Тоқтыбаев сайланады. Ал 1918 жылы мамырда Иса Тоқтыбаев Түркістан Халық Университетінің басқарма мүшелігіне тағайындалады [8, 6-п.]. Халық университетіне ересектермен қатар мектеп және мектепке дейінгі жастағы балаларды қабылдауды сұрайды. Олар үшін балалар алаңы, мектептер ұйымдастырылып, ойыншықтар мен балалар кітаптары жиналды. Өзі құрылған уақыттан бастап университет орыс, қазақ және өзбек тілдерінде

көп таралымды «Халық университеті» газетін шығара бастады.

Мұсылман Халық университетінің құрылатындығы туралы хабар халық арасында тез тарап, университет коммиссиясына оқуға қабылдау туралы көптеген өтініштер түсе бастайды. Аз уақыттың ішінде оған 945 адам жазылды. Ұйымдастырушылар үшін күтпеген жағдай, секцияға жазылу үшін халық балаларын ертіп келеді. Бұл күтпеген жағдайдан кейін комиссия университет жанынан «Мектепке дейінгі тәрбие бөлімін» құрып, 8 балалар алаңына қызмет көрсетті. 3-тен 16 жасқа дейінгі 1000-нан аса бала таңертеңгілік «университетке» баратын болды. Балалар алаңдары мен мектептер, олардың нұсқаушылары мен жетекшілерінің курстарын ұйымдастыруға, ойыншықтар мен балаларға арналған кітаптарды жинаумен айналысуға тура келді [9, 127-128-бб.]. Ересектердің ісімен танысқаннан кейін, комиссия оқуға түсушілердің көпшілігінің орта білімі жоқ деген қорытынды жасайды. Оларға көмек көрсету мақсатында «университеттің төменгі және орта сатысы» деп аталатын 4 айлық мұғалімдер курсының дайындық топтары ұйымдастырылып, оқуға ерікті тыңдаушы ретінде қабылдайды. Мұндай оқушыларға өздері шұғылданғысы келген пәндер бойынша сабаққа келіп жүруге рұқсат етіледі, ал қажетті білім ала келе олар Түркістан университетіне толық құқықты түрде түсіп оқитын болды. Курсқа қазақтарды көптеп тарту шаралары қолданылады. 26 наурызда Ауылшаруашылық қоғамының ғимаратында университеттің «төменгі және орта сатыларында» жұмыс істеуге тиіс оқытушылардың кеңесі шақырылып, оқу үдерісінің жұмыс жоспарлары жасалады. Әлемдік ғылымға тіл арқылы жетуге болатынын түсінген мұсылман университетінің қайраткерлері оқу бағдарламаларына бірнеше шетел тілдерін енгізеді. Сабақты жаңаша әдістермен үйрету арқылы оқу бағдарламалары оңай игеріле бастады. Жоғары мектептердегі ескі әдістерге қарағанда, мұнда қазақ тілі, тарих, этика сияқты пәндерге ерекше мән берілуі ұлтжандылыққа тәрбиелеуге және жеке тұлғаның қалыптасуына мол әсер етті.

Халық университетінің «мұсылман секциясы» әйелдерге білім беру жүйесін енгізуге талаптанды. Оның жанынан төрт әйелдер мектебі ашылды. Университетте сабақ беретін жергілікті ұлттан шыққан оқытушы әйелдер жетіспейтіндіктен, әйелдерді тарту туралы қоғам құруға шешім қабылданды. Ташкентте 1918 жылғы мамырдың ортасында құрамына М.Исмаилова, А.Айдарова және басқалары енген «Мұғалімдердің уақытша қоғамы» атты ұйымы құрылды [7, 357-358-бб.]. «Мұсылмандық секцияны» ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізумен қатар, ауылшаруашылық факультеті жергілікті тұрғындарға жаратылыстанудан, ауылшаруашылығынан дәріс оқуды бастады. Дәрістер көпшілікке түсінікті, өмірлік мысалдарды пайдалана отырып оқылғандықтан, тыңдаушылар тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Алайда, жағдайдың күрт өзгеріске ұшырауы большевиктерді алаңдатып, қауіпті бола бастағанын түсінген олар қаржының тапшылығын алға тартып, Мұсылман университетін жауып тастайды [10, 327-б.]. Өзінің аз ғана уақытында Мұсылман университеті ұлттық мамандарды қалыптастыру және тәрбиелеуде көп үлес қосып кетеді.

1920 жылы 7 қыркүйекте Ленин бастаған Кеңес үкіметінің декреті жарық көріп, Түркістан Мемлекеттік университетін заңдастырып, оны Ресей Федерациясындағы Халық комиссариатының қарамағына береді [11, 352-б.]. Бұл декрет және жоғары оқу орнының мәртебесі, әсіресе, Ресей Федерациясындағы Халық комиссариатының қарамағына беріледі деген декреттің екінші тармағы жергілікті ұлттық басшылардың наразылығын туғызды. Бұл мәселе 1920 жылы 25 қыркүйекте Түркістан Республикасының Халық Ағарту комиссариатының алқа мәжілісінде қаралды. Жиналысты Халық Ағарту комиссары Нәзір Төреқұлов жүргізіп: «*Орталықтың декреті Түркістан Республикасы Конституция қағидаларына қарама-қарсы келеді. Сондықтан Түркістан Орталық Атқару комитеті жоғарыда аталған декреттің күшін жою туралы шешім шығаруды өтінеді*» деп қаулы қабылдайды. Сонымен қатар Түркістан басшылары Кеңес үкіметіне университет «*тек мәдени-ағарту мекемесі және партиядан тыс, сондықтан оны үгіт-насихат орны ретінде пайдалана алмайды*» және жоғары оқу орнына автономиялық басқару беру туралы талаптар қояды [12, 1-2-бб.]. Алайда бұл талапты большевиктік билік орындамайды.

РЕЗЮМЕ

В исследовании на новом уровне рассмотрена роль Среднеазиатского государственного университета в Туркестанском крае и определено его место в подготовке местных национальных специалистов. Изложен впервые процесс формирования и развития первого высшего учебного заведения Туркестанского края. Впервые проанализирована роль Среднеазиатского государственного университета в развитии народного и сельского хозяйства Средней Азии и Казахстана.

The role of Middle Asian State university in Turkestan region in new level is worked out in the research and the place in preparation of local national specialists is determined. The formation and development of the first educational institute of Turkestan region is recounted for the first time in documental base. The role of Middle Asian State university in development of national and agricultural in Middle Asia and in Kazakhstan is analyzed for the first time.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Еңсепов Б.Б.** «Қазақстанның қоғамдық-мәдени өміріндегі Орта Азия мемлекеттік университетінің рөлі (1918-1930 жж.)» Тар. ғыл. кан. ғыл. дисс. авторефераты. – Семей, 2010. – 29-б.
2. **Лунин В.В.** Из истории первого высшего восточного учебного заведения в Средней Азии. – Москва: Восточной литературы, 1963. – 302 с.
3. **ӨРОММ.** 595-қ., 1-т., 5-іс.
4. **ӨРОММ.** 1630-қ., 1-т., 1-іс.
5. История Узбекской ССР. Т.2. – Ташкент: АН УзССР, 1957. – 705 с.
6. **ӨРОММ.** 34-қ., 1-т., 5-іс.
7. **Рашидов Г.Р.** История Социалистического Ташкента. Т.1. – Ташкент: Наука, 1965. – 520 с.
8. **ӨРОММ.** 34-қ., 1-т., 110-іс.
9. **Дворкина Е.А.** Основание университет в Туркестане. – Ташкент: САГУ, 1957. – 236 с.
10. Победа Великой Октябрьской социалистической революции в Туркестане (Сборник документов), – Ташкент: Госиздат УзССР, 1947. – 420 с.
11. Хрестоматия по новейшей истории Казахстана (1917-1939 гг.). (Под ред. **К.С.Каражанова**). – Алматы: Санат, 2002. Т.1. – 408 с.
12. **ӨРОММ.** 1630-қ., 1-т., 5-іс.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИ ӨМІРІ

(1960-70-жылдар)

Аққали АХМЕТ,
тарих ғылымдарының докторы, Х.Досмұхамедов
атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті
Төре ПАНГЕРЕЙ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университетінің магистранты

XX ғасырдың 60-жылдары өлкемізде Қазақ КСР-нің Мәдениет министрлігі және Қазақстан Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы (ЛКЖО) Орталық комитетінің бұйрығымен жарияланған қоғамдық байқауға, мәдени ағарту мекемелері белсенді түрде атсалысқан. Облыстық мемлекеттік мәдени ағарту мекемелерінің, кинотеатрлар және ауылдық кино қондырғылар байқауына облыс бойынша 150 клуб мекемесі, 9 мәдениет үйі, 27 қызыл киіз үй, 41 ауылдық клуб, 25 автоклуб, 42 колхоз клубы, 6 өзге клуб пен бөлімдер, 114 кинотеатр мен киноқондырғы, 2 музей, 3 халық театры, 17 мәдени университет және 2 мәдени саябақ қатысқан [1, 66-п.].

Байқау уақытында саяси, ғылыми және ауыл шаруашылығы тақырыптарында 1265 дәріс пен баяндама оқылған. Сонымен бірге мәдениет үйлері мен клубтарда 7 жылдық үздіктермен 220-ға тарта кездесу кештері өткізілген. Барлық аудан орталықтары мен колхоз, совхоздарда оркестрлер құрылып, 1961 жылдың 1 желтоқсанынан бастап клуб мекемелерінде 386 көркемөнерпаздар ұжымы жұмыс жасай бастады. Архив құжаттарында көрсетілгендей ол ұжымдарда 4745 адам жұмыс жасады. Көркемөнерпаздардың жұмысының жақсаруы олардың репертуарларының жаңа отандық және шетелдік авторлардың туындыларымен толықтырылуға мүмкіндік берілді. Осы кезде көркемөнерпаздардың күшімен облыста 996 концерттер мен қойылымдар қойылып, жалпы саны 223000 адамды қамтыған [1, 67-п.].

Облыстағы мәдени табыстардың басты саласы – театр. Қазақ театрларының қалыптасу тарихы және олардың даму жолдары бір-біріне ұқсас болғанымен, шығармашылық бейнесі әр түрлі, әр қилы болғаны белгілі. Мұның өзі ең алдымен, оның мәдени-экономикалық жағдайларымен, сондай-ақ, актерлер құрамының шеберлігіне, режиссердің білімі мен тәжірибесіне байланысты. Театр жұмысының басты мазмұны оның репертуары арқылы танылатыны үнемі назарда ұсталды. Сондықтан да репертуарды үнемі жаңартып, таңдаулы шығармаларды іріктеп енгізіп, оларды жоғары көркемдік шеберлікпен сахнаға шығару шығармашылық ұжымның алдында тұрған басты мақсат пен міндет болды.

Соған орай республикалық байқау өлкеміздің халық театрларының жұмысына жандану мен тың серпіліс әкелді. Байқау кезінде 17 жаңа шығарма мен жалпы саны 6 қойылымды қойып, 4717 көрерменді қамтып, колхоз, совхоздар мен мұнай кә-

сіпшіліктеріне барып, 55-ке тарта қойылымдар көрсетілген. Облыстағы ең үздік Жылой ауданының халық театры 60-жылдары құрылып, көптеген игілікті жұмыстар атқарды. Театр құрамында 38 адам жұмыс жасап, 47-ге жуық қойылым қойып, ұзын саны 7720 адамды қамтыған. Театр репертуарында Бейімбет Майлиннің «Жалбыр», Жаңғысбаев және Байсейітовтың «Беу, қыздар-ай», Ғабит Мүсіреповтың «Қыз-Жібек» қойылымдары орын алды. Облыстық шығармашылық есеп беру іс-шарасында Жылой халық театры, әуесқой драма ұжымдары мен халық театрлары арасында жүлделі бірінші орынды жеңіп алған. Сол кезде театрда Нұрғалиева, Молдаханов, Шудабаев, Жакешова және т.б. әртіс қызмет атқарған. Олар еңбектегі жетістіктері үшін дипломдар, грамоталармен марапатталды. Халық театрының материалдық базасы нығая түсті. Байқау барысында Жылой халық театры шалғай аймақтағы аудандарға шығып, 6 қойылым қойып, көптеген тәрбиелік мәні бар шараларға ұйтқы бола білді. Облыстық мәдениет басқармасы мен облыстық комсомол комитетінің шешімі бойынша аталған халық театры Құрмет грамотасымен марапаттауға ұсынылған [1, 8-п.].

Теңіз ауданы автоклубының меңгерушісі Н.Мұхамеджанов 1961 жылы 87 дәріс пен баяндама оқыған, оны ұзын саны 1721 адам тыңдаған. Автоклубта магнитофон жұмыс жасап, жергілікті басшылардың сөздерін жазып алып, тыңдатқан. Колхоздар мен совхоздарды аралауға жиі шығып, газеттер мен жауынгерлік парақтар шығарып отырды. Автоклубта 6-8 адамнан тұратын үгіт-насихат бригадасы тұрақты жұмыс жасады. Олардың күшімен 53 концерт беріліп, 1967 адам қамтылған, ғылыми-танымдық фильмдер көрсеткен. Ал Бақсай ауданындағы автоклуб меңгерушісі Айтқалиев саяси және мәдени ағарту бағытында көптеген жұмыстар жасады. Атап айтсақ, 94 дәріс пен баяндама оқылып, қоғамдық-саяси, ғылыми-жаратылыстану тақырыпта 97 әңгіме айтылып, автоклуб көркем безендіріліп, колхоз бен совхоздар арасында сайыстар нәтижесі тақтаға ілінген.

Сонымен бірге автоклубтар арасында Маңғыстау ауданының Сенек ауылдық автоклубы да белсенді жұмыс жасаған. Автоклубты Оразалиева басқарып, жоспарға сай жұмыстарды жүзеге асырған. Автоклуб мүшелері 54 дәріс оқып, 4121 тыңдаушысы болған. Тұрғындарға 186 кино көрсетіліп, кітапхана, магнитофон және аспаптармен қамтамасыз етілген.

Автоклуб 6 адамнан тұратын мәдени бригаданың көмегімен 14 концерт қойып, 560 адамды қамтыған [1, 71-п.].

Облыста 17 халық мәдени университеті ұйымдасқан түрде жұмыс жасады. 1961 жылы Теңдік совхозында жаңадан 17-ші мәдени университеті өз жұмысын бастап, университет кеңесінің құрамы 128, лекторлық топ саны 162, қатысушы саны 1132 адам болған. Кеңес құрамы лекторлық топтарға, жоғары дәрежеде дайындықтан өткен адамдармен топтастырылған. Жоспары нақты құрылып, онда СОКП XXII съезі қаулысында атап көрсетілген музыка, әдебиет, коммунистік мораль мәселелері бойынша дәрістер мен материалдар дайындалған. Сол жылдардағы жұмысы тиімді жолға қойылған мәдени университет Гурьев қалалық мұнайшылардың Мәдениет үйі болғандығын архив құжаттары нақтылай түседі. Мәдениет үйіндегі дәрістерді пединституттың доценты Г.С.Петров, музыка училищесінің директоры Хусайынов және қазақ драма театрының режиссеры Шарафуддинов, т.б. оқыған. Университет кеңесі құрамы 9, лекторлық топ 12, тыңдаушы саны 109 адамнан тұрды. Университеттің оқу жоспарындағы дәрістер *«Эстетика», «Музыка», «Халық әні – музыкалық өнердің негізі», драма бойынша «Кеңестік театр – көпұлтты театр және оның әлемдік маңызы»* атты тақырыптармен қамтылған. Дәріс жүргізуден бөлек, концерттер қойылып, грамафондар мен магнитофондар тыңдалып, кинофильмдер көрсетіліп, облыстық өлкетану мұражайы мен кәсіпшілік кәсіпорындарға экскурсиялар ұйымдастырумен де ерекшеленді. Доссор мәдени университеті 100-ге жуық тыңдаушыны қамтыды, кеңес құрамы 5, лекторлық топ 9 адамнан құралды.

Ауылдық клубтар облыс жұмысшылары арасында көптеген игі жұмыстар атқарды. 1960 жылдардағы байқау қорытындысы бойынша оң жетістіктерге қол жеткізген Бақсай ауданының Забурын ауылдық клубының меңгерушісі Тайыров мәдени кеңес құрамын құруға ерекше мән берген. Кеңес құрамына ауылшаруашылық мамандары және жас малшылар еніп, жұмыс жоспарын кеңесте талқылап ауылдық мекеме басшысының келісімін алды. Клубта көркемөнерпаздардың 4 үйірмесі 47 адамның қатысуымен жұмыс жасады. Көркемөнерпаздар ұжымы қойылымдарда өмірді оның күрделілігімен және жан-жақтылығымен бейнелеуге ұмтылды, олардың өнерлері кәсіпқойлық деңгейге көтеріліп, халықтық ұжым атағына ие болады. **Көркемөнерпаздар үйірмелеріне қатысу адамның эстетикалық жағынан тезірек жетілуіне көмектесіп, оның бойында жоғары адамгершілік және азаматтық қасиеттердің қалыптасуына игі әсерін тигізетіндігі белгілі.** Клуб ғимараты көркем безендіріліп, онда дәрістер мен баяндамалар оқылды. 1961 жылдың басында 16 дәріс мен баяндамалар, 17 қойылымдар мен концерттер өткізілген. Клуб ұжымы атақты шопан Мұхамбет Махтановпен кездесу ұйымдастырған [1, 69-п.].

Үздік ауылдық клубтардың бірі – Шевченко ауданына қарасты «XX партсъезд» колхозы клубы (меңгерушісі А.Комитов). Клуб плакаттар мен диаграммалармен жақсы жабдықталған, көрсеткіштер тақтасы орналастырылып, клубта ай сайын қа-

бырға газеті және жауынгерлік молния парақтары шығарылып тұрған. Байқау кезінде 4 көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс жасап, 13 дәріс оқылып, 4 тақырыптық кештер өткізілген. Осындай жемісті еңбектің нәтижесінде 1961 жылы ауылдық байқаудың жеңімпазы атанды. Клубта тұрақты жұмыс жасайтын үгіт-насихат бригадасы ай сайын алыс шалғайдағы жайылымдарға барып, халыққа өз өнерлерін көрсетті [1, 69-п.].

Аймақтық байқауды дайындау барысында және қабылданған бірқатар шаралардың нәтижесінде мәдени-көпшілік ошақтардың саны мен оларға қатысушылардың саны айтарлықтай өсті. Мәселен, 1964 жылы үйірмелер саны 435, оған қатысушыларының саны 4750 болса, 1965 жылы 31 желтоқсанда 769 клубтық мекемелерде 11632 қатысушы, соның ішінде 126 хор, қатысушылар саны 2943, 175 музыка үйірмесіне 2427 адам, 125 драмалық үйірмеге 1606 адам, 80 би үйірмесіне 1013 адам, 8 бейнелеу өнері үйірмесіне 55 қатысушысы, балалар үшін 109 қатысушы саны 2491 адамға жетті. **Әр жыл сайын қазақ ұлттық аспаптар, хор оркестрлері және драмалық ұжымдары қалыптасып, дами бастады.** Мысалы, Теңіз ауданы «Сүйіндік» совхозындағы клубтың хор ұжымының жұмысы және Балықшы ауданындағы В.И.Ленин атындағы қалбыр комбинатының драма ұжымы, «Маңғышлақмұнайбарлау», Жетібай кенті тау-кен комбинатының драма ұжымы, Теңіз ауданының «Балқұдық» совхозы, Махамбет ауданының «Чапаев» совхозы, Индер ауданының «Передовик» колхозы мәдени ұжымдарын атап өтуге болады. Осы клубтарда әуесқойлық шеберлік топтары жұмыс істеді, кейбір клубтарда әуесқойлық киностудия, техникалық үйірмелер ашылды [2, 6-п.].

Облыс бойынша барлық колхоз шаруашылықтарында байқаудың бірінші кезеңіне бекітілген кестеге сәйкес колхозшылардың, шаруа қожалықтары мен кәсіпорындардың мәдени ошақтары бірлескен іс-шараларға қатысып, үздік ұжымдар мен жеке орындаушылар аудан орталықтарында және облыста өздерінің өнерлерін көрсетті. Байқауға 1965 жылы клуб мекемелерінің кәсіподақ және мемлекеттік 497 ұжымнан 11 мыңнан астам қатысушы болса, ал соңғы турда 72 ұжымнан 964 адам өнер көрсеткен. Аймақтық байқауда өлкенің экономикалық және мәдени өмірде жетістіктерін атап өтетін музыкалық және әдеби композициялар, спектакльдер мен драмалық қойылымдар орындалды [2, 5-п.].

Қоғамдық байқау сәтінде ерекше көзге түскен Балықшы ауданы Мәдениет үйінің меңгерушісі Иманғазиев болды. Оның ұйымдастыруымен клубта 19 дәріс пен баяндама оқылып, 7 тақырыптық кеш өткізілген. Көркемөнерпаздардың күшімен клуб 18 концерт беріп, 457 адамды қамтыған. Тақырыптық кештер ауыл шаруашылығы, қоғамдық саяси және ғылыми, атеистік бағытта өрбіді [1, 70-п.].

Облыстағы үздік қызыл киіз үйі Жылой ауданында болды. Ол үй-жаймен, қажетті жиһаздармен, музыкалық аспаптармен және кітапханамен жақсы жабдықталып, халыққа қызмет көрсетті. Қызыл киіз үй кеңесін ауыл басшысы Абирханов басқарып, кеңес құрамында колхоз белсенділері мен ауылдың зиялы өкілдері кірген. Қызыл үй базасында 4 көркемөнерпаз

үйірмесі құрылып 27 адам жұмыс жасаған. Байқау барысында 17 концерт өткізіліп, 1135 адам қатысып, жыл басынан 57 дәріс пен баяндамалар оқылған, кітапханаға 217 тарта оқырман тартылып, 3 оқырман конференциясы, 1 әдеби кеш өткізілген.

1966 жылы желтоқсанның бірінші жұлдызында жас оқырмандар үшін облыста балалар кітапханасы ашылды. Бұл облыс тарихындағы ерекше жаңалық болды. Бір айдың ішінде 534 жас оқырманға қызмет көрсетілді. Кітапханаға келушілер саны 2049 баланы құрады. Бір оқырман орташа есеппен кітапханаға 3,8 рет келген. Оқырмандарды тарту мақсатында радиодан күніне 3 мезгіл қазақ және орыс тілдерінде облыстық балалар кітапханасының ашылғаны туралы хабар беріліп тұрды. Осыған орай 50 дана шақыру билеттері басылып, ірі кәсіпорындарға таратылды. Желтоқсан айы бойынша оқырмандарға берілген кітап саны 4416 дананы құрады. Жас оқырмандарға қандай салалар бойынша кітаптар берілгеніне назар салсақ [8, 315-п.].

1-кесте.

№	Салалары	Берілген кітап саны
1	Қоғамдық-саяси	272
2	Жаратылыстану, математика, медицина	18
3	Техникалық	23
4	Ауыл шаруашылығы	-
5	Өнер және спорт	122
6	Нәркем әдебиет	1032

7	Мектепке дейінгі балаларға және 1-2 сыныпқа арналған	2834
8	Өзгесі	115

1967 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша облыста жас оқырмандарға қызмет көрсету үшін 333 кітапхана жұмыс істеді, оның ішінде: облыстық балалар кітапханасы – 1, аудандық көпшілік кітапхана – 5, қалалық көпшілік оқырманға арналған – 19, балалар кітапханасы – 14, ауыл кітапханасы – 127, мектеп кітапханалары – 137, кәсіподақ кітапханалары – 13, өзге де кітапханалар – 17 [3, 311-п.].

Архив қорындағы деректерден байқайтынымыз 1960-70 жылдар аралығында облыста мәдениет жоғары дәрежеде өркендеген. Бұл шын мәнісінде мәдениет мерекесі, еңбек пен өнер салтанатының дамыған кезеңі болды. Кеңестік дәуірде Атырау облысы мен аудандарында көптеген мәдени жұмыстардың жүргізілгеніне осылайша көз жеткіздік. Бұл кезеңде халықтың рухани жан дүниесінің мол байлыққа кенелгенін және де ұлттық өнердің болашақ ұрпаққа кеңінен насихатталғаны байқалады. Еліміздің мәдениеті, өнері мен тарихы әрқашан руханият саласындағы қызметкерлерінің еңбегінің нәтижесінде алға басып келе жатқандығы ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Атырау облыстық мемлекеттік архиві (АОМА), 1019-қор, 2-тізім, 1-іс.
2. АОМА, 1028-қор, 1-тізім, 49-іс.
3. АОМА, 23-қор, 1-тізім, 2-іс.

СТАЛИНГРАД ШАЙҚАСЫНА – 75 ЖЫЛ!

ЕДІЛ БОЙЫНДАҒЫ ЕРЛІК

Болат САЙЛАН,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры,
тарих ғылымдарының докторы,
Ауған соғысының ардагері

Дүние жүзі халқының 80 %-ы қатысқан Екінші дүниежүзілік соғыста сан түрлі шайқастар мен қанқұйлы қырғындар өткенін тарихтан жақсы білеміз. Сондай ең ірі қанды қырғынның бірі – Еділ өзенінің бойындағы Сталинград (қазіргі Волгоград) шайқасы. Қаншама адамның қаны төгілген осы шайқасқа 75 жыл толды. Оған қатысқан қазақстандықтар теңдесі жоқ ерліктер көрсетіп, ер атанды және жеңіске деген сенімді нығайтты.

«Барбаросса» жоспары арқылы соғысты бастаған Германия 1942 жылы Кеңестер Одағын басып алу мақсатында жаңа жоспар қабылдады. Бұл жоспар бойынша фашистер негізгі күшін Сталинград пен Кавказды басып алуға бағыттады. Сталинград пен Кавказды басып алу операциясына фашистер құпия дайындалып, оған «Блау» деген ат қойды. Фашистер

бұл жерлерді жаулап алуға үлкен мән берді. Өйткені фашистерге басып алған мемлекеттер аумақтарынан мұнай тасу қолайсыз болғандықтан, Кавказ мұнайына үлкен үміт артты. Тағы бір себеп – фашистер Кеңестер Одағының Қара теңіздегі порттарын басып алып, одақтастары – Англия, АҚШ-пен байланысын үзуді көздеді. Сонымен қатар Сталинград қорғаныс өнеркәсіптері көп шоғырланған шикізат көзіне бай орталық болды. Сондықтан фашистер бұл бағыттағы соғыс қимылдарының сәтті аяқталуына үлкен мән берді. Сталинград майданының аумағы ені 520, ұзындығы 1300 шақырым кеңістікті алып жатты.

Сталинград шайқасы 1942 жылғы 17 шілдеде басталып, 1943 жылғы 2 ақпанға дейін созылды. Бұл шайқас екі кезеңнен тұрды.

І кезең: 17 шілдеден 18 қарашаға дейін созылды. Бұл кезеңде Кеңес қарулы күштері қорғанысты нығайтты.

II кезең: 19 қарашадан 1943 жылдың 2 ақпанына дейін жалғасты. Екінші кезеңде кеңес әскерлері толық шабуылға көшті [1, 21-б.].

Неміс әскері тобының құрамынан сталинградтық бағытта шабуыл жасау үшін генерал-полковник Фридрих Паулюс бастаған 6-армия және 4-танкішілер армиясы жіберілді. 17 шілдеге қарай 6-неміс армиясының құрамында шамамен 270 мың адам, 3 мың зеңбірек пен миномет, 500-дей танк болды [2]. Оларды 1200 жауынгерлік ұшақтары бар 4-әуе әскери күштері қолдады. Неміс-фашист әскерлеріне қарсы 160 мың адамы, 2,2 мың зеңбірегі мен минометі, шамамен 400 танкісі бар Сталинградтық майдан қарсы тұрды. Оларды 8-әуе армиясының 454 ұшағы, алыс қашықтықта ататын 150-200 авиация бомбалаушылары қолдады. Сталинград үшін айқасқа түскен екі жақ күштері Дон өзенінің үлкен айналасына шоғырланды. Ал бұл кезде қарсыласты өзеннен өткізбей, Сталинградқа жеткізбей жолын қию үшін кеңестік 62-ші және 64-ші армия әскерлері қорғаныста тұрды [3].

Неміс-фашист әскерлері Донның үлкен айналасында кеңес әскерлерін қоршап, Сталинградқа бұзып-жарып өтуге тырысты. Неміс қолбасшылығы тамыздың басына қарай ұрысқа жаңа күштерін (8-итальян армиясын, 3-румын армиясын) қосты. Алайда оның айласы іске аспады.

10 тамызға қарай кеңес әскерлері Донның сол жақ қанатына өтіп, Сталинградты сырттай қорғанысқа алып, олар 17 тамызда қарсыласты уақытша тоқтатты. Бірақ та, 23 тамыз күні неміс әскерлері Сталинградтың солтүстігіндегі Еділден өтіп кетті. Бұл майданның ерекше маңызын ескеріп Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті 12 тамызда Бас штаб бастығы генерал-полковник А.М.Василевскийді, 29 тамызда Жоғары Бас қолбасшының орынбасары армия генералы Г.К. Жуковты көмекке жіберді.

12 қыркүйектен бастап фашист басқыншылары Кеңес Одағының 62-ші және 64-ші армия әскерлері қорғап тұрған Сталинградқа жақындай түсті. Кескілескен көше ұрыстары өріс алды. 15 қазанда қарсыластар Сталинград трактор зауытының аумағына өтті.

11 қарашада неміс әскерлері қаланы алудың соңғы шабуылын жүзеге асыра бастады. Басқыншылар, «Баррикада» зауытының оңтүстік тұсынан Еділ өзеніне өтті. Бірақ әрі қарай қадам баса алмады. Кеңестік 62-армия әскері өздерінің шабуылын тоқтатпай неміс әскерлерінің адам күші мен техникасын күннен күнге талқандап, жоя бастады. 18 қарашада фашистік қарулы күштер қорғанысқа көшті. Қарсыластың Сталинград қаласын жаулап алу жоспары сәтсіздікке ұшырады [3].

Кеңес әскерлері 1942 жылы 23 қарашада қарсыласты толықтай қоршауға алды. Қарсыластың 22 дивизиясы, 6-армиясының 160-тан аса жеке әскери бөлімдері мен 4-танкішілер армиясының кейбір құрамалары қоршауда қалды. 12 желтоқсанда неміс әскерлері қоршауды бұзып шығу қимылын жүргізгенімен мақсатына жете алмады. Өйткені 16 желтоқсаннан бастап кеңес әскерлері Дон өзенінің орта бойында шабуылды бастап, жау әскерін тырп еткізбеді [4, 101-б.].

Енді кеңес әскерлері неміс-фашист басқыншы-

ларын толық талқандау мақсатында шабуылға шығып, Сталинград майданын аяқтауға көшті. Шабуыл операциясы «Шенбер» (кольцо) деп аталып, бұл операцияға генерал-лейтенант К.Ракоссовский жетекшілік етті. Операция 1943 жылы 10 қаңтарда басталды. 26 қаңтарда кеңестік 21-армия Мамай қорғанында 62-армиямен қосылды. Жау әскері екі бөлікке айырылды. 31 қаңтарда генерал-фельдмаршал Фридрих Паулюс қолбасшылығындағы неміс әскерінің оңтүстік тобы қарсыласуын толық тоқтатты, ал 1943 жылы 2 ақпанда солтүстік әскер тобы беріліп, қоршауда қалған әскер толығымен талқандалды. Шабуыл барысында 1943 жылдың 10 қаңтарынан бастап 2 ақпанға дейін немістер жағынан 91 мыңнан аса адам тұтқынға түсті, оның ішінде 2,5 мың офицер, 23 генерал мен 1 маршал бар, 140 мыңдай адамның көзі жойылды [3].

Сталинградты азат ету барысында немістің 6-армиясы және 4-танкішілер армиясы, 3-і және 4-і румын армиясы, 8-і италиян армиясы талқандалды. Олар 2 мыңға жуық танкісінен, 10 мыңнан астам зеңбірегі мен минометінен, 3 мыңға тарта ұшағынан айырылды. Қарсыластың жалпы шығыны 1,5 млн-ға жуық адамды құрды. Соғыс басталғалы Германияда алғаш рет қаралы күн деп жарияланды. Сталинград майданы екі жақтан екі миллионға тарта адамды шығынға ұшыратты.

Ресей зерттеулері бойынша Сталинград шабуылында кеңестік қарулы күштер 485 777 адам, 3591 зеңбірек пен миномет, 2915 танк пен өздігінен жүретін қондырғы және 706 әскери ұшағынан айырылған. Сол деректерге сүйенсек, жау 800 мыңнан аса әскерінен айрылған, 32 дивизиясы мен 3 бригадасы толығымен жойылған, ал 16 дивизиясы аса үлкен шығынға ұшыраған [2].

Сталинград шайқасындағы жеңіс Ұлы Отан соғысына түбегейлі өзгеріс әкелді. Кеңестік Қарулы күштер стратегиялық жағынан маңызды орынды қорғап, оны соғыс аяғына дейін ұстап тұрды. Фашистік блоктың Сталинград түбіндегі жеңілісі одақтастарының Германияға деген сенімін сейілтті. Жапония мен Түркия елдері КСРО-ға қарсы жасалған белсенді жоспарларынан бас тартуға мәжбүр болды.

Сталинград шайқасында кеңес әскерлері батырлық пен өжеттіліктің және жаппай ерен ерліктің арқасында жеңіске жетті. Осы шайқастағы өжет ұрыс қимылдары үшін 44 әскери бірлестіктер мен бөлімдерге құрметті атақ берілді, 55-і ордендермен марапатталса, 183-і гвардиялық болып құрылды. Он мыңға жуық солдаттар мен офицерлер үкіметтік наградаларға, ал 112 адам Сталинград майданындағы ерлігі үшін Кеңес Одағының батыры атағына ие болды. Сталинград қаласын батырлықпен қорғау құрметіне Кеңес үкіметі 1942 жылы 22 желтоқсанда арнайы «Сталинградты қорғағаны үшін» медалін шығарды, онымен 700 мыңдай шайқасқа қатысушылар марапатталды [2].

Бұл қанды қырғынға тікелей қатысып, жігерлі жеңіске үлес қосқан қазақстандықтар да көп еді. Сталинград шайқасында өліспей беріспеген, ерен өжеттілік пен ерен ерлікті танытқан ата-апаларымыз бен жерлестеріміз аз болған жоқ. Еділ бойындағы ұрысқа 320 біріктірілген, 250 жеке полк қатыстырылса, оның бес атқыштар, бір кавалериялық дивизиясы Қазақстанда жасақталды. Сталинград үшін шайқас

болып жатқанда Батыс Қазақстан облысында соғыс жағдайы жарияланды. Даңқты 62-армияның құрамында 3800-ден астам қазақ болды. Сталинград шайқасына Қазақстанда жасақталған барлық әскери құрамалар мен бөлімдердің үштен біріне жуығы қатысты [5].

Анықтап айтсақ, Сталинград түбіндегі алғашқы соққыны қабылдаған 29-атқыштар дивизиясы Ақмола қаласында жасақталып, кейіннен солтүстік-қазақстандықтармен толықтырылса, 38-атқыштар дивизиясы Алматыда жасақталды. Ал 27-ші мен 292-дивизия Қызылорда мен Ақтөбеде, 81-дивизия Жамбылда жасақталып, тікелей Сталинград түбінде ұрыс жүргізді. Сталинград шайқасына барлығы 90 мыңға жуық қазақстандық қатысып, ерліктің тамаша үлгілерін көрсетті [6, 64-6.].

Әйгілі 64-армияның құрамында қазақстандық 29-шы, 38-атқыштар дивизиялары тамаша ерлік көрсетті. 1942 жылдың қыркүйек, қазан айларында, қарашаның бірінші жартысында 38-атқыштар дивизиясы майданның жау ентелеген қорғаныс шебін ұстап, Сталинградтың оңтүстік батыс жағын қорғап тұрды. 38-дивизияның командирі полковник Ғани Сафиуллин бір кезде Қазақстан партия ұйымының тәрбиелеп өсірген түлегі болатын. Ол Сталинград шайқасының басынан аяғына дейін қатысқан батыр командир еді [7, 48-6.].

Дивизияның атақты мергендері Мұрашев, Уәлиев, Түсіпов, Зайцев, Медведевтің есімдері Кеңес ақпараттық хабарламасы арқылы бүкіл елге жайылды. Мергендер қозғалысын лейтенант Әбдібай Құрбантаев атамыз бастап тұрды. Қазақ халқының батыр ұлы лейтенант Ә.Құрбантаев Сталинград көшелерінің бірінде болған сұрапыл ұрыстарда ондаған фашистің көзін жойып барып, ерлікпен қаза болды. Байланысшылар Өміров пен Шәкіров, Сағындықов, жауынгерлер К.Омаров, М.Ерғалиев, О.Кәрімов, Жүнісбеков, Жұмабеков, батальон командирі Досан Әлімжанов, штаб бастығы капитан Талғат Алмаев, пулеметші Отбасаров, взвод командирі Қ.Қыдыралын, сержант Мәжит Асылғожаев және басқа көптеген жауынгерлер қан майданда азаматтық парызын ерлікпен орындап, көзге түсті [7, 48-6.].

Дивизия Сталинград іргесіндегі шайқаста жаудың 18 мыңнан астам солдатты мен офицерін тұтқындады, 68 танкін, 22 ұшағын, 3 бронепоезін, 400-ден астам зеңбірегі мен минометін қолға түсірді. Дивизияға 73-гвардиялық дивизия атағы берілді. Оның командирі Ғани Сафиуллин генерал-майор атағын алды. Әскери құраманың 2 882 жауынгері ордендермен, медальдармен марапатталды [7, 48-6.].

Қыр қыраны – Қарсыбай Сыпатаев өшпес ерлігін Сталинград үшін болған айқаста жасады. Фашистердің от шашып қаптап келе жатқан танкілеріне қарсы тұрып, қолындағы соңғы минасымен шынжыр табанның астына түсіп, танк колонналарын тырп еткізбей тоқтатты. 25 жастағы Қ.Сыпатаевқа Кеңес Одағы Батыры атағы берілді. Оның ерен ерлігі қазақ халқының жүрегінде мәңгі сақталады [8].

Сталинград майданында қазақстандық сұңқарлар да мәңгі өшпес ерлік көрсетті. Қазақтың қаһарман ұлы, авиация ұшқышы Нұркен Әбдіров барлығы 17 рет әуе шайқасына қатысты. Н.Әбдіров жаудың 18 танкісін, 46 жүк машинасы мен көлігін, оның ішінде

оқ дәрі тасыған 18 керуенді, жанар май құйған 3 цистернаны талқандап, зенит қондырғыларының бесеуін, бірнеше жабық атыс ұясын, талай жау әскерін құртты. Сталинград майданында неміс-фашист әскерлеріне әуеден қырғидай тиді. 1942 жылы 19 желтоқсанда біздің батыр жерлесіміз соғыс аспанына соңғы рет самғап шыққан еді. Боков-Пономорев станциясы маңайында ол тас құрсанған жаудың үлкен алты танкін, бірнеше атыс ұясын, зенит артиллериясының екі қондырғысын жойып жіберді. Жау оғы ұшаққа дөп тиіп, өртені бастады. Батыр ұшқыш, отқа оранған күміс қанат сұңқарды фашист танктері шоғырланған тұсқа қарай бұрды. Осылайша құлдилап құлаған самолет ішіндегі Н.Әбдіров ақырғы рет қаншама жауды қырып, бірге ала кетті. Осынау теңдесі жоқ ерлігі үшін Нұркен Әбдіровке 1943 жылғы 31 наурызда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді [9, 191-6.].

Иә, Сталинград шайқасына қатысқан әрбір қазақ халқының ұл-қыздары даңқты ерлік жасады деп айта аламыз. Өйткені 200 күн мен түнге созылған бұл шайқас тарихта теңдесі жоқ шайқастардың біріне айналды. Сондықтан бұл шайқастың басы-қасында болып, жаумен бетпе-бет келген біздің жерлестеріміз ерліктің үлгісін көрсетіп қана қоймай, қайтпас қайсарлық пен төзімді табандылық таныта білді. Бірде Паулюс армиясының тұтқынға түскен бір офицері жеке күнделігіне былай деп жазыпты: *«Біз қыстың қақаған аязында соғысып жатқанда орыстар жағынан окоптың ішінен бізге таныс емес, көздері қысық жауынгерлер бізге қарай оқ атып жатты, біз ұқпай қалдық, орыстар бізге биологиялық қару пайдаланып жатыр ма, мұндай адамдар қайдан шықты?»* деп, кейіннен барып ұққанымыз бұлар Талғар полкінен шыққан қазақтың ержүрек жауынгерлері екен. Сол офицер айтады: *«біз қанша жерден жау болып, олар бізді қырса да, жауынгердің ерлігін әрқашан атау керек»* деп, біздің ағаларымыздың ерлігіне таңырқай баға беріп, олардың соғыстағы батылдығын барынша мойындағанын айтады [10]. Сондықтанда ата-апаларымыздың бұл шайқаста жасаған ерен ерліктерін ешқашан ел есінен ұмытылмайды деп айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сталинград: цена победы. – М.: АСТ; СПб.: С77, 2005. – 331 с.
2. Шайтар Я. Сталинград: 75 лет назад началас самая крововая битва в мировой истории // inosmi.ru. – 2017. – 17 июль.
3. День разгрома немецко-фашистских войск в Сталинградской битве // ria.ru. – 2016. – 2 февраль.
4. Сталинград: уроки истории. – Москва, 1976. – 494 с.
5. Сталинград шайқасы // alashainasy.kz. – 2015. – 5 наурыз.
6. Белан П.С. К 60-летию Сталинградской битвы: казахстанцы в сражении на Волге // Бағдар = Ориентир. – 2002. – №4. – С. 58-65.
7. Қозыбаев М. Сталинград түбінде // Қазақстан коммунисі. – 1968. – №2. – 46-49 б.
8. Көлбаев Т. Сталинградты қорғаған Қазақстандықтар // Свобода слова. – 2014. – 8 мамыр.
9. Сайлан Б. Кеңестік биліктегі Қазақстанның жастар саясаты: тарихы мен тағылымы (1917-1991 жж.). – Алматы, 2011. – 433 б.
10. Қуатұлы А. Сталинград шайқасына жетпіс жыл // Алматы ақшамы. – 2013. – 5 ақпан.

ИНВЕСТИЦИОННАЯ ПОЛИТИКА КАЗАХСТАНА: состояние и перспективы

Талгатбек АМИНОВ,
старший научный сотрудник Института
истории государства КН МОН РК, к.и.н.,
ассоциированный профессор

Исследование сути и содержания инвестиционной политики государства всегда находились в центре внимания не только экономической, но и исторической науки. Это обусловлено тем, что инвестиции затрагивают самые глубинные основы социально-экономической сферы, определяя процесс экономического роста страны в целом, что в конечном итоге закономерно отражается и на повышении благосостояния народа. При этом одной из главных стратегических задач является привлечение в страну иностранных инвестиций, позволяющих реализовывать программу стабильного экономического роста. В Послании Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева «Стратегия «Казахстан – 2050: Новый политический курс состоявшегося государства» говорится, что «*наша модель основывается на активной роли государства в привлечении иностранных инвестиций*» [1].

Инвестиции играют важнейшую роль как на макро, так и на микроуровне. По сути, они определяют будущее страны в целом, отдельного субъекта хозяйствования и являются локомотивом в развитии экономики. Однако сами по себе инвестиции не способны обеспечить какой-либо экономический эффект, если не будут вовлечены в процесс инвестирования.

Инвестиционный процесс можно рассматривать как совокупность экономических отношений, направленных на поддержание, расширение и воспроизводство инвестиционных средств. Из этого следует, что экономическая сущность инвестиционного процесса состоит из преобразования инвестиционных ресурсов в материальное богатство и общественные блага. Поскольку «политика есть концентрированное выражение экономики», постольку инвестиционная политика, формируя инвестиционные процессы, определяет экономическое и социальное развитие страны. Инвестиционная политика с одной стороны определяется производственными процессами, а с другой – воздействует на них.

На основе вышесказанного можно было бы констатировать, что государственная инвестиционная политика – это совокупность экономических отношений между государством и хозяйствующими субъектами по поводу производства, обмена, распределения, и потребления ограниченных инвестиционных ресурсов. Под инвестиционной политикой государства понимается комплекс целенаправленных мероприятий, проводимых государством по созданию благоприятных условий для всех субъектов хозяйствования с целью оживления инвестиционной

деятельности [2].

На первом этапе инвестиционной деятельности (1992-1993 гг.) одним из конкретных шагов привлечения иностранного капитала стала передача предприятий в управление зарубежным фирмам. А результате методом проб и ошибок был наработан ценный опыт. Все предприятия, переданные в иностранное управление, своевременно погасили задолженности по зарплате, внесли средства в пенсионный фонд, возвратили долги энергетикам, транспортникам и другим смежникам. Иностранные фирмы привлекли ресурсы почти на миллиард долларов США. На выкупленных предприятиях было занято к 1996 году свыше 200 тыс. работников. По официальным данным, за 1994-1995 годы в экономику Казахстана было привлечено в форме официальной помощи, займов и экспортных кредитов зарубежных государственных финансовых учреждений и частных компаний более 3 млрд долларов США. Несмотря на принимаемые решительные меры по оздоровлению экономики, рыночные реформы в начале 90-х годов проходили болезненно, в условиях обострения социально-экономической обстановки, вызванной последствиями бывшей советской экономики [3].

На втором этапе инвестиционной деятельности (1994-1997 гг.) в результате либерализации экономики стал возможным доступ зарубежных инвесторов к ключевым отраслям казахстанской экономики. С 1995 г. наблюдаются высокие темпы роста прямых иностранных инвестиций в металлургический комплекс. В 1996 г. по сравнению с 1994 г. инвестиции в эту отрасль выросли более чем в 100 раз.

В 1997 г. в группу лидеров по объемам прямых иностранных инвестиций, вкладываемых в экономику Казахстана, вышли: Япония, объем инвестиций – более 381 млн. долларов США, или 25,4 %; США – 322,4 млн. долларов США, или 21,5 %; Великобритания – 255 млн. долларов США, или 17 %. При этом было вложено в черную металлургию 40 % всех иностранных прямых инвестиций, 21,6 % - в нефтегазовый сектор; 9,4 % - энергетику. В этот же период в структуре инвестиций 49% приходилось на прямые иностранные инвестиции, 1% - на портфельные инвестиции, 28% - на кредитные средства, 22% - на займы международных финансовых организаций [4].

Всего в 1997 году прямых иностранных инвестиций в экономику Казахстана было вложено более 7 млрд. долларов США. В результате на каждого казахстанца

теперь приходилось по 165 долларов иностранных инвестиций, что в пять раз больше, чем в России. С 1999 года наблюдается позитивная тенденция роста вложений капитала инвесторами в реальный сектор экономики. В 2001 году Казахстан по объему инвестиций на душу населения продолжал занимать первое место среди стран СНГ и стал вторым в бывшем социалистическом лагере после Венгрии [5].

В ходе третьего этапа привлечения иностранного капитала (1998-2008 гг.) была осуществлена приватизация ряда крупных предприятий по инвестиционным проектам. По данным Агентства по инвестициям, общий объем привлеченных средств иностранных компаний, банков и других заемщиков в 2004 г. превысил 10 млрд. долларов США. В структуре вложенных инвестиций доля минерально-сырьевого комплекса составляла 65%, при этом осуществлялась реализация 208 проектов по углеводородному сырью. Программа действий Правительства РК на 2004-2006 гг. включала разработку более 40 месторождений нефти с привлечением иностранных инвестиций. После нефтегазового сектора последующие места в деле участия иностранных инвестиций заняли цветная металлургия (22,8%), топливно-энергетическая промышленность (4,3%) и черная металлургия (4,1%).

Самыми быстрыми темпами в Казахстане продолжала развиваться нефтегазовая отрасль. Разведанные запасы нефти составили 30 млрд. баррелей, то есть 4 млрд. тонн, газа – 3 трлн. кубических метров. Извлекаемые запасы нефти Казахстана увеличились почти в два раза. **18 сентября 2005 года в Казахстане была добыта миллиардная тонна нефти.** Не случайно, что иностранных инвесторов привлекала возможность инвестиций именно в нефтегазовую отрасль. Объем инвестиций, направленных в нефтедобывающую промышленность, в 2004 году составил 5,5 млрд. долларов США, или 84% от общего объема инвестиций в страну. На долю 10 крупных добывающих компаний – «Тенгизшевройл», «Карачаганакская Интегрированная Организация», «Мангистау-мунайгаз», «Узеньмунайгаз» и других приходилось 90% инвестиций [5].

Начиная с середины 2000-х годов Казахстан сам становится активным инвестором. На территории СНГ инвестиции из страны составили 25 млрд. долларов США. И этот поток стал увеличиваться, поскольку появившийся класс национальных инвесторов все активнее стал конкурировать на внешних рынках. Крупные отечественные компании владели объектами в России, Кыргызстане, Таджикистане, Грузии, Украине. В Кыргызстане действовали более 400 предприятий с участием казахстанского капитала в таких секторах экономики, как энергетика, газовая отрасль, промышленность, производство стройматериалов, банковский сектор. А всего за последние 10 лет Казахстан инвестировал в экономику Кыргызстана более 1 млрд. долларов.

По данным Агентства по статистике, к середине 2007 года рост инвестиций отмечался практически во всех регионах республики. В 2007 году объем инвестиций в основной капитал по сравнению с 1990 годом увеличился в 1,4 раза и составил около 3400 млрд. тенге. В отраслевой структуре около 50% всех

инвестиций в основной капитал направлялись на развитие горнодобывающей промышленности. По технологической структуре инвестиций в основной капитал значительно увеличились затраты на строительство-монтажные работы [5].

К следующему четвертому этапу инвестиционной деятельности по привлечению иностранного капитала в экономику страны условно можно было бы отнести 2010-2017 гг. Рост притока ПИИ в Республику Казахстан за 2010 г. составил 7,3 % (19,8 млрд. долларов) по отношению к предыдущему году. При этом за 2009 г. по отношению к 2008 г. (10,6 млрд. долларов) рост составил 73% (18,5 млрд. долларов).

Наибольший объем валового притока инвестиций был в 2012 году, который составил 28,9 млрд. долларов США. Однако затем последующие 3 года в связи с рядом внутренних и внешних факторов наблюдается спад инвестиций (снижение с 28,9 млрд. долларов США до 14,8 млрд. долларов США). В связи с ухудшением глобальной экономической конъюнктуры и снижением мировых цен на энергоресурсы и металлы заметен спад потока инвестиций в 2015 году на 37% (снижение с 23,7 млрд. долларов США в 2014 году, до 14,8 млрд. долларов США в 2015 году). Основной причиной отрицательной динамики прямых иностранных инвестиций (ПИИ) является спад инвестиций в добычу сырой нефти и природного газа на 62% (на 4,5 млрд. долларов США меньше, чем в 2014 году).

Но после постепенного спада инвестиций с 2013 года в 2016 году удалось переломить негативные тренды. Так, в 2016 году вновь возобновился рост инвестиций - валовый приток ПИИ вырос почти на 40%.

По данным Национального Банка Республики Казахстан за 2005-2016 гг. объем валового притока ПИИ в Республику Казахстан составил 243 млрд. долларов США, из них в 2016 году – 20,6 млрд. долларов США, что больше по сравнению с 2015 годом на 40 %. **А всего за годы независимости Казахстан привлек более 260 млрд. долларов иностранных инвестиций** [6].

В результате осуществления намеченных Главой государства во второй половине 2000-х годов решительных мер Казахстан преодолел переходный этап по преобразованию экономики в рыночную. США и Евросоюз признали, что Казахстан является страной с рыночной экономикой. Республикой был достигнут необходимый уровень открытости экономики с минимальным вмешательством государства; внешняя торговля практически либерализована; 80% собственности стала частной, практически была обеспечена макроэкономическая стабильность, достигнута устойчивость обменного курса тенге.

В результате, после более 19 лет переговоров, 27 июля 2016 года Казахстан официально вступил в ВТО (Всемирную торговую организацию). Объем внешней торговли РК после вступления в ВТО достиг 120 миллиардов долларов. Значительно расширилась география торговых отношений. Если в середине 90-х годов Казахстан имел торговые связи только со странами постсоветского пространства, то сегодня мы торгуем со 185 государствами мира. Вступлением Республики Казахстан в ВТО осуществилась одна из

важнейших задач стратегического курса страны на интеграцию в мировую и региональную экономику.

Таким образом, в ходе реализации Инвестиционной политики государства Казахстан добился значительных успехов в развитии своего социально-экономического потенциала. Благодаря полученному иностранному капиталу Республика Казахстан укрепила свои позиции в качестве страны, обладающей мощными энергоресурсами и имеющей амбициозные, но в то же время устойчивые планы на будущее.

В 2016 году на торжественном собрании, посвященном 25-летию независимого Казахстана, Президент Н.А.Назарбаев перечислил «7 глобальных триумфов страны, отмеченных авторитетными мировыми экспертами». К числу больших достижений он отнес: *«Привлечение в Казахстан 260 млрд. долларов иностранных инвестиций, что является признаком глобального доверия мирового бизнеса к нашей стране»*. Далее он отметил, что *«в самые сложные годы к нам пришли такие инвесторы, как Бритиш Петролеум, Шелл, Эксон Мобилл, Шеврон, Аджип, Джeneral Электрикс, Джeneral Моторс, Миттал, Тойота, Самсунг и многие другие, которые принесли нам не только большие средства, но и привели технологию, науку и учили наших граждан работать на современном уровне»* [7].

Сегодня можно констатировать, что Казахстан признан в мировом сообществе как государство с рыночной экономикой, страна первой из стран СНГ приобрела инвестиционный страновой рейтинг. Всемирный Банк включил Казахстан в число 20 стран мира, наиболее привлекательных для притока инвестиций, при этом иностранные инвесторы ориентируются, прежде всего, на инвестиционный климат РК, который определяется независимыми экспертами и служит для указания на эффективность вложений в той или иной стране.

В то же время не менее важное значение для РК имеют внутренние инвестиции, ведь множество людей во время становления рыночной экономики сколотили себе огромные состояния, которые в данный момент лежат в европейских и американских банках, иными словами используются для инвестиций в зарубежных странах. Государство всеми силами пытается вернуть эти деньги из-за рубежа в казахстанскую экономику, что даст со временем ощутимый толчок развитию отечественного производства.

В то же время в свете кризисных явлений в мировой экономике в последние годы усилилась конкуренция между государствами по привлечению инвестиций.

Поэтому для обеспечения структурных преобразований экономики и в условиях ограниченности внутренних источников финансирования исключительно важное значение приобретает продолжение активной инвестиционной политики государства по дальнейшему привлечению иностранного капитала в страну.

В связи с этим в настоящее время Правительством РК проводится целенаправленная работа по улучшению инвестиционного климата и созданию благоприятных условий для ведения бизнеса с учетом рекомендаций Организации экономического сотруд-

ничества и развития (ОЭСР).

В 2011-2012 годах ОЭСР провел Обзор инвестиционной политики Казахстана с использованием Основ для политики привлечения инвестиций (Policy Framework for Investment). По итогам обзора были разработаны 12 рекомендаций для улучшения инвестиционного климата Казахстана. На сегодняшний день уже учтено большинство рекомендаций ОЭСР [8].

Так, ряд рекомендаций был учтен в рамках принятых законодательных актов РК, таких как законы по вопросам правового регулирования сферы интеллектуальной собственности, по вопросам налогового и таможенного администрирования, о государственно-частном партнерстве, а также Предпринимательский кодекс, предусматривающий новые стимулы для инвесторов и механизм инвестиционного омбудсмана.

В частности, по поручению Президента РК Н.Назарбаева проведена оптимизация заграничных учреждений Казахстана с переносом фокуса на привлечение инвестиций и развитие экономики. Выбраны 10 приоритетных стран (США, Великобритания, Италия, Южная Корея, Иран, Япония, Германия, Франция, КНР, Индия), куда направляются специальные советники по инвестициям, открыты 5 зарубежных представительств АО «KaznexInvest» в Нью-Йорке, Дубае, Франкфурте, Стамбуле и Пекине.

Эти представительства оказывают весь спектр услуг для всего региона и выступают в качестве «одного окна» за рубежом. В частности, содействуют в подготовке документов, проводят консультации по таким вопросам, как определение инвестиционной площадки, подбор партнеров и др.

В Казахстане активно действуют такие диалоговые площадки, как Совет иностранных инвесторов при Президенте РК, Совет по улучшению инвестиционного климата при Премьер-Министре РК и инвестиционный омбудсмен, которые призваны оперативно решать проблемные вопросы, возникающие в ходе инвестиционной деятельности в Казахстане. Во всех регионах активно работают Советы по привлечению инвестиций под руководством акимов. Это муниципальные советы в регионах, которые занимаются как конкретными вопросами инвесторов (подключение к сетям, инфраструктура, доступ к земле и др.), так и улучшением инвестиционного климата в регионе.

Одним из нововведений в рамках улучшения инвестиционного климата страны стало внедрение принципа «одного окна» для инвесторов (свыше 300 государственных услуг). «Одно окно» для инвесторов – это не просто механизм. Это единая точка для предоставления инвесторам скоординированной государственной поддержки и сокращения бюрократической волокиты. Инвесторов сопровождают от входа на рынок Казахстана до конечной реализации проекта [8].

За период независимости Парламентом РК рассмотрено и ратифицировано 49 соглашений о поощрении и взаимной защите инвестиций с иностранными государствами и одно соглашение с государствами-членами Евразийского экономического союза. Парламентом 20 октября 2015 г. был принят Предпринимательский кодекс, в содержание

которого были целиком включены нормы Закона «Об инвестициях» (Глава 25. Государственная поддержка инвестиционной деятельности, статьи 273-296).

К инвестиционному законодательству можно отнести и Конституционный закон РК от 7 декабря 2015 г. «О Международном финансовом центре «Астана», поскольку он был принят с целью привлечения иностранных инвесторов. С 1 января 2016 года введен в действие новый Гражданский кодекс, где новеллой стало изменение в разрешение инвестиционных споров, которые будут рассматриваться судом первой инстанции города Астаны и Верховным Судом РК [8].

Весьма значительным событием в деле реализации инвестиционной политики страны стало принятие 22 августа 2017 г. Правительством РК Программы по привлечению инвестиций «Национальная инвестиционная стратегия на 2018-2022 гг.» (далее - Стратегия). По мнению министра по инвестициям и развитию РК Ж.Касымбека «при успешной реализации Стратегии, в течении предстоящих пяти лет прогнозируется поэтапный рост валового притока прямых инвестиций в экономику до 26% к уровню 2016 года, а инвестиций, ориентированных на повышение эффективности, то есть ориентированных на экспорт – до 50%. Вместе с тем, ожидается рост внутренних инвестиций, так, объем инвестиций в основной капитал несырьевого сектора увеличится на 46%» [9].

Таким образом, радикальная инвестиционная политика в современных условиях выступает важнейшим рычагом преодоления негативных последствий экономического кризиса, структурных сдвигов в экономике, технического прогресса, повышения хозяйственной деятельности на микро и макроуровнях. Активизация инвестиционного процесса на основе государственной инвестиционной политики является одним из наиболее действенных

механизмов социально-экономических преобразований. В то же время рост экономики и все возрастающие потребности в капитале и технологиях требуют дальнейших институциональных реформ по созданию привлекательных инвестиционных условий и большей защите прав инвесторов в Казахстане.

ЛИТЕРАТУРА

1. Назарбаев Н.А. Послание народу Казахстана «Стратегия «Казахстан – 2050»: Новый политический курс состоявшегося государства. – Астана, 2013.
2. Ускенбаева А.Р. Инвестиционная политика: сущность, приоритеты и специфика формирования в Казахстане. – Караганда. 2002.
3. Оспанов М.Т., Мухамбетов Г.И. Иностранный капитал и инвестиции: вопросы теории, практики привлечения и использования. – Алматы, 1997.
4. Дюсегалиева С.Б. Инвестиционная деятельность в Республике Казахстан: этапы и пути становления. – Астана, 2014.
5. Аяган Б.Г., Абжанов Х.М., Селиверстов С.В., Бекенова М.С. Современная история Казахстана. Учебник. – Алматы, 2010.
6. Статистика прямых инвестиций по направлению вложения. Национальный банк РК, 2016 (www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian).
7. Выступление Главы государства на торжественном собрании, посвященном 25-летию Независимости Республики Казахстан. Казхстанская правда, 16 декабря 2017 года.
8. Материалы Правительственного часа, проведенного в Мажилисе Парламента РК с Министром иностранных дел Республики Казахстан Е.А.Идрисовым на тему «Экономическая дипломатия – главное направление внешней политики Республики Казахстан». – Астана, 10 октября 2016 года.
9. Давыдова К. Национальная инвестиционная стратегия принята Правительством РК (корреспондент Zakon.kz. <http://abctv.kz/ru/tag>).

ТАРИХ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ

МАҒЗҰМ ТИЕСОВ – БАЛАЛАР ЖАЗУШЫСЫ

Майра ТОЙҒАНБЕКОВА,
Рахила НАРАЛИЕВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің аға оқытушылары

Қазақ әдебиеттану ғылымында жекелеген тұлғалардың шығармашылығын зерттеу, әдеби мұрасын ғылыми айналымға енгізу ісі – көптен қалыптасқан, терең тамыр тартқан сала. Әдеби шығармашылық үдеріс әдеби тұлғаның тікелей қатысуымен, қаламгер ретінде қалыптасып, шеберлікке жетуімен тығыз байланыста екені белгілі. Зерттеу жұмысымыздың тақырыбына нысан етіп алынған **Мағзұм Тиесов те – қазақ әдебиетінің, оның ішінде балалар әдебиеті мен көсемсөзінің дамуына өз үлесін қосқан шы-**

ғармашылық тұлға. Шығармашылық қызметі ХХ ғасырдың 30-70-жылдарына сәйкес келген қаламгер балалар әдебиетіне көптеген туындылар, атап айтқанда, повестер мен өңгімелер, ертегілер беріп, ол туындылар тұтастай бірнеше буынның бүлдіршіндеріне рухани азық болды. Оның қаламынан туған балалар тақырыбындағы шығармалары белгілі дәрежеде әдебиетіміздің үлгілі туындылары болып табылады. М.Тиесов «Жиделібайсын жерінде», «Дала перзенті», «Шопан ата», «Қаз дауысты Қазыбек», «Бақытты бозтарғай» жи-

нақтары арқылы балалар әдебиетіне үлкен табыс әкелді.

Сондай-ақ қаламгердің өлеңдері де сан алуан тақырыпты қамтып, поэзиядағы сыршылдықтың, азаматтық әуеннің жарқын мысалдарына айналғаны айқын.

Балалар әдебиеті – қоғам қажеттілігінен өрбіген әдебиеттің маңызды бір саласы. Оның туу, қалыптасу, өркендеу тарихын жалпы қазақ әдебиеті тарихынан бөліп қарауға болмайды.

Шындығында да, балаларға арнап шығарма жазу қаламгерлерден үлкен жауапкершілікті талап етері сөзсіз. Өйткені балалар жазушысы жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін, оның дүниетанымын кеңейтетін шынайы көркем шығармалар жазуы керек. Қаламгердің айтпақ ойы жас жеткіншектің көңілінен шығып, жүрегіне жылы тиюі қажет. Сонда ғана ол шығарма балғындарды ізгілік, адалдық, әдептілік, адамгершілік, еңбекқорлық, инабаттылық сияқты өзге де адами қасиеттерге баулып, жалқаулық, көрсеқызарлық, тентектік, сотқарлық пен бұзақылық сияқты жаман әдеттерден сақтандырады, ал жазушының шебер қиюластырған сөз өрнектері бүлдіршіндерге эстетикалық тәрбие береді.

М.Тиесов – ұлттық әдебиетімізге 30-70-жылдары келіп қосылған, өзіндік келбеті мен дара болмысы бар талантты жазушыларымыздың бірі. Осы кезде қазақ көркемсөзінің биігіне көтерілген Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, С.Шаймерденов, Б.Соқпақбаев, З.Қабдолов, Н.Ғабдуллин, т.б. бір топ қарымды қаламгерлер ұлттық прозаға жаңа тақырыптар мен идеялар, мінездер ғана алып келген жоқ, сонымен қатар оның поэтикалық өрісін кеңейтті.

Ал М.Тиесов әдебиетке әуел баста ақын ретінде келді. Жазушының тұңғыш өлеңдері 1928-1934 жылдары жарық көрді. Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін өлең-тақпағында орнымен ойнақы қозғалған тақырып, ой, өнегелік сөз бала ұғымына қона кетеді. Тілінің жеңілдігі мен әуезділігі, аса ықшам болып келуі қызықтырады.

Шығармашылық жолын өлең жазудан бастағанымен, қаламгердің суреткерлік қарымы прозада танылды. М.Тиесов шеберлік мектебі саналатын әңгіме жанрында да едәуір еңбектенді. Әңгіменің белсенді жанр екендігі қашаннан аян. Ол өзінің нысанасына үнемі көкейтесті мәселені алады. Қазақ әдебиетінде бұл жанр, әсіресе, 50-жылдардың екінші жартысынан бастап жедел дамыды.

М.Тиесовтің «Жиделібайсын жерінде» (1967) деп аталатын тұңғыш әңгімелер жинағы дәл осы кезеңде жарық көрді. Жазушының әңгімелері жөнінде Ғ.Мүсірепов, С.Қирабаев және басқа да көрнекті ғалымдар құнды пікірлер айтты.

Кез келген шығармашылық тұлға – жалпыадамзаттық шығармашылық ойдың дамуында белгілі бір мән-маңыз иеленетін құбылыс. Әдеби өмірге белсене араласқан Мағзұм Тиесовтің шығармашылығы да қазақ әдебиеттануының қалыптасу жолында, сол арқылы жалпы әдебиеттану ғылымының даму үдерісінде өзіндік орын алары анық. Сол себепті оның әдеби мұраларын зерттеу, объективті бағасын беру, ғылыми айналымға қосу – уақыт талабынан туындап отырған қажеттілік. Демек, аталған қаламгер еңбектерінің мазмұн-мәнін зерделеу қазақ

әдебиеттану ғылымының даму жолын айқындауда, сапалық сипатын белгілеуде нақты маңыз иеленері сөзсіз.

Әңгіме өмір құбылыстарының жекелеген көріністерін жасайтын шағын жанр болғандықтан, оның оқиғасы жинақы, тартымды болуы талап етіледі. Ал М.Тиесовтің әңгімелерінде шұбалаңқы оқиға, жадағай үгіт жоқтың қасы, идеясы айқын, тілі де тартымды, сюжеті де қызықты. Жазушы болмашы, шағын жайларды суреттей отырып, оқушыға келелі ой айта алады және оны жас баланың ұғымына жеңіл, түсінікті етіп жеткізеді.

Көрнекті орыс жазушысы Чехов қысқа жазудың қиындығын сөз ете келіп, көлемі шағын әңгімелер арқылы ұмытылмастай адам бейнесін жасау үшін жазушыға үлкен шеберліктің қажеттігін айтқан. М.Тиесовтің аталған жанр үлгісіндегі шығармаларына зер салғанда, жазушы шеберлігі өзінше оқшауланатынын байқаймыз. Бұл мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді.

Тұтастай айтсақ, М.Тиесов қаламынан қазақ әдебиетіне аз мұра қалған жоқ. **Әсіресе, қаламгердің суреткерлік қолтаңбасын айқындаған, жазушылық талабы мен талғамын танытқан озық туындылары – оның «Дала перзенті», «Шопан ата», «Қаз дауысты Қазыбек», «Құтқару», «Орыс орманында», «Гордость простого человека», «Асаубай», «Сөз сүйектен өтеді», «Төлбасы», «Жиделібайсын жерінде» повестері.** Осылардың ішінен жазушының атын ерекше жайған шоқтығы биік шығармасы «Дала перзенті» повесі болды. Шығарма орыс тіліне аударылған. Аталған туындылардың көркемдік-эстетикалық деңгейлері туралы орнықты пікір осы кезге дейін қалыптаса қойған жоқ. Сондықтан да М.Тиесовтің бұл туындылары қазіргі тұста әдебиеттану ғылымының зерттеу нысанасына, талдау өзегіне айналуы өте қажет. Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ ақын-жазушыларының ішінен Мағзұм Тиесов шығармашылығы – күні бүгінге дейін әдебиет тарихынан тиісті орнын ала алмай, көпшілікке белгісіздеу болып келген тақырыптардың бірі. Жазушы мұрасы өзімен қатарлас, өзіне дейінгі және одан кейінгі қаламгерлер шығармаларымен салыстырылмай, оның өзіндік ізденісі, көркемдігі ескерілмей келеді. Зерттеу жұмысында М.Тиесовтің қоғамдағы қайраткерлігі, журналистігі, жазушылығы, сөз өнеріне әкелген дүниелерімен қатар, оның әдебиет тарихы, балалар әдебиетіне сәйкес оңды тұстары жан-жақты талданып берілді. Ал жазушы шығармашылығын арнайы зерттеу, көзқарасын, дүниетанымын, тәрбиелік мәні мол туындыларын бүгінгі күн талабынан қарап, талдау, жаңаша баға беру балалар әдебиеті тарихына қосылған үлес болып табылары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Байтұрсынов А.** Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2004.

2. **Әуезов М.** Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991, – 240-б.

3. **Мұқанов С.** Проза және сын туралы. // Әдебиет және искусство. – 1939. – №7. – 37-57-бб.

4. **Мүсірепов Ғ.** Заман және әдебиет. Әдебиет туралы ойлар, толғаныстар. – А., Жазушы, 1982, – 352-б.

XX ҒАСЫРДАҒЫ ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯЛАРЫ *тақырыбын оқытудың теориялық және әдістемелік мәселелері*

Аякөз НИЯЗБЕК,
Қорқыт ата атындағы
ҚызМУ-дың 2-курс магистранты

XX ғасырдың басындағы орыс революцияларының – 1905-1907 жылдардағы I орыс революциясы, 1917 жылғы Ақпан және Қазан революциялары – Ресей тарихын ғана емес, дүниежүзілік тарихта тағдыршешті маңызы болды. Алыс және жақын шетелдердегі қоғамдық ғылымдардың осы бір оқиғаға қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізбегені кемде кем. Бүтіндей бір тарихи мектептер мен бағыттардың, тұжырымдамалардың пайда болғаны тарихтан белгілі. Мұнымен қатар XX ғасырдағы адамзаттың ұлы мемлекет және қоғам қайраткерлері, ойшылдары, мәдениет және өнер қайраткерлерінің тақырыпқа қатысты орайы келгенде айтылған пікірлерінің өзі қатпар-қатпар еңбектерді құрар еді. Өлі күнге дейін мәселе төңірегіндегі пікір-таластардың азаятын түрі көрінбейді [1]. Оның себебі, біздің ойымызша, тақырып төңірегіндегі теориялық және әдістемелік мәселелерде жатыр.

Кеңестік тарихнамада аталмыш оқиға «XX ғасырдың басты оқиғасы, ұлы қазан революциясы, жаңа зраның басы», т.б. жоғарғы пафоста зор шабытпен бағаланғаны белгілі. Ал, шетелдік тарихнамада ол «қазан төңкерісі» деп қарапайым және XX ғасырдың басында пайда болған тоталитарлық жүйедегі мемлекеттердің бастамасы ретінде бағаланды. Батыс тарихнамасында еуропадағы тоталитарлық жүйелер қазан төңкерісінен кейін Ресейдегі большевиктік режимнен бастау алып, 20-жылдардағы итальян фашизміне, іле-шала неміс ұлтшыл-социализміне ұласты. Сөйтіп, бұл құбылыстардың және үш жүйенің арасындағы субъективтік байланыстарға баса көңіл бөлінді. Алайда, бүгін белгілі болғанындай, бұндай тұжырымдама теориялық және әдістемелік тұрғыдан да шындыққа сәйкес келе бермейді. Сол сияқты кеңестік тарихнаманың зерттеу нәтижелері мен қорытындыларына кереғарлық тән. Кеңестік тарихнамада тақырыпқа қатысты тарихшы академик И.И.Минцтің «История Великого Октября» [2] атты үш томдық аса күрделі және көлемді еңбегі бар. Өкінішке орай жаңа зерттеушілердің бірде-біреуінің еңбектерінде оған сілтеме жасалмайды.

Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін «қазан төңкерісі» тақырыбы тарих ғылымында жаңа қырынан пікірталастар туғызды. Енді диаметриалды қарама-қарсы пікірлер айтыла бастады. Олардың ішінде бұрын тақырыпқа қатысты дәріптеп еңбек жазған авторлар да болды. Идеологиялық өктемдік жағдайында жұмыс істеуге мәжбүр болған тарихшыларды кінәлауға да болмайтын шығар. Дегенмен, бұл жағдай тарих және басқа да қоғамдық ғылымдардың идеологиялық талаптарға қатаң

бағындырылуының қандай қасіретке алып келетінін көрсетеді. Ғылым ғалымдарға тәуелді болып қалды [3]. Біздің ойымызша, мамандардың методологиялық қателіктерінің бірі – «қазан төңкерісі» тақырыбын қазіргі саяси мақсаттар мен міндеттер тұрғысынан қарау. Бұл түптің түбінде тарихты саясатқа бағындыру әрекетінен туындайды. Мәселе – бір қиястықтан екінші қиястыққа ұрытуда екендігі көзге көрініп тұр. Қазан төңкерісі тақырыбын «не ақ, не қара» тұрғысынан үзілді-кесілді қарауға болмайды. Ал шындығына келгенде, бұл – өте күрделі де нәзік қоғамдық-саяси құбылыс. Сөзіміз дәлелді болу үшін XX ғасырдың басындағы орыс революцияларының барысын шолып өтейік. 1904-1905 жылдары орыс-жапон соғысы болып, Ресейдің жеңіліске ұшырағаны белгілі. Қазір белгілі болғанындай, жапон барлау құрылымдары Ресейдің ішінен өзіне одақтастар іздеп, орыс революционерлерін қаржыландырыпты. Осылайша I орыс революциясы жасалған. Бұл дәстүр 1917 жылға дейін толастаған емес.

1914-1918 жылдары Ресей Бірінші дүниежүзілік соғысқа дайындықсыз кіріп, үлкен дағдарыстарға тап болды. 1917 жылдың ақпан айында II буржуазиялық революциясы болып, 300 жыл Ресейді билеген Романовтар әулетінің соңғы патшасы Николай II тақтан құлатылды. Бірақ бұл дағдарысты шешкен жоқ. Мұның себебі жаңадан құрылған Уақытша өкімет патшаның қылмыстық саясатын жалғастыра берді. Бұл жаңа дағдарыстарды туғызды. Нәтижесінде 1917 жылдың ескіше 25 қазанында немесе жаңаша 7 қарашада Қазан төңкерісі болды. Оның бастамашысы, идеологы В.И.Ленин және Л.Д.Троцкий бастаған большевиктер партиясы еді. Оның барысында Ресейде билік алмасты. Уақытша өкіметтің орнына пролетарлық үкімет билік басына келді. Қазан революциясының мақсаты – буржуазиялық Уақытша өкіметке қарағанда анағұрлым әділ қоғам құру, адамды адамның қанауын жою, азаматтардың тең құқылығын қамтамасыз ету болды. «Әркімнің қажетіне қарай, әркімнің еңбегіне қарай» социалистік революцияның басты ұраны еді. Сондай-ақ билікке келген жаңа үкімет дүниежүзілік социалистік революцияға шақырды. Осы мақсатта «Билік – кеңестерге», «халықтарға – бейбіт өмір», «жер – шаруаларға», «фабрикалар – жұмысшыларға берілсін», т.б. демографиялық ұрандар тасталды. Қазіргі кейбір мамандар Ақпан революциясын, Қазан төңкерісін заңсыз болды деп жүр. Біздің қарсы уәжіміз – барлық революциялар заңсыз

болды. Сондықтан, бүйтіп ұсақталуға болмайды. Одан гөрі 1917 жылғы қазан революциясының объективті себептеріне назар аударған жөн. Оларға негізінен мыналар келіп саяды: соғыс тудырған экономикалық қиыншылықтар, майдандардағы сәтсіздіктер және ауыр адам шығындары, патша өкіметінің және Уақытша өкіметтің елді басқаруға мүлде қабілетсіздігі, шаруалар мәселесінің шешілмей қалуы, жұмысшылардың ауыр жағдайы, халықтың 80% сауатсыздығы, шеткері аймақтардағы ұлт мәселелерінің шешілмей қалуы, т.б.

Мұнымен қатар, Қазан төңкерісінің субъективті себептері болды. Атап айтқанда, ең бірінші кезекте сан жағынан аз болғанымен, жақсы ұйымдасқан тәртіпті большевиктік партиялық ұйымның болуы. **Оған В.И. Ленин сияқты тарихи тұлғаның басшылық жасауы, Ресей интеллигенциясының идеялық алауыздығы және практикалық істерге дәрменсіздігі, халықтың пассивтілігі және Герман барлау орындары мен дипломатиясының Ресейді әлсірету мақсатында ел ішіндегі революционерлермен жүргізген тиімді жұмыстары жатады.** Қазан төңкерісі белгілі бір дәрежеде неміс қаражатымен жасалды дейтін тұжырымдаманың жаны бар. Оның дәлелі большевиктер партиясының неміс қаражатымен жасалған қарулы жауынгер отрядтары болды. Дегенмен, біздің отандық тұрғыдан алғанда «Қазан төңкерісі бізге не берді?» деген сұрақ туады. Бұған қазан төңкерісінің күнгейі де, көлеңкелі жақтары да болды деп жауап беруге болады. **Кеңес жылдарындағы қазақ халқының көрген қияметін бір жақты санамалай беру де теориялық және методологиялық тұрғыдан да өзін-өзі ақтамайды. Айталық, ортағасырлардағы араб жаулаушылығы дәуіріндегі озбырлықтарды немесе қазіргі халықаралық лаңкестік әрекеттер үшін ислам дінінің субъстанциялық құндылықтарын кінәлау соншалықты ерсі болып көрінер еді. Бұл да соған ұқсас құбылыс.** Еліміздің тәуелсіздік алуымен бұрын тыйым салынған архив материалдарының жариялануы, «аса құпия» грифтерінің алынып тасталуы, бізді шындыққа неғұрлым жақындастыра түсті. Мысалы, соңғы 25 жыл бойы кәсіби тарихшылардың өзі 30-жылдардағы қазақ қасіреті үшін «қазан төңкерісін» кінәлап келді. Белгілі бір тұрғыда ол дұрыс та. Өйткені, шындықтың табиғаты көпқырлы. Алайда, 1920-30 жылдардағы фактологиялық материалдарға сүйенсек, қазақ зиялыларының қарама-қайшылықты дағдарысын да бағамдауға болар еді. Бұл жөнінде тарихшылар Х.Әбжанов [4] және Д.Салқынбекпен [5] толық келісуге болады. Ұлттық интеллигенцияның көрнекті өкілдерінің халық алдындағы шынайы ерлігін ешкім жоққа шығара алмайды. Бірақ олар да ет пен сүйектен жаралған жандар. Айтпағымыз, оларды негізсіз дәріптеуге болмайды. Дәлеліміз: 1930 жылдары халқымыздың бас көтерерлері мен зиялылардың бірқатары өздерін сәйкесінше лайықты ұстай білген жоқ. **Ең бастысы – 1925 жылы «қазақты қазақ басқара алмайды» деп, орталықтан республиканы басқаруға «басшы» шақыртқан да – ұлттық интеллигенцияның өкілдері. «Содан кейін екі жарым айдан кейін Сталин Голощекинді Қазақстанға жіберді емес пе?» [6].** Сондықтан, 1930 жылдардағы ұлттық қасіретті Қазан төңкерісіне бір жақты тұрпайы

аудару салу дұрыс емес деп білеміз. Ол ол ма қазақ үкіметі басшыларының бірі Ұ.Құлымбетов «... *біз қажет болса, революция үшін барлық қазақ халқын құрбанға шалуға даярмыз*», – деп баяндама жасаған. Бұған қосарымыз – биліктің мұндай екіжүзділігі сол уақытта көрші республикалардың бірде-біреуінде байқалмайды... Бұдан «оларда қуғын-сүргін мүлде болмады» деген қорытынды шықпауы тиіс. Мәселе, оның жаппай бұқаралық сипат алуы және биліктің азғындау дәрежесінде болып отыр. Мұны кезінде қазақтың тұңғыш эмигранты М.Шоқай да атап көрсеткен еді [7].

Түйіндей келгенде, ХХ ғасырдың басындағы орыс революциялары тақырыбын оқытудың теориялық және әдістемелік мәселелерін бір шағын мақаланың төңірегінде толық қамту мүмкін емес. Бірақ біздің міндетіміз – Қазан төңкерісі мен одан кейінгі кеңес жылдарындағы қасіретті оқиғаларды бір оқиға тізбегінде алудың әдістемелік жағынан дұрыс емес екендігіне назар аудару. Қазан төңкерісінің нәтижесінде қазіргі мемлекеттік шекарамыздың белгіленгенін, номиналды болса да Алашорда үкіметінен кейін кеңестік аяда қазақ мемлекеттілігінің «қалпына келтірілгені» де тарихи шындық [8].

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются теоретико-методологические проблемы изучения темы «Русские революции в первый четверти XX века и его всемирное значение». Отмечаются, что события тех лет является очень сложным, порою противоречивым общественно-политическим явлением, поэтому однозначная оценка тех событий является неуместным, что проявляется в некоторых исследовательских работах в последнего времени.

In this article, theoretical and methodological problems are studied in the study of the topic «Russian revolutions in the first quarter of the XX century and its worldwide significance». It is noted that the events of those years are a very complex, sometimes contradictory socio-political phenomenon, so an unambiguous assessment of those events is inappropriate, which is evident in some recent research papers.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Цоголов Г. Рапира и заветы Ильича. Кем был вожь Октябрья // Литературная газета №№ 39, 40. 2017 г.
2. Минц И.И. «История Великого Октября» [1] (тт. 1–3, М: 1967–1973; 2-е изд. 1977–1980).
3. Сүлейменов О. Собрание сочинений в 7 томах (8 книг), изд. «Атамұра», Семей, 2004.
4. Әбжанов Х. Ұлт зиялысы мен зиялылық: тарихи негіздер // Егемен Қазақстан. – 26.07.2007 ж.
5. Салқынбек Д. Қазақстан және Голощекин // Отан тарихы. - 2012. - № 1. 65-73-б.
6. Қойгелді М. Саяси элита сатқын болғанын мойындайтын кез келді // Дәт. 2017ж. №778. 9-б.; бұл да сонда. Жұртбай Т. Қазақты - қазақ басқара алмайды деген кімдер еді?
7. Шоқай М. Кеңестердің қол астындағы Түркістан. Кез-келген басылымы.
8. Сапарғалиев Ғ. Мемлекетті сыйлау Конституцияны сыйлаудан басталады. // «Ана тілі» газеті, 28 тамыз 2009 ж.

КӘСІБИ ШЕБЕР ҰСТАЗ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында туған жердің тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне деген махаббат, адамгершілік борыш, қазақстандықтардың сезімін шынайы патриотизм ретінде қалыптастыру – біздің басты мақсатымыз. Осы мақсатты жүзеге асыруда жанұясында 5 перзенттің анасы, облыс көлеміне танымал білікті ұстаз болған Роза Лаханқызы отағасы Бөбеев (Бубеев) Ержан екеуі қазақ халқының салт-дәстүрін, өнері мен тарихын насихаттап, ел құрметіне бөленіп жүрген жандар.

Абайдың 18-қара сөзіндегі «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерімен озады...», – деген ғибраты есіме жиі түседі. Оған себеп – өзім қадірлеп, үлгі тұтатын, қоғамда ерекше орны бар алдыңғы буын әріптестерімнің өнегелі өмірі мен еңбекқорлығы. Солардың ішінде шоқ жұлдызы биіктен көрінетін, ұстаздық еңбек жолында тәуелсіз елдің іргетасын қалайтын білімді, білікті жастарға білім мен тәрбие беруде сүбелі еңбек қосқан жоғары санатты ұстаз, бүгінде зейнеткер Роза Лаханқызының орны ерекше.

Бөбеева Роза Лаханқызы 1956 жылы 5 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданының Ақтас елді мекенінде дүниеге келді. Мектепті үздік бітірген ол 1980 жылы Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетін тәмамдап, бүкіл ғұмырын жас ұрпақты тәрбиелеуге жұмсады. 1987 жылы Бәйдібек атындағы мектепте (бұрынғы Қызыл Октябрь) тарихи өлкетану мұражайын ұйымдастырып, көненің көзі болған құнды жәдігерлерді жинастырған күннен бастап Роза апайымыз әрбір тарих сабағын өлке материалдарымен байланыстыра отырып мұражайда сабақ өтуді дәстүрге айналдырды. Осылайша Роза апайымыз ұзақ жылдар бойы тарих сабақтары арқылы оқушылардың рухани мәдениетін дамытуда сирек кездесетін құнды жәдігерлерді жинақтап, мектепте мұражай ашуға зор үлес қосты. Осы тұста мектеп мұражайының архивіндегі **1987 жылы 23 желтоқсанда жазылған ұстаз Роза Тұрдалиеваның жыр-шумақтарына жүгінгенім дұрыс болар:**

*Ескерткіш боп уақытқа орнатылған,
Салтанатпен ашылды музей бүгін.
Әр жәдігер сөйлейді онда тұрған,
Жайып салып алдыңа ғасыр сырын.
Керуені тоқтамас тарих көшінің,
Ұмытпаймыз бабалардың істері мен есімін.
Сол үшін де ашты бүгін, ашты бүгін айқара,
Мектебімізде жаңа мұражай есігін.
Елеусіз қалдырмастан ел мұрасын,
Жинап-теріп іздейсің, шарқ ұрасың.
Жиналған қазынаға жанашыр болып,
Бөбеева Роза апай сен тұрасың!*

Қашан да жаңалықтың жаршысы болып жүретін Роза апай 1991 жылы «Жыл жетекшісі» атты облыстық мұғалімдер байқауында жүлдегер

атанып, жоғары санатты мұғалімдер қатарына қосылды. 1992 жылы облыстық оқушылардың пән олимпиадасына екі бірдей шәкірті (Сұлтанов Ерлан мен Ермекбаева Айман) қатысып, Қазақстан тарихы және құқық негіздері пәндері бойынша жүлделі III орынға ие болып, ұстазының мерейін үстем етті. Өскелең ұрпақты отансүйгіштік сезімге, ұлтжандылық рухқа тәрбиелеуде Роза Лаханқызының республикалық, облыстық, қалалық семинарлар мен конференцияларда жасаған баяндамалары, мақалалары да аз емес. Ұлағатты ұстаздың «Ұлттық мұрамыз ғасырлар тоғысында» атты педагогикалық іс-тәжірибесі облыс көлемінде таратылса, қоғамдық іс-шараларға белсене араласуы мен еліміздің жас ұрпақтарына білім мен тәрбие берудегі қосқан үлесі жоғары бағаланып, марапатқа ие болып отырды.

Отбасылық жағдаймен Шымкент қаласына қоныс аударған Роза Лаханқызы ұстаздық жолын Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, М.Мәметова атындағы №35 жалпы орта мектебінде жалғастырды. Пән мұғалімі ретінде оқу материалдарын өлкетану мұражайымен сабақтастыра өтуде осы мектеп қабырғасынан тағы бір мұражай ашып, құнды жәдігерлердің сырын ашуда бабалар өсиеті мен мұраларын ғасырлар қойнауынан тіл бітіртіп өскелең ұрпақтың бойында туған жерге деген сүйіспеншілігін оятып, рухани құндылықтарымызды сақтау мен қас-терлеуге өз үлесін қоса білді.

М.Мәметова атындағы №35 жалпы орта мектептің тарих-география пәндерінің әдістемелік бірлестігінің беделді, кәсіби ұстазы болған Роза апай осы мектептен зейнеткерлікке шықты. Бүгінде зейнеткерлікте жүрсе де немерелерін жетектеп, қоғамдық іс-шараларға қатысуды дәстүрге айналдырған. Қазақстан Республикасының 25 жылдығына орай өткізілген облыстық «Кітап және отбасы» байқауына қатысып, жүлделі II Дәрежелі дипломмен марапатталып, мерейі артып отыр.

Қысқасы, өскелең ұрпақ тәрбиесінде Роза Лаханқызының алар орны ерекше. Ұлағатты ұстаз, мектепте мұражай ашу жұмыстарының бастамашы болған Роза Лаханқызына әрқашанда деніңіз сау болып, абырой-беделіңіз арта берсін деген тілек білдіргім келеді.

Бактыгүл МАТЕКОВА,
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Шымкент қаласы «Өрлеу» БАҰО АҚФ ОҚО
бойынша ПҚБАИ-ның аға оқытушысы.

ХІҮ-ХҮІ ғғ. НОҒАЙ ОРДАСЫ ЖӘНЕ БАТЫС СІБІР

Бибігүл ЖҰМАҒАЗЫ,
С.Сейфуллин атындағы №165 орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Мақсаты. Білімділік: оқушыларға өлке жерінде құрылған Ноғай Ордасы және Батыс Сібір аймағындағы құрылған мемлекеттердің тарихы туралы айту. **Дамытушылық:** оқушының ой еркіндігін ояту, шығармашылық белсенділігін дамыта түсу. **Тәрбиелік:** оқушыларға өлке тарихын жүйелі оқып, тарихи құндылықтарды меңгеруге баулу.

Сабақтың түрі: сыни тұрғыдан ойлау технологиясына негізделген.

Типі: аралас типті.

Әдістері: мағынаны тану. Кестемен жұмыс. Сұрақ қоя ой бөлісу. Топпен жұмыс. Қызығушылықты ояту. Сипаттама беру. Инсерт.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, сызба, хронологиялық кесте, тақырыптық кесте.

Қосымша әдебиет: Шың кітабы, «Едіге» Е.Мағауин.

Пәнаралық байланыс: Дүние жүзі тарихы, әдебиет.

Сабақтың барысы: I Ұйымдастыру кезеңі.

II Үй тапсырмасын сұрау.

III Жаңа сабақ мазмұны.

IV Сабақты бекіту.

V Үйге тапсырма. Үй тапсырмасы бойынша оқушылардың қызығушылығын ояту.

3-топтың тапсырмасы.

1. Өмір Темірдің Алтын Ордаға жорықтары.
 2. Темірдің Моғолстанға шабуылы қалай өрбіді?
 3. Ө.Темір жорықтарының зардабы қандай болды?
- Үй тапсырмасын бекіту.** Сәйкестендіру тест.

Жылдар	Оқиғалар
1.1336	Тоқтамыстың Сауранда жеңілуі
2.1376	Ақ Орда Темірге елші жіберді
3.1377	Тоқтамыс Ақ Орданың билеушісі
4.1380	Өмір Темірдің туған жылы
5.1374	Ұрұс хан дүние салған жыл
6.1375	Темір Мәлік Тоқтамысты жеңді
7.1380	Өмір Темірдің Тоқтамысқа шешуші соққы беруі
8.1395	Ақ Орда мен Моғолстанның одақ болуы жүзеге аспады.

Жаңа тақырып. Қазақстанның солтүстік-батысы, Еділ мен Жайық арасы.

- Мемлекетті құрған Ноғай.

- Іргесін орнықтырған Едіге мен Нұраддин.

- Екінші аты маңғыт жұрты.

Ноғай. Ордасы.

- Едіге 15 жыл басқарды.

-Ресей мемлекетінің көршілерді жаулауы әсер етті.

-Ноғай Ордасы ыдырап, бірнеше иеліктерге бөлініп кетті.

-Кейбір бөліктері кіші жүзге, басқалары Кавказ, Түркия.

-және башқұрттарға қосылып кетті.

Мағынаны ажырату: 1.Ноғай Ордасының аумағы, қоғамдық құрылысы. **1-топ.**

2.Ноғай Ордасының ыдырауы.

3.Солтүстік Қазақстан және Батыс Сібір.

Не білеміз	Не білдік	Не білгіміз келеді

Ой толғау: Сипаттама бер

1-топ. Ноғай – **2-топ.** Едіге – **3-топ.** Ибақ –

Бекіту: Сұрақ қоя ой бөлісу.

1. Ноғай Ордасының құрылуына әсер еткен жағдай?

2. Ноғайлықтар қандай аймақтарда көшіп жүрді?

3. Алтын орда дәуірінде Сарайшық қаласы қай елдермен байланыс орнатты?

4.Ноғай Ордасы ыдырауына не әсер етті?

5.Едігенің қандай рөлі болды?

6.XY ғасырда Батыс Сібірді басып алған кім?

Үйге тапсырма: Мәнжазба. «Едіге» жырын оқу. Интернетпен жұмыс.

Бағалау.

Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті.

КӘСІБИ ҚОҒАМДАСТЫҒЫҢЫЗДЫ ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ тарихы”, “Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, журналдарында «Кәсіби қоғамдастық сөз алады» айдарымен әр кәсіби қоғамдастықтың іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр қоғамдастықтан ең кемі 5 мұғалім 2018 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық қоғамдастықтың мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) қоғамдастықтың құрылғаннан бергі жетістіктері туралы 0,5-1 беттік мәлімет, 4) қанша адам

жазылса, сонша мұғалімнің 2-2,5 беттен аспайтын шағын мақала не сабақ әзірлемесін, 5) осы қоғамдастықтың ең үздік ұстазының іс-тәжірибесін «Танысыңыз: озат ұстаз, озық тәжірибе» айдарына жетістіктері (өзі не шәкірті кемінде облыс, не қала жүздегері болсын) туралы шағын мәліметпен жіберуі тиіс. 5-шартқа сай мұғалім болмаса, орындау міндетті емес.

Редакция алқасы.

САҚТАР

Мөлдір ЖҰМАШЕВА,

Жаңақала жалпы орта білім беретін мектебінің тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты: Қазақ халқының ата-тегі болған тайпалар мен ұлыстар туралы айта отырып, Орта Азияны мекендеген сақ тайпаларының шығу тегі туралы баяндау. **Білімділік:** Сақ топтары және олардың мекендеген жерлері туралы толық түсінік бере отырып, сақ қоғамындағы басқару ісі, қоғамдық құрылысының ерекшелігі туралы білім беру. **Дамытушылық:** Оқушыларды өз бетімен картамен жұмыс істеуге үйрету, ой қорыта білу қабілеттерін дамыту. **Тәрбиелік:** Сақтарды ер жүрек ретінде сипаттай отырып, оқушыларды отаншылдыққа, ерлікке, батырлыққа үйрету.

Оқыту технологиясы: Сын тұрғысынан ойлау.

Сабақтың типі: жаңа білімді өз бетімен игерту.

Сабақтың түрі: аралас.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, әңгімелеу, топтастыру, жұптастыру, сұрақ-жауап, картамен, суретпен жұмыс.

Пәнаралық байланыс: Дүние жүзі тарихы, әдебиет.

Әдістері: Іздендіру әдісі, зерттеу әдісі, синтездеу, проблемалық түсіндіру әдісі, сыни ойлау әдісі, қорыту.

Күтілетін нәтиже:

- оқушылар өз бетімен жұмыс істей алу дағдыларын қалыптастырады.

- алған білімін жүйелей алады.

- оқушының ізденіс нәтижесі анықталады.

- өз ойын, пікірін ашық айта алады;

Көрнекіліктер: карта, оқулық, дәптер, слайдта жасалған тірек сызбалар, сақтар туралы суреттер.

Сабақ барысы. I Ұйымдастыру кезеңі:

1) оқушыларды түгендеу.

2) оқушылардың назарын сабаққа аудару.

3) топтарға бөлу (2 топ).

II Үй тапсырмасын сұрау: «Ой қозғау».

1.Тарихтың атасы кім? (Геродот).

2. Сақтардың өмірінде қай түлік маңызды орын алды? (қой, ешкі).

3. Сақтар қандай баспаналарда тұрған? (киіз үй, қыста ағаш үй).

4. Сақтардың қосымша кәсібі? (балық аулау).

5. Сақтардың қазандары мен құрбандық табақтары қай өңірлерден табылды? (Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Іле аңғары, Ыстықкөл маңы).

6. Сақтар қоғамы неше топқа бөлінеді? (жауынгерлер, абыздар, малшылар мен егіншілер).

7. Геродот сақтарды қалай атаған? (құдіретті еркектер).

8. Суару каналдарының іздері табылған қоныс? (Шірік-Рабат).

9. Сақтардың діни нанымдары мен ғұрыптарының негізгі бағыты? (ата-баба аруағына сиыну).

10. Сақтардың қыш ыдыстары қай қорғаннан табылды? («Есік» қорғанынан).

III Жаңа сабақ жоспары:

1. Сақтардың мекендеген жері, сақ қоғамы.

2. Сақтардың тұрмысы мен шаруашылығы.

3. Сақтардың тәуелсіздік үшін күресі.

4. Сақтардың мәдениеті.

5. Қорытынды тест.

6. Бағалау.

Картамен жұмыс: Сақтардың мекендеген жерлерін көрсету. Сақ тайпаларының қоныстануы.

Шошақ бөрікті сақтар (тиграхауда).

- Жетісуда, Тянь-Шань тауларында, Сырдария өзенінің орта ағысында тұрды.

- Тиграхауда сақтары осы күнгі Ташкент қаласы аумағында, Солтүстік Қырғызстан, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу жерінде өмір сүрген.

Сақ-парадарайа тайпалары:

- Қара теңіздің солтүстігі, Арал теңізінің бойы мен Сырдарияның төменгі ағысын мекен еткен (теңіздің арғы жағындағы сақтар деген).

Сақ – хаумаварга.

- Мұндай атау оларға хаома сусынына байланысты берілген.

- Мұрғаб аңғарында өмір сүрді (Түркіменстан).

Дәптермен жұмыс: Оқушылар сақтарды басқаша қалай атағанын және қай жерде мекендегенін айтып береді. Шошақ бөрік киіп жүретін сақтар (тиграхауда).

-----Сырдарияның орта ағысы, Тянь-Шань, Жетісу.

Теңіздің арғы жағындағы сақтар (Парадарайа) ---

----Қара теңіздің солтүстігі, Арал теңізінің маңы,

Сырдария мен Амударияның төменгі ағысы. Хаома

сусынын дайындайтын сақтар (Хаумаварга)-----

Мұрғаб аңғары.

Деректерде

Қалай атады?

Ирандықтарда	Сақтар
Еуропада	Скифтер
Грек деректерінде	Дарийлер, массагеттер, иссе-дондар, т.б.
Парсы деректерінде	Хаомоварга, тиграхауда, парадарайа

Сақ қоғамы. Ерте темір дәуірінде мүлік теңсіздігі орнықты. Мұны археологиялық қазбалар мен жазба деректер дәлелдейді. Сақ патшалары құдіретті билеушілерге айналды. Олар соғыс пен бейбітшілік мәселелерін шешті, келісімдер жасасты, елшілер тағайындап, әскерді басқарды. Патша билігін баласына мұрагерлікке қалдырып отырды.

Халықтың басым көпшілігін қатардағы қауымдастар - малшылар құрады. Халық жиналысының, яғни тайпаның барлық ересек ер адамдары жиылысының рөлі күшті еді, ол көсемдерге де ықпал жасады. Тайпа мүшелері өз жиналыстарында тайпа көсемін сайлады. Тайпа көсемі бас қолбасшылық қызметін де атқарып, тайпалар мен рулардың арасындағы даулы мәселелерді шешті, қақтығыстарды реттеп отырды.

Жауын-герлер	ежелгі үнді-ирандық тілінде «ратайштар», яғни «арбада тұрғандар»	қызыл және сары-қызыл
Абыздар	танымал белгісі болып тостаған мен айрықша бас киімдері саналды	Ақ
Малшы-лар мен егіншілер	«сегізаяқты» деп аталған, соқаға жегетін екі өгізі барлар дегенді білдіреді.	сары мен көк түсті киімдер киген.

Сақ қоғамында өмір сүрген тайпалар.

Ү Жаңа сабақты бекіту. 1. Тақырыптық тест:

1.Қазақстанда ең алғашқы пайда болған тайпалық одақтар қалай аталады?

А) Ғұндар

В) Үйсіндер

С) Қаңлылар

Д) Сақтар Е) Түркілер.
2. Мына тайпалардың қайсысы «Азиялық скифтер» атына ие болды?

А) Қаңлылар В) Сақтар С) Моңғолдар

Д) Түріктер Е) Үйсіндер.

3. Иран жазбалары сақтарды:

А) «Дала скифтері» В) «Азиялық скифтер»

С) «Күймелер» Д) «Көшпелілер» Е) «Жүйрік атты турлар» деп атайды.

I топ. Тайпа көсемі атқарған қызметтері:

1.....

2.....

3.....

4.....

5.....

II топ. «Сақтар» туралы жазған авторларды кестеге түсіру.

Қорытынды: Скиф – сақтар Шығыс Еуропа, Батыс және Орталық Азия кеңістігінде тараған, жарқын мәдениетті туғызды. Сонымен қатар сақтар заманында әлемдік өркениетке өзіндік үлесін қоса білген жауынгер де, батыр халық болған. Гректер сақтарды аса жоғары құрметтеп, оларды әлемдегі ең әділ, ең шыншыл халық деп есептеген.

V Үйге тапсырма: 1. параграфты оқу.

2. Ойтолғаныс жазу.

«Сақ әйелдерінің қоғамдағы рөлі».

VI Бағалау кезеңі: Бағалау кестесі.

Р/С	Оқушының аты-жөні	Үй тапсырмасы бойынша	Талқылауға қатысуы	Топ жұмысына араласуы, қатысуы	Тақырыпқа байланысты ой қозғауы немесе мазмұндауы	Жалпы әрекетін бағалау.
1						
2						
3						
4						
5						

VII Көрі әсер парағы.

1.Бүгін мен не үйрендім? 2.Маған не ұнады?


3. Жаңа сабақ бойынша сұрақ немесе пікірің...

Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы.

XI-XV ҒАСЫРЛАРДА ҚҰРЫЛҒАН МЕМЛЕКЕТТЕР

Айымкүл ҚАСЫМБЕКОВА,

Ө.Жәнібеков атындағы №4 лицей-интернатының тарих пәні мұғалімі

Сабақтың тақырыбы	XIV ғ. 2-ші ширегі мен XV ғ. бірінші жартысындағы Қазақстан аумағындағы жеке хандықтардың даму ерекшіліктері.		
Осы сабақтағы оқу мақсаттары	Тапсырмалар бойынша атқарушы ұғымын меңгерте отырып тапсырмаларды орындауда машықтандыру және тақырып ұғымын, түрлерін ажыратуға дағдыландыру.		
Бағалау критерийлері	XIV ғ. 2-ші ширегі мен XV ғ. бірінші жартысындағы Қазақстан аумағындағы жеке хандықтардың даму ерекшіліктерін сипаттайды. Қазақстан аумағындағы жеке хандықтардың даму ерекшіліктерін талқылап, талдау жасайды. Тақырыптық дәйектер мен дәлелдерге баға береді.		
Тілдік мақсаттар	1.Оқылым, жазылым: Тақырыппен танысып «Фишбоун» әдісімен жұмыс жасау. 2. Тыңдалым. 3. Айтылым: «Өрмекші торы» әдісі арқылы сұрақтарға жауап беру.		
Құндылықтарды дарыту	«Мәңгілік ел». Тарих мәдениеті және тілдің біртұтастығы. Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіл әлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.		
Пәнаралық байланыс	География.		
Бастапқы білім	Моңғол ұлыстары билігі дәуіріндегі Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің саяси дамуының ерекшіліктері.		
Сабақтың барысы			
Сабақтың кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекеті.		Ресурстар
Сабақтың басы 10 мин.	I Ұйымдастыру кезеңі. Топқа бөлу (сурет қиындылары, Елтаңба, Ту, Бейтерек). II «Суреттер сөйлейді» (Үй тапсырмасын сұрау).		Суреттер
   			

Сабақтың ортасы. Қызығушылықты ояту кезеңі. Топтық жұмыс 20 мин	Сіздерге мынадай кілт сөздерді ұсынамын, осы сөздерге сүйене отырып, бүгінгі өтетін тақырыпқа болжам жасап көрелік (оқушылар өз болжамдарын айтады): Сығанақ. Алмалық. Сарайшық. Сырдария. Арал. Сонымен бүгінгі өтетін жаңа тақырыптың аты өздеріңіз айтып отырғандай «XIV ғасырдың екінші ширегі мен XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан аумағындағы жеке хандықтардың даму ерекшеліктері». 1-топ. Ақорда Тапсырма. «Топтық зерттеу» стратегиясы. 2-топ. Талдау талқылау әдісі, Моғолстан, Ноғай ордасы, Әбілхайыр хан мемлекеті. 3-топ. «Ғалым этнологтар» XIV – XV ғасырлардағы мемлекеттердің құрылымындағы Моғол дәстүрлерінің әсері, дәйек дәлел. 2-тапсырма. «Шындық па, жалған ба?» әдісі. Ақорда қазіргі Өзбекстан жерінде құрылды? Шыңғыс ханды «Қыпшақ хандарының әулеті» деп атайды? Ақорда Ежен қайтыс болған соң Ақорда тағына Жошы хан отырады? Ақорданың алғашқы ханы Бату болды? Билікке Шыңғыс хан әулеті өкілдері келген соң Қазақ қоғамының үлкен өзгеріске ұшырады? Моғолстандағы түркі тайпаларының бірі дулаттар болды? Мауреннахрды барлас тайпасынан шыққан Әмір Темір биледі? Моғолстанның астанасы Алмалықта орналасты? XVI ғасыр Шағатай ұлысы Батыс және Шығыс бөліктерге бөлінді? Шығыс бөлігі Моғолстан, батыс бөлігі Мауреннахр деп аталды? 3 тапсырма. «Венн» диаграммасы. XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың бірінші жартысында Қазақстан аумағында өмір сүрген мемлекеттердің ортақ белгілері.	Плакат АКТ
Жеке жұмыс	Кері байланыс. «Білім ағашы». Бағалау. Үйге тапсырма: XIV ғ. 2-ші ширегі мен XV ғ. бірінші жартысындағы Қазақстан аумағындағы жеке хандықтардың даму ерекшеліктерінен тест құрау.	Стикер АКТ

Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы.

1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАЛАРЫ

Ақылхан ХАМИТҚОЖАЕВА,
Дарын мектеп-интернатының тарих пәні мұғалімі

Пәні:	Қазақстан тарихы.			
Жалпы мақсат:	Желтоқсан оқиғасының себеп, салдары, сипаты, қозғаушы күштері мен тарихи маңызы туралы түсініктерін кеңейту, әкімшіл-әміршіл жүйенің іріп-шіріп бара жатқан принциптерімен таныстыру.			
Нәтижесі:	Әр оқушының өзіндік қиялына еркіндік беріледі, өзінше ой түйе біледі, шығармашылық жұмыстар арқылы таным-түсініктері дамиды, себептерін ашады, ерекшеліктерін көрсетеді, салыстырады, айқындай біледі.			
Көрнекілігі:	АКТ, оқулық, карта, дескриптор, тың деректер, анықтама сөздер, қосымша газет, журнал қиындылары.			
Әдіс-тәсіл:	«Болжау», ой қозғау, фишбоун, КУБ әдісі, Kahoot. it.(бағдарламасы бойынша тест алу), анықтама сөздік, дескриптор арқылы өзін-өзі бағалау, кері байланыс.			
Түрі:	Жаңа білімді меңгерту.			
Пәнаралық байланыс:	География, саясаттану, математика, қазақ әдебиеті.			
Жаңа сабақ:	Ұйымдастыру кезеңі: Сынып оқушыларын түгендеу, оқушылардың назарын сабаққа аудару. Сыныптың оқушыларын шағын топтарға бөліп отырғызу. Оқушыларды сыныпқа кірулері бойынша 1, 2, 3, 4 реттік сандар арқылы топқа бөлінеді, топ жетекшісі топтағы оқушыларды бақылайды. «Дүкенге бару» сергіту сәті.			
Күтілетін нәтиже:	Желтоқсан оқиғасының себебі, сипаты, барысы, тарихи маңызымен танысады; Желтоқсан оқиғасы жөнінде толық мағлұмат алады; Қойылған сұрақтарға еркін жауап бере алады.			
БЛУМ жүйесі бойынша жіктеу	Мақсат	Тапсырма түрлері	Білім алушылардың іс-әрекеті	Уақыты

1. Білім	Жаңа ақпаратты ұғу, есте сақтау, білгенін еске түсіру.	Қызығушылығын ояту: 3, 18, 21, 25 деген сандар әр топқа беріледі (сыйқырлы сандардың сырын ашу). «Болжау» әдісі бойынша (әр топтағы сандарды байланыстыра отырып, сол оқиғаны айту) сабаққа мақсат қою ұсынылады.	1-топ. 3 (3 мәрте Социалистік еңбек ері атанған Д.А.Қонаев). 2-топ. 18 (пленум 18 минутқа созылды. Желтоқсан оқиғасы). 3-топ. 21 (Қ.Рысқұлбеков 21 жаста еді). 4-топ. 26 (Тәуелсіздігімізге 26 жыл толды) (сандарды орыс, ағылшын тіліне аудару). Желтоқсан оқиғасының шоқтығы биік деп ойлайсыздар ма? Тапсырманы тыңдайды, қабылдайды, еске түсіреді, ойланады.	2 мин (таймер)
2. Кіріспе (түсіну).	Өтіліп отырған жаңа тақырыпты түсіну, болжау.	Ой қозғау: Мағынаны таныту: (топтық тапсырма беріледі). №1 тапсырма. «ЖИГСО» стратегиясы бойынша оқушылар №1 №2 №3 №4-ке санап мәтінді бөліп алады да, мәтіннің ішінен тірек сөздерді, тақырыптың ең негізгісін бөліп алып, жұмысқа барады., №1 №1 №1 №1...жұмыс тобында соны талқылайды содан кейін. Жұмыстан қайта үйге келіп, жұмыстағы жаңалықтарды айтады №1 №2 №3 №4.	Фишбоум 1-топ. Желтоқсан оқиғасының себептерін. 2-топ. Фактілермен жауап. 3-топ. Қорытындылайды. 4-топ. Тарихи маңызын айтады. Сипаттау (желтоқсан оқиғасы). Дәлелдеу (болған оқиғаны дәлелдейді). Суреттеу (суретін салады). Ол туралы ойланғанда (көздеріне не елестейді). Ойланады, табады, құрастырады, байланыс табады.	1 мин (таймер)
3. Қолдану	Түсінгенін тәжірибеде пайдалану.	№2-тапсырма. Фишбоум әдісі бойынша. №3-тапсырма. КУБ әдісі. Шешім қабылдайды, түсінгенін айтады, бір күйден екінші күйге ауысады, жазады. Өзін бұрыннан білетін ақпараттарды іске қосады, соңғы нәтижеге жету үшін проблеманы шешеді.	Дәптермен жұмыс (тыңдайды керек жерлерді жазып алады).	10 мин (таймер)
4. Анализ (талдау)	Алған білімін салыстыру, нені есте сақтау керек екенін түсіну, ең мәндісін білу.	№2-тапсырма. Фишбоум әдісі бойынша. №3-тапсырма. КУБ әдісі. Шешім қабылдайды, түсінгенін айтады, бір күйден екінші күйге ауысады, жазады. Өзін бұрыннан білетін ақпараттарды іске қосады, соңғы нәтижеге жету үшін проблеманы шешеді.	Өзара бағалау (парағы арқылы бағалайды). Желтоқсан оқиғасының шоқтығы биік деп ойлайсыздар ма?	6 мин (таймер)
5. Синтез (жинақтау)	Жеке бөлшектерді қайта жасау, сол арқылы ауызша немесе жазбаша шығармашылық жұмыс жүргізу. Алған білімін пайдалануға болатынын түсіну, оның құндылығын керектігін түсіну.	№2-тапсырма. Фишбоум әдісі бойынша. №3-тапсырма. КУБ әдісі. Шешім қабылдайды, түсінгенін айтады, бір күйден екінші күйге ауысады, жазады. Өзін бұрыннан білетін ақпараттарды іске қосады, соңғы нәтижеге жету үшін проблеманы шешеді.		12 мин (таймер)
6. Бағалау.		№2-тапсырма. Фишбоум әдісі бойынша. №3-тапсырма. КУБ әдісі. Шешім қабылдайды, түсінгенін айтады, бір күйден екінші күйге ауысады, жазады. Өзін бұрыннан білетін ақпараттарды іске қосады, соңғы нәтижеге жету үшін проблеманы шешеді.		7 мин (таймер)
Рефлексия	Не сәтті болды? Не сәтсіз болды? Қиындықтар, одан шығатын жолдары?			1 мин (таймер)
Үй тапсырмасы:		Эссе жазу.	«Тәуелсіздік тірегім» атты эссе жазу.	

Тараз қаласы.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТА ЗАҢЫ

(Қазақстан тарихы. 5-сынып)

Гүлшара СЕРІКБАЕВА,
№19 орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Сабақ мақсаты. Білімділік: Оқушыларға Қазақстан Конституциясының қабылдануы, оның маңызы туралы түсінік беру. **Дамытушылық:** Оқылған материалдан ең бастысын ажыратып ала білу, алған білімін нақтылай алу, салыстыра отырып ой қорыта білу. **Тәрбиелік:** Оқушыларды бірлікке, еңбекқорлыққа, елін, жерін құрметтей білуге тәрбиелеу.

Сабақ түрі: дәстүрлі.

Сабақ әдісі: Ауызша баяндау, сұрақ-жауап.

Сабақ көрнекілігі: Суреттер, ҚР рәміздері.

Сабақтың құрал-жабдығы: Қазақстан картасы.

Сабақ барысы: I Ұйымдастыру кезеңі.

Сынып оқушыларын түгелдеу.

II Үй тапсырмасын сұрау, бағалау.

Тақырыбы: Тәуелсіз Қазақстанның Ата Заңы.

1.Қазақстан Конституциясының қабылдануы.

III Өткен сабақты бекіту.

1. ҚР Тұңғыш Конституциясы неліктен өмір сүруін тоқтатты?

2. «Демократия» дегенді қалай түсінесің?

3. Адамның қандай құқықтары бар?

IV Жаңа сабақ. Рәміз белгілер ұғымы.

Дүние жүзінде – 224-ке тарта мемлекет бар.

Оларды бір-бірінен ажыратып және өзіндікбет-бей-несін айқындайтын нышан-белгілері болады.

Оларды – рәміздер дейді.

Рәміздер – Елтаңба, Ту, Әнұран.

Ту және Әнұран шетелде 2 жағдайда көтеріледі:

1.Мемлекет басшысы сапарында.

2.Спорт жеңімпаздарын марапаттағанда.

Геральдика – елтаңбаларды зерттейтін ғылым.

Виксикология – туларды зерттейтін ғылым.

Қазақ елінің рәміз белгілерінің бай тарихы бар.

Ежелгі дүниеде – Ғұн империясының, ерте орта ғасырларда – Түрік, Түркеш, Қарлұқ қағанатының, Керей, Найман мемлекеттерінің өзіне тән байрағы болды.

Алтын Орда мен Ақ Орданың да өз нышан-белгілері болған. 635 жылы Батыс Түрік қағанатының құрылтайында «**Он оқ будун**» аталатын рәміз ұраны қабылданған. Бұл қағанаттың туы «Қош жалау» аталған.

VI-VII ғасырларда көп тараған бұл тулар «Бөрілі байрақ» деп аталған. Қазақтың XVII ғасырдағы ұлы ханы еңсегей бойлы **ер Есімнің туы қызыл** екен. Бұл ту Алтын Орда билеушісі Орыс ханнан қалған. Ол кезде туды соғысқа бірге алып шығатын. Ту ұстауға арнайы батырлар дайындалған. Елдің елдігін, тәуелсіздігін білдіретін қасиетті тулар ұрпақтан ұрпаққа қалдырылып отырған.

Әнұран да қасиетті саналады. XVIII ғасырдағы «Елім-ай» ұзақ жылдар бойы қазақ халқының қаралы әні болды.

Кеңестік дәуірде Қазақстанның рәміз белгілері екі рет бекітілді.

Пәні:	Қазақстан тарихы
--------------	------------------

1925 жылы Қазақ АКСР-інің елтаңбасы, ал 1937 жылы Қазақ КСР-інің елтаңбасы қабылданды. 1940 жылы елтаңбадағы жазу латын әрпінен кириллицаға ауыстырылды.

Елтаңба – әр мемлекеттің негізгі нышандарының бірі. 1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік рәміздер, оның ішінде елтаңбаны қабылдау қажеттілігі туды. Елімізге белгілі суретші, сәулетшілер, дизайнерлер арасында бәйге жарияланды. Бұл елтаңба авторлары – Ш.Уәлиханов пен Ж.Мәлібеков.

Ту – негізгі рәміздердің бірі. Туды қазақтар жалау немесе байрақ деп те атайды. Ту – мемлекетті танытып тұратын басты белгі. Қазақстан Республикасының Туы 1992 жылы маусым айында бекітілді. Бәйге негізінде тудың жобасын сәулетші, суретші Ш.Ниязбеков жасаған.

Тәуелсіз Қазақстанның бірінші Гимні (әнұраны) 1992 жылы желтоқсан айында қабылданды. Ал 2006 жылы қабылданған қазіргі әнұранның сөзінің авторлары – Ж.Нәжімеденов пен Н.Назарбаев. Әнін жазған – Ш.Қалдаяқов.

Ү Жаңа сабақты бекіту. 1. Таңба, рәміз белгілер не үшін қажет?

2. Рәміздердің қатарына не жатады?

3. Қазақстан Республикасының туына, елтаңбасына сипаттама бер.

4. Ту қандай жағдайда көтеріледі?

5. Қандай жағдайда әнұран көтеріледі?

ҮІ Қорытындылау.

ҮІІ Үйге: Тәуелсіз Қазақстанның Ата Заңы.

Қызылорда облысы,

Арал ауданы,

Жаксықылыш кенті.

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Зурахан МЫЛТЫШЕВА,
М.Әуезов атындағы педагогикалық колледждің
әлеуметтік-экономикалық пәндер оқытушысы

Сабақтың типі:		Жаңа білімді қалыптастыру сабағы.
Сабақтың түрі:		Зерттеу, ізденушілік сабағы.
Сабақтың мақсаты:		Қазақ философиясының қалыптасуы, дамуы, ерекшелігі туралы білім негіздерімен қаруландыру.
Сабақтың міндеттері:	Білімділік:	Оқушыларды ғылыми-шығармашылық ізденіске бағыттау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.
	Тәрбиелік:	Білім алушылардың дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасуы, ой қорытындысын жасауы, құндылықты бағалай білуіне жағдай жасау.
	Дамытушылық:	Талдау, салыстыру, ой қорытындысын жасауға дағдыландыру.
	Кәсібилік	Шығармашылық ізденістерін дамыту; интеллектуалды-құзіреттілік дағдыларын дамыту.
Күтілетін нәтиже:	Базалық:	Синкретизм, вербальді – дискурсты ұғымдарының мәнін ашу.
	Кәсіптік:	Іздену барысында тақырып бойынша өз ойын өмірмен байланыстырып, дәйектей алады.
Пәнаралық байланыс:		Ежелгі дәуір әдебиеті, Қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы.
Ресурстар		слайд, жинақ папка, видеотаспалар.
Техникалық құралдар		Интерактивті тақта.
Ақпараттық қор негізгі: (әдебиеттер).		1. Ә.Х.Тұрғынбаев. «Философия», 54-55-бб. 2.Г.Ә.Кактаева. «Философия негіздері», 40-44-бб.

Қосымша: (әдебиеттер)		1.Т.Ғабитов. «Философия», 86-139-бб. 2.А.Боженев. «Основы философии», 123-133-бб. 3.А.Қасабек. Қазақ философиясы, Алматы, 1996 ж. 4.А.Касымжанов, Духовное наследие казахского народа, Алматы, 2002 г.				
Негізгі терминдер мен ұғымдар.		Тәңіршілдік, синкретизм, вербальді – дискурстық сипат, зар заман, билер философиясы, әлеуметтік философия.				
Сабақтың әдістері:		Сабақтың тиімділігін арттыру технологиясы, ой талқы, «миға шабуыл», салыстыру, талдау, ақпарат әдістері.				
Оқу-әдістемелік кешен		Пәнге арналған ОӘК.				
Сабақтың кезеңдері	Мақсаты	Оқу материалының мазмұны.	Қолданатын әдіс-тәсілдер.	Білім алушының оқу жұмысын ұйымдастыру түрлері.	Оқытушының іс-әрекеті	Білім алушының іс-әрекеті
I Ұйымдастыру кезеңі.	Сабаққа назар аудару.	Амандасу. Сабаққа психологиялық даярлық.	Сұрақ жауап. Талап қою.	Жаппай, фронтальды.	Оқу құжаттары мен жұмыс.	Сабаққа дайындалу.
II Білімді өзекті-лендіру	Жағымды атмосфера туғызу.	Ой толғау, мәнін талдау.	Талдау	Жеке	сұрау	Ауызша жауап.
III Мақсат қою.	Оқушының назарын сабаққа аудару.	Мақсатты білім алушылар алдына қою.	Түсіндіру	Жаппай	Ауызша баяндау	тыңдау
IV Жаңа тақырыпты игерту	Ақпарат беру.	Қазақ философиясының қалыптасуы, кезеңдері, ерекшелігі.	Түсіндіру, презентациялау, бейне жазба, пікір алмасу, ой талқы.	Жеке, жаппай.	Аудио, бейне материалдар арқылы ауызша түсіндіру.	Тыңдау, талдау, пікір алмасу.
V Білімді бекіту	Алған білімдерін жинақтау	Қазақ философиясының ерекшеліктерін анықтау.	Сұрақ жауап, салыстыру	Жаппай фронтальды сұрау	Сұрақ - жауап	Жауап беру
VI Оқу материалы мен жұмыс	Теориялық білімде - рін нақтылау	Ұжымдық және жеке жұмыс	Анализ, синтез	Жаппай фронтальды сұрау	Сұрау	Тақырып бойынша философиялық диктант
VII Бекіту кезеңі	Білімді нақты қорыту	Дүниежүзілік философия мен қазақ философиясының қалыптасуына салыстырмалы талдау жасаңыз	«Миға шабуыл» әдісі бойынша	Жаппай фронтальды	Сұрау	Ауызша жауап
VIII Білім дағдыларының қалыптасуын бақылап бағалау.	Ынталан - дыру, еңбегін бағалау	Баға қою. Өзара бағалау	Бағалау	Оқу журналына баға қою	Баға қою	Пікірлерін білдіру
IX Қорытынды лау.	Білім алушылар білімін жинақтау	Тақырып бойынша қорытынды жасау	Өңгімелесу	Тезистеу (дәптерге жазу)	Жалпы қорытынды лау	Ой қорытындысын жасау.
X Үйге тапсырма	Алған білімдерін жүйелеу.	«Қазақ ойшылдарының дүниетанымы» жеке жұмыс - хабарлама	Түсіндіру	Үйге тапсырма алу	Түсіндіру	Белгілеп алу
XI Рефлексия	Өз-өзіне талдау жасау дағдыларын дамыту.	«БББ»	Фразаны аяқтау	Жаппай фронтальды	Білім алушылар ойын жинақтау	Пікір білдіру

Семей қаласы.